ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ

ФИЛОСОФИЯ, САЯСАТТАНУ
ЖӘНЕ ДІНТАНУ ИНСТИТУТЫ

Әбдімәлік Нысанбаев

ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНЫҢ РУХАНИ-ҚҰНДЫЛЫҚТЫҚ ӘЛЕМІ

Алматы
2015

ӘОЖ 1/14
КБЖ 87.3
Н 90

ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институтының Ғылыми кеңесі ұсынған

«Қазақтардың рухани әлемі: әл-Фарабиден Абайға дейін» атты жоба ауқымында шығарылды (2014–2016 жж.)

ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі, әлеуметтану ғылымдарының докторы, профессор ***З.К. Шәукенова*** және философия ғылымдарының докторы, профессор ***С.Е. Нұрмұратовтың*** жалпы редакциясымен

Рецензенттер:
Т.Х. Ғабитов, философия ғылымдарының докторы, профессор
М.З. Изотов, философия ғылымдарының докторы, профессор
Қ.Ұ. Әлжан, философия ғылымдарының кандидаты, доцент

Н 90 Нысанбаев Ә.
Қазақстан халқының рухани-құндылықтық әлемі // З.К. Шәукенова және С.Е. Нұрмұратовтың жалпы редакциясымен . – Алматы: ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, 2015. – 178 б.

ISBN – 978-601-304-044-8

Бұл кітапта кезінде қазақ және орыс тілдерінде академик Ә. Нысанбаевтың тәуелсіздік жылдары жариялаған маңызды деген мақалалары мен интервьюлері беріліп отыр.

Мұнда қазіргі қазақстандық қоғамның құндылықтары, қазақ халқының рухани және құндылықтық әлемінің қалыптасуы талданады. Өзгеруші қоғамдағы ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтардың арақатынасына айрықша мән берілген.

Басылым студенттерге, магистранттарға, докторанттар мен жоғары оқу орны оқытушыларына, жалпы қазіргі көпэтностық қоғамның мәселелері қызықтыратын қауымға арналады.

ӘОЖ 1/14
КБЖ 87.3

ISBN – 978-601-304-044-8

© ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, 2015
© Нысанбаев Ә.Н., 2015

МАЗМҰНЫ

АЛҒЫ СӨЗ..... 4

1. ҚАЗАҚТЫҢ РУХАНИ ӘЛЕМІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ..... 6

1.1 Абайдың әлеуметтік онтологиясы және қазіргі заман..... 6
1.2 Абайдан артық не айтамыз?!..... 16
1.3 Ұлт руханияты мен мәдениеті, игілігі үшін еңбектенген адам өмірден шаршамайды..... 26
1.4 Қазақ зиялыларына ой еркіндігі жетіспейді..... 35
1.5 Еліміздегі адам ресурсы: сан мен сапа..... 42

2. ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ҚАЗАҚТЫҢ РУХАНИ МҰРАСЫ..... 61

2.1 Философиялық мұра және тұлғаның рухани қалыптасуы..... 61
2.2 Халықтың ұлылығы – оның руханиятында……..... 72
2.3 Қазақ философиясы – ел бірлігінің рухани тірегі..... 80
2.4 Тәуелсіздік. Мәдени мұра. Ұлттық ояну..... 93
2.5 Сенім – басты құндылық..... 102

3. ДӘСТҮР, ДЕМОКРАТИЯ, ФИЛОСОФИЯ..... 111

3.1 Қазақ дүниетанымының рухани-құндылықтық бастаулары..... 111
3.2 Білім – әлемдік, тәрбие ұлттық болғанын қалаймын..... 116
3.3 Қазақ философиясының бүгіні мен ертеңі..... 124
3.4 Астана – қазақ елінің өсу тарихы..... 139
3.5 Қазақ халқының ұлы ойшылы..... 149
3.6 Қуатты қайнар..... 159

АКАДЕМИК Ә. НЫСАНБАЕВТЫҢ ЖАРИЯЛАҒАН ЕҢБЕКТЕРІНІҢ ТІЗІМІ..... 167

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің Философия, саясаттану және дінтану институты туралы мәлімет..... 172

Информация об Институте философии, политологии и религиоведения Комитета науки Министерства образования и науки Республики Казахстан..... 174

Information about the Institute for Philosophy, Political Science and Religion Studies of Science Committee of the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan..... 176

АЛҒЫ СӨЗ

Қолдарыңыздағы жарық көріп отырған кітап тәуелсіз Қазақстанның жиырма төрт жылда жүріп өткен жолынан, іске асырылып жатқан жүйелі экономикалық, саясиәлеуметтік, рухани-мәдени реформалардың негізгі динамикасынан сыр шертеді. Кітапты оқи отырып, Қазақстан Республикасы деп аталатын жаңа мемлекеттің өзге елдер жүз жыл бойы шиырлаған даму жолын жиырма төрт жыл ішінде жүріп өткеніне анық көзіміз жетеді.

Осы тәуелсіздіктің жиырма төрт жылы ішінде өзіне тән барлық институттары бар, әлемдік қауымдастықтың ықпалды мүшесі болып табылатын түбірінен жаңа егемен мемлекет құрылды, оның қауіпсіздігі мен тәуелсіздігі қамтамасыз етілді. Конституциялық жолмен мемлекеттік және саяси билік құрылымдарын жедел жаңарту негізінде елдің демократиялық жолмен дамуының берік іргетасы қаланды.

Осы жиырма төрт жыл ішінде жеке адамның, тұлғаның құқықтары мен бостандықтары заңмен қорғалатын, демократиялық институттары мен құндылықтары орныққан ашық қоғам құру үстінде.

Тәуелсіздік жылдары қазақ халқының рухани-құндылықтық әлемі, оның ұлттық санасы мен дүниетанымы жаңарып, өзін-өзі тану, өзін басқаға таныту, өзінің бай ежелден қалыптасқан тарихы мен ұлттық дәстүрлерін ардақтау, қазақ халқының генофонындағы ұлы ойшылдары мен тұлғаларын бүкіл әлемге таныту, бай рухани және мәдени қазынасын әлемдік өркениетпен ұластыру бағытында қыруар шаруалар атқарылды.

Бұл кітапқа еш нәрсе ойдан қосылған жоқ. Қазақстан Республикасы өз тәуелсіздігін жариялаған күннен бүгінге дейінгі жиырма төрт жыл бойғы өзекті оқиғалар, мәселелер

туралы мерзімді баспасөз беттерінде жарияланған автордың интервьюлары мен мақалалары жүйеленіп берілді. Солардағы мәселелердің қойылуының динамикасы еліміздің де рухани тарихын біршама көзге елестететін сияқты.

Сонымен бұл кітапта әл-Фарабиден Абайға дейінгі қазақтардың рухани өмірі туралы қысқаша қызғылықты мәліметтер, қазақ халқының рухани-құндылықтық әлемінің жаңаруы, қазақ дүниетанымының эволюциясы, оның рухани-мәдени бастаулары сөз болады.

Кітап, негізінен, сұхбаттасу, интервью форматына басымырақ мән берілген. Қарапайым баяндаудан гөрі сұрақ-жауап формасы, сұхбаттасу тәсілі ақиқатты іздеудің тиімді жолы болмақ. Сонымен қатар кейбір қажетті деген мәселелерде баяндау логикасы берілді.

Қазақ халқының рухани әлемі сонау ежелгі түркілік кезеңнен Абайға дейінгі дәуірде қалай өзгерді, қалай жаңарды, халықтың даналыққа құштарлығы артты ма, әлде өмірдің материалдық жағы басым болды ма? Тұлғаның рухани әлемін сақтау мен дамыту бойынша қандай үдерістер жүріп жатыр? Әл-Фарабиден Абайға дейінгі қазақтардың рухани өмірінде қандай өзгерістер бар?

Кітап осындай сұрақтарға жауап іздейді, халықтың рухани әлемін сақтау керектігін тұжырымдайды, адамның жауы адам екенін тағы да еске салады. Біздер рухани жаққа көптеп көңіл бөлгеннен ұтылмаймыз. Ұлттық руханиятты одан ары дамыта және нығайта түскен абзал. Руханияты жоғары халықтың болашағы жарқын.

Бұрын «Тәуелсіздік. Демократия. Гуманизм», «Тәуелсіз Қазақстанның құндылықтар әлемі», «Жаһандану және Қазақстанның орнықты дамуы» сияқты еңбектер жарық көрген болатын. Жаңа кітапқа бұрын аталған кітаптарда жарық көрген кейбір мақалалар мен интервьюлар енгізілді. Бірақ олардың саны онша көп емес. Негізгі мақсат қазақ философиясы түркі философиясының құрамдас бөлігі екенін, ұлттық мемлекеттіліктің рухани бастауларын ашып көрсету, сөйтіп қазіргі ұлттық тәуелсіздікке алып келіп қосу.

1 ҚАЗАҚТЫҢ РУХАНИ ӘЛЕМІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

1.1 АБАЙДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ОНТОЛОГИЯСЫ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ЗАМАН

Абай мұрасы Шығыс пен Батыс әдебиетіндегі озық көркемдік әдістердің қазақ топырағындағы тоғысуы ғана емес, бұл – халқымыздың тереңнен тамыр тартқан рухани қуатының жаңа пішін мен жаңа көркемдік әдіс тауып, әлемдік мәдениет төріне қарай толқуы. Ұлы Абай ұлттық мәдениетіміздің бойындағы булыққан бұлақтың көзін ашты. Оның кепілі оның әлеуметтік болмыс туралы ілімі.

Абайдың шығармашылық кезеңі дәстүрлі қазақ қоғамын өз дамуының жаңа деңгейіне және әлеуметтік болмыс тәсілін түбірімен өзгертуге әкелген тарихи уақыттың аяқталған сәтіне дөп келді. Бұл жерде біз патшалық Ресейдің отаршылдық саясатының барлық жерге енгізіліп, қазақ қоғамының саяси және мемлекеттік дербестігінің айрықша белгілерінің біртіндеп жойылуымен сипатталатын Қазақстанның Ресейге күштеп қосылу үдерісін айтып отырмыз. Түбегейлі төңкеріс қазақ қоғамының тек өмірқамының тәсілінде, экономикалық және шаруашылық өмір тәртібінде, мемлекеттік-аумақтық басқарылуында ғана емес, сонымен қатар психологиясында, мәдениеті мен көңіл-күйінен де орын алды. Бұл осы ойшыл-ақынның дүниетанымын қалыптастырған жағдайдың алғышарты болды.

XVIII ғасырдың екінші ширегінен басталып, XIX ғасырдың 60-шы жылдарымен аяқталған, бүкіл дәстүрлі қазақ қоғамын қамтыған жүйелі дағдарыс өлкені жаппай отарлаудан туындаған еді. Соның салдарынан екі этностың – қазақ пен орыстың, екі мәдениеттің – көшпелі

және отырықшы мәдениеттер, қоныс аударушылардың екі ағымының – «көшіп келгендер» мен негізгі байырғы халық, шаруашылық жүргізудің екі тәсілінің – малшылық пен егіншілік, өндірістің екі тәсілінің – аграрлық және индустриалдық тәсілдер және т. б. бетпе-бет ұшырасты. Бұл қарама-қарсылықтардың кездесуінің сипаты көп жағдайларда әрқилы қырынан және деңгейлерінен алғанда бір-біріне асыға ұмтылған екі бастаудың кездесуіне ұқсай қоймады. Бұл кездесу күрделі, әрі соқтықпалы, кездейсоқ оқиғаларға толы болды, сондықтан кейде бейбіт, кейде қақтығысты формалардағы біртекті емес жағдайда өтті.

Мейлінше қарама-қарсы және сонымен бір мезгілде, әлдебір жағынан жақын бір-бірімен әрекеттесуге мәжбүр болған әлеуметтік қауым типтерінің бұл кездесуінің бірқатар жағымды да, жағымсыз да нәтижелері болды. Әрине, бұл өзара әрекеттің жағымды ықпалының бірі қазақ қоғамының анағұрлым прогрессивті экономикалық жүйе мен шаруашылық жүргізу тәсіліне көшуі болып табылары сөзсіз. Ол дәстүрлі қазақ қоғамын бастапқыда жартылай отырықшылыққа, ал одан кейін түбегейлі отырықшылыққа өтуіне, тауар-ақша қатынастарының дамуына, сауда және өнеркәсіптік өзара байланыстардың өсуіне және мал шаруашылық әрекеттің тұрпайы формаларын оның жетілген түрлерімен алмастыруға, ақыры аяғында қоғамның өндіргіш күштерінің шұғыл дамуы үшін орнықты негіз қалыптастыруға әкелді. Осы өзара әрекеттің жағымсыз ықпалы ауылды патриархалдық тәртібін іштей кеулеп, барған сайын алшақтай түскен қоғамдық әлеуметтік теңсіздіктен, бұрынғы әлеуметтік қауымдық бірегейлік белгілерінің жойылуынан, қоғамдық сана мен индивидтердің санасында беки түскен ұрпақтардың адамгершілік құндылықтары мен психологиясы арасындағы алшақтықтан, рулық қауымдастықты байланыстырып тұрған түйіннің үзілуінен көрініс тапты.

Қазақстанның бұрынғы әкімшілік бөлінісінің алмасуы, бір жағынан, билікті орталықтандыруына мейлінше

көп жағдай жасағандықтан, отарлық тәуелдікті күшейте түссе, екінші жағынан, ыдыраңқылық пен руаралық қырқыстың тоқтатылуы үшін қолайлы шарттар туғызды. Бұл басқарудың прогрессивті формаларын енгізуге ықпал еткендей көрінгенімен, шын мәнінде отаршылдықты нығайтуға қызмет етті. Билер соты түріндегі дәстүрлі қоғамның бұрынғы құқықтық реттеуіштерінің шектелуі, дәлірек айтқанда, алмастырылуы, соның нәтижесіндегі бұрынғы әлеуметтік ұйымның теріске шығарылуы да жалпы отарландырудың ағымында жүрді, бірақ сонымен бір мезетте бұл шаралар белгілі бір деңгейде саяси шашыраңқылықты жоюға жағдай жасады.

Осылайша, дәстүрлі қазақ қоғамының бастан кешірген жаңа әлеуметтік, саяси, экономикалық және рухани қатынастарға көшуі жаңа әлеуметтік онтологияның әр алуан «үлгілерінің» пайда болуына түрткі болған осы өзгерістерді пайымдаудың объективті шарттарын тудырды. Қазақстанға Ресейдің қоғамдық санасын толқытқан әлеуметтік-саяси және философиялық идеялар шұғыл ене бастаған сайын, олар Қазақстандағы бұрынғы орнықты көзқарастармен қатар, қоғамдық идеялардың даму келешегіне де өз әсерлерін тигізбей қоймады. Бұл идеялардың қатарына, ең алдымен, революциялық демократизм идеяларын, халықшылдардың, декабристердің идеяларын және т.б. жатқызуға болады. Хандар мен билердің институтымен нығайтылған, дәстүрлі қоғамның сұраныстарына сәйкес келетін бұрынғы әлеуметтік онтологияның қалыптасып жатқан жағдайларда дағдарысқа ұшырауы және жаңа әлеуметтік-саяси жағдайларда өз ұстанымынан айрылғаны түсінікті де. Жаңа онтологияға деген қазақ қоғамы мұқтаж болып отырған әлеуметтік және индивидтер керек етіп отырған ішкі экзистенциалдық қажеттілік пайда болды.

Бұрынғы әлеуметтік онтология қазақ қоғамының рулық негізі мен құрылымын, индивидтердің рулық қауымның

ұжымдық ұмтылыстарына деген тәуелділігін, оның табиғилыққа, яғни бұл жерде этностық тиесілік басым мәнге ие тұтастыққа бағыныштылығын бекітті. Социумның өзі табиғатпен етене жақын болды, рудың үлкендерін құрметтеу мен ру көсемдерін қадірлеуге негізделген оның құрылымдық ұйымдасуы мен басқарылуы, тұтастай алғанда, индивидтің дербес әлеуметтік бірлік ретінде көрінуіне мүмкіндік бермеді. Әлеуметтік өмірқамы бүтіндей табиғи ықпалдарға негізделген қазақ қоғамы құқықтық және адамгершілік мәдениетте дәстүрлі өмірлік әрі өндірістік тәртіпті бекітті, оны индивидтердің дүниетанымдық көзқарастарын қалыптастыру мен тәрбиелеуде әртүрлі деңгейде және әрқилы формаларда қайта жаңғыртып отырды.

Ресей патшалық әкімшілігінің Далада жүргізген реформалары дәстүрлі қазақ қоғамының әлеуметтік болмысының іргетасын шайқалтты, сонысымен қоғамдық сананы толқытты, ұлттық өзіндік сананың өсуі мен оянуына әкелді.

Абай қазақ қоғамының тап болған әлеуметтік дағдарысының қайшылықты да күрделі ахуалын пайымдай отырып, «онтологиялық жобаны» ойластырады. Дәстүрлі қазақ қоғамы болмысының іргетасы едәуір сөгілгендіктен және оның бұрынғы бағытта дамуы ешқандай пайда әкелмейтінін білгендіктен ол бұрынғы әлеуметтік онтологияны қабылдай алмайды. Бірақ қоғам да, Абайдың өзі сияқты болмыстың мызғымас іргесіне, мықты тіреуге мұқтаж болды. Оны іздеу Абайды жан азабына салады, ол мұратқа деген сағынышпен қатар жүреді, терең қайғы-мұңды бойына сіңіреді, дегенмен, бірақ бұл ізденіс адамды рухани тұрғыдан көтеретіндей мұратты бекітуге және оның бақытқа жетуіне бағытталған.

Мұндай негіз, ойшылдың толғаулары бойынша, абсолютті бастау, адамның өмірдегі басты әрі жалғыз тірегі – Құдай болып табылады. «Адам өміріндегі ең басты нәрсе – руханилық, – деген түйінге келеді Абай алтыншы сөзінде.

– Өзің тірі болмай, көкірегің өлі болса, ақыл табуға сөз ұға алмайсың. Адал еңбекпен ерінбей жүріп мал табуға жігер қыла алмайсың».

Өз шығармашылығында Абай жолайрықта тұрған адамның – ол өмір сүрген қоғамның бұрынғы тұғырлары мен құндылықтары келмеске кеткендіктен өткенінен айрылған және қазіргісі тайғанақ әрі тұрақсыз болғандықтан осы шағы жоқ адамның жағдайын кескіндейді. Ақырында, бұл осы тайқымалы, түсініксіз әрі кейде қасіретті болмыстан көңілге үміт ұялататын келешектің кескінін құрастыруға тырысатын адамның жағдайын бейнелейді. Әсіресе, мұның соңғысы өте қажет, өйткені ойшылдың кәміл сенімінше, «ұлы мақсаты немесе ортақ ақиқаты жоқ халық рухани өлік. Ал өмір болмаған жерде, кемелдену де болмайды».

Абайдың ұстанымының, біздің пікірімізше, Абайға дейінгі әлеуметтік онтологиямен қайшы келетіні мына тұста: адам, барлық жан-дүниесімен бай индивид, әуел бастан қоғамнан бай болып келетін адам және өзге адамдармен өз қатынасын құра білген адам қоғамдық жүйенің бастапқы нүктесіне айналады. Егер бұрынғы онтология рудың тұғырларына басымдылық бере отырып, рулық қауымның жетекшілігін ұстанса, ал Абай үшін бұл ұстын тобырдың, оның үстіне қараңғы тобырдың үстемдігіне, бөтен пікір мен рулық пайымның үстемдігіне айналып шығады. Міне сондықтан әлеуметтің болмысы сияқты, адамның болмысын да Абай ағартусыз мүмкін емес деп санайды, міне сондықтан қазақ халқын білім мен ғылымды игеруге шақырған Абайдың үндеуі барған сайын қаттырақ шығады. Қазақ ойшылының бұл үндеуі қазіргі жағдайларда да өзектілігін әлі жойған жоқ.

Сондықтан Абайдың әлеуметтік онтологиясында әлеуметтік сатыдағы немесе әлеуметтің ұйымдасуындағы индивидтің алатын орны, ондағы оның рөлі – қайта жаңғыртылған және өндірілетін құбылыс. Оның үстіне

оны Абай адам емес, шенеунік, Жаратушының нұрымен шабыттанбаған тұлға, табынушылықты ғана жақтаушы басқаратын әлеуметтік өзара әрекеттердің жағымсыз нәтижесі ретінде қарастырады. Абай адамдарды екіжүзділікке, өтірікші немесе өсекшіге айналдыратын, достықты сатып кетуге және жағымпаздыққа мәжбүрлейтін, бөлектенуден туындайтын руханилықтан жұрдай және тылсым сыртқы күштің ықпалымен болатын күнәһар әсерді де айқын түсініп, көрсетіп береді.

Ол адами тұлғаның мән-маңызын алғырлықпен терең түсіне білді, адамды асқақтатты және «Адам бол!» тұжырымын философиялық ұстын деңгейіне дейін көтерді. Бұл, біздің ойымызша, оның әлеуметтік онтологиясының мәнін білдіретін тәрізді. Мұндай онтологияда қоғам адамға қысым көрсетпейді және оны әлеуметтік жүйенің жәй бұрандасы немесе өндірістің механикалық қосымшасы етпейді, керісінше, әрбір адам рухани және адамгершілік тұрғыда дами отырып, жүрегінің түкпірінде Жаратқанның өсиеттеріне деген адалдықты сақтай отырып, өзінің арожданының үніне құлақ түре келе, қоғамдық тұтастықты құрайды. Дәл осы себепті, біздің пікірімізше, Абай адамдардың достығына соншалықты үлкен көңіл бөледі. Қоғамдық қатынастар мен қоғамдық өзара әрекеттердің осы басты екпіні ойшылдың поэзиясында да жүйелі түрде естіледі және оның философиясында да бірдей табандылықпен жүргізіледі.

«Адам бол!» ұстыны ақылдың адамгершілік қатынастар саласына енуінің мәнін ұғынуға да септігін тигізеді, өйткені ол адами қарым-қатынасты тек адамның адамға деген сыртқы бағыты тұрғысынан ғана емес, адамның өзөзіне ішкі бағыттылығынан да, әрбір индивидтің ішіндегі ар-ұяттың үнін де сипаттайды. Адамгершілік қылық, Абай бойынша, қашанда тек сыртқы жағдайларға, нормалар мен дәстүрлерге ғана сәйкес болмай, ішкі ақыл-ойыңа саналы түрде бағыну арқылы, ішкі еркің арқылы әрекет етуді

білдіреді. Ақылға сай әрекет ету сондықтан нағыз шынайы адами әрекет, адамгершілік әрекет ақылды әрекет болып табылады.

Абайдың көзқарастарына ақыл-ой адамның сезімдерін, эмоциясын, еркін қадағалауға қабілетті деген тұжырым тән және сонымен бірге адам, Абай бойынша, өз «жаратылысының» тұтқынында қалып қоймауы тиіс, ол одан тысқа шығып, өз табиғатынан жоғары тұруы тиіс. Тәрбиенің, мәдениеттің арқасында, білімді молайтудың арқасында адам өзінің табиғи нышандарын жетілдіруі керек. Бұл Абайдың ағартушылық-философиялық тұжырымдамасының күре жолы.

Абайдың тұлғасына қатысты, оның адамгершілік туралы ойларының оның өмірлік практикалық ұстанымынан алшақтамағанын, оның нық сенімі болғанын сипаттайтын тағы бір маңызды сәтті атап өту керек. Оның ар-ожданының ішкі дауысы одан өзінің туған қазақ халқының тағдырын шынайы пайымдауды талап етті, өзі туралы ащы да болса, халыққа шындықты айтуды талап етті, өйткені, оның іліміне сәйкес, ұлы мақсаты немесе ортақ ақиқаты болмаған халық рухани өлімші. Ал өмір болмаған жерде жетілу де болмайды. Қазақ халқының рухани күш-жігерінің сарқылмас бастауына айналып, үздіксіз рухани кемелденудің ұлы жолында оны асқақтата білген өзінің «Адам бол!» ұстынына негізделген философиясының адамгершілік талабын өмірге енгізген Абайдың өмірлік ұстанымы осындай болды. Бізге бүгінгі күні жүрекпен ойлана алатын адамның қабілетін қалыптастыруымыз керек сияқты.

Абайдың әлеуметтік онтологиясының жоғарыда аталған айырмашылықтарынан басқа бір өзгешелігі, біздің пікірімізше, оның енді рулық центризм ұстанымында тұрмай, одан қол үзгендігімен, бірақ индивидуализм ұстанымына, капиталистік эгоизмге мүлдем «асықпайтынымен» сипатталады. Мұны ойшыл мына сөздерімен тамаша әрі ерекше мәнді білдірген: «Өзімшілдіктің кез келген көрінісі

сияқты, дарақы мақтаншақтық та бұл дүниеде талай адамды бұзды. Сондықтан молда болу аз, адам болуға ұмтылған абзал». Абай қоғамдық қатынастар мен байланыстарға енген адам қоғамдық жүйенің басы мен аяғы, оның дамуының кепілі деген тұжырымнан шығады. Бірақ соған қарамастан, қазақ қоғамында орын алған қайшылықтар мен жағымсыз айғақтарды көре отырып, ол ақылды өзімшілді қатаң қабылдай алмайды, өйткені бұл мұрат адамды бұзады, оны қарым-қатынастың басты және анықтаушы формасы «араласу» болып табылатын әлеуметтік онтологияның қойнауынан өсіп шығатын адамгершіліктен айырады.

Бұл – «Мен» және «Өзгенің» бетпе-бет кездесуі іске асатын, ән-айтыстарда индивидтердің біріккен шығармашылығы туындайтын, жолаушыға құрметпен қарайтын қонақжайлық түрінде адами қатынастарды бекітетін іргелі негіз туындайтын және Абайдың тілімен айтқанда, «адам болмысының негізін» құрайтын индивидтердің тікелей байланысының формасы. Бұл, Абайдың іліміне сәйкес, қабылдаудың тірілігін», «жақын тектінің тартылыс күшін» және жүрек сезімталдығын білдіреді.

Абай үшін адам болу нені білдіреді? Адам болу, ең алдымен, өз жүрегінде Құдаймен қосылуды және білімге, әділдікке және қайырымдылыққа ұмтылуды білдіреді. Бұл Жаратқанның адамның маңдайына жазған жазмышына сәйкес болуды аңғартады, бұл адамдарға жақсылық жасауды, оларға білім нұрын әкелуді және адал әрі мейірімді болуды байқатады. Бұл адамгершілік қасиеттерге ие болу және оларды жетілдіру, Абай бойынша, ғылымға, сенімге және өмірге деген адалдық пен жігер арқылы мүмкін болады. Адамшылық – онда қоғам өзін-өзі іске асыруы тиіс жалпыға ортақтықтың формасы. Қоғамда негізгі орынды саяси, экономикалық немесе басқа қатынастар емес, адамшылық, адамгершілік қатынастар алуы тиіс. «Адамның мәнін, – деп түйіндейді ойшыл, – махаббат, әділдік және руханилық құрайды. Адамдардың бұл бастауларсыз күні

жоқ. Олар араласпайтын және қандай да бір адами тағдырдың алдын алмайтындай өмірде бірде-бір жағдай болмайды. Алла тағала ғаламды осылай жаратқан».

Абай шығармашылығы – қазақ халқының бай руханилығының шоғырланған көрінісі, Абай – қазақ халқының арожданы. Қазақ мәдениетінде халықтың кемшіліктері мен жамандықтары туралы одан өткір жазған кім бар? Кім одан артық ағартушылық арқылы қараңғылықтан құтылудың қамын ойлады? Абай қазақ қоғамының ішіндегі алауыздық пен қырқыстан, жамандық пен пәлекеттерден шаршағаны мен көңілі қалғанына қарамастан, бұл қоғамның өзінің жетілмеген әлемін өзгертуге, кемелдіктің биігіне жетуге мүмкіндігі бар екенін көрсетіп берді. Абайдың философиясы әртүрлі мәдениеттердің түйіскен тұсын білдіреді, ол мәдениеттердің бір-бірімен және автордың өзімен өзінің сұхбатын айқара ашады. Абай уақыттан тыс және кеңістіктік шекарадан тыс биік кемелдікке деген жалпыадамзаттық ұмтылысты білдіруші, сондықтан ол арқылы және оның шығармашылығы арқылы қазақ мәдениеті әлемнің көптеген мәдениеттеріне үйлесе түсінікті болып шықты. Қазақ халқы және оның бай рухани мұрасы өзге халықтардың өкілдерінің жүрегінен орын тепті және бұл үдеріс – жаңа бүгінгі адамзаттық қауымдастықты қалыптастырудың, оның гуманистік құндылықтары мен мұраттарының бастауы.

Бұл жағдай өткен заман – қазіргіні түсінудің кілті деген белгілі ақиқатты дәлелдей түседі. Біздің қазіргіміз – бұл барған сайын жаһандана түскен әлем, онда халықтар мен мәдениеттер барған сайын бір бірінен өзара тәуелді бола түседі. Абайдың онтологиялық көзқарастарынан өніп шыққан рухани әлеуетті сақтау, оны жаңа тарихи жағдайларда дамыту – біздің бүгінгі кезеңнің және замандастарымыздың міндеті. Біздің болмысымыздың қаншалықты шынайы екендігін пайымдауға бізді жақындата түсетін тарихи өткеннің нәрлі дәні оны баға жетпес

қазынаға айналдырады, ал бізді рухани кемелдікке және бәсекеге қабілетті қазақ ұлтының ұмтылуына итермелейді деген ой туындайды. Міне сондықтан, Абай – қазақ халқының жан-жүрегі мен ақыл-ойы – XXI ғасырдағы жаһандық әлеуметтік-мәдени өзгерістер дәуірінде рухани өсу мен ағартудың қайнар көзіне айналады. Сонымен Абай-дың онтологиялық ілімі қазіргі жаһанануға байланысты туындайтын күрделі мәселелерді, олардың ішінде еркіндік пен руханият проблемасын талдауға үлкен септігін тигізері айдан анық.

Міржақып Дулатовтың алғашқы өленděр жинағы 1909 жылы Қазан қаласында «Оян, қазақ!» деген атпен жарық көрді. Онда әлеуметтік әділеттілік, бостандық, азаттық тақырыптары сөз болады. Ол «…жатудың енді, қазақ, жарамасты» деп халық рухын осындай өтпелі кезеңде жандандыру арқылы бүкіл қазақ халқын патшалық Ресей тарапынан отарлық қанауға қарсы күреске, ұлттық бірлікке, өнер білімге шақырды.

Кешегі кеңес заманында да іштегі арманын сөзбен жеткізе алмаған зиялы азаматтарымыздың ұлы баба сөздерін әспеттеп, үнінің алысқа жетуіне жағдай жасауының бір сыры осында жатыр. Қазақтың күйлері мен өнер туындыларын үзбей тыңдаған ұрпақтың өршіл рухын бойына сіңіріп өспеуі мүмкін емес. Сол рух, міне, бүгін жаһандану заманында біздің егемен елдігімізді дербес демократиялық жолмен қайта құрып, мәдениетімізді дамытып, бүкіл дүниетанымымызды жандандырудамыз. Мәдени және рухани мұраны игеру – халық рухын жандандырудың бірденбір жолы.

1.2 АБАЙДАН АРТЫҚ НЕ АЙТАМЫЗ?!

- Тәуелсіздік алғалы бері, ұлт пен ұлттық мәдениеттің бүкіл даму барысына орасан зор ықпал жасаған тұлғаларды біз қаншалықты дәріптей алдық.

- Тәуелсіздік қазақ халқының ғасырлар бойы аңсаған асыл мұраты еді. Ата-бабаларымыз қанын да, жанын да аямай, қанша арпалысса да, жете алмай кеткен қастерлі мақсатқа біздің ұрпақ XX ғасырдың аяғында дау-дамайсыз қол жеткізді. Әлем жұртшылығы халқымыздың дербес елдігін таныды, демократиялық мемлекет құрдық, ұлттық мемлекеттің барлық атрибуттары қалыптасты. Рухани бостандық, ой еркіндігі, халықтың рухани әлемі, ұлттық философия мен ұлттық тарих, қазақ ұлтының сонау көне сақтар мен ғұндар заманынан бүгінгі күнге дейінгі жүріп өткен ұлы жолын өркениеттік әдіснама тұрғысынан тереңірек зерделеу тәуелсіз және егемен Қазақстан жағдайында ғана мүмкін болды. Тек тәуелсіздік пен егеменділік жағдайында ғана Қорқыт Ата, әл-Фараби, Қожа Ахмет Иасауи т. б. ғұлама ойшылдар мен гуманистік көзқарас, қазақтың дәстүрлі дүниетанымы туралы бүкпесіз айтуға, айтып қана қоймай, жүйелі түрде зерттеуге халқымыздың бай рухани мұрасын игере отырып, ұлттық өзіндік сананы қалыптастыруға, біртұтас ұлт болып ұюға мүмкіндік алдық. Бұл орайда ендігі алдымызда тұрған келелі міндеттердің бірі – халқымыздың ежелгі тарихи, мәдени және рухани әлемінің тереңнен тартқан тамырларын анықтап, оларды қопара зерттеп, әлеуметтік-философиялық тұрғыдан біртұтас жүйеленген ұлттық және теориялық жағынан ұғынылған тарихымызды жасап шығу.

Ұлт тарихын ұлы ойшылдар мен жеке тұлғаларсыз көзге елестету мүмкін емес. Себебі ықылым заманнан бері ықпалына ерген халқын өрге сүйреп, өркениет жолымен алға бастаған да, сенімді ақтамай орға жығып, азап пен

қайғыға душар еткен де жеке тұлғалар болған. Бүгін біз олардың бірінің іс-әрекетін құрметпен еске алсақ, екіншісіне өкінішпен бас шайқаймыз. Ал әңгіме мәдениет, ғылым мен өнер жайына ауысқанда жеке ойшылдарды ауызға алмау мүлде мүмкін емес. Кез келген ғылыми және философиялық еңбек, мәдениет пен өнер, әдебиет пен музыка туындысы жеке адамның ғана көкірегінен қайнап шығып пайда болады. Қазіргі авторы белгісіз, халықтық болып аталып жүрген жырлар мен күйлерді, әндер мен аңыздарды да кезінде жеке адамдар шығарған. Тек кейін олардың есімдері хатқа түспей, уақыт атты ұлы дүрмекте ұмытылып, ел жадында шығармасы сақталса да, өздері сақталмаған. Рас, ғасырлар қойнауынан бізге жеткен бұл шығармалар жүре бара өңделсе өңделген болар, толықса толыққан шығар, бірақ о баста бір ғана хас шебердің қолынан шыққаны талассыз.

Осы тұрғыдан алғанда, жадына сеніп, жазу-сызуға салғырттау қараған елде Қорқыт Атаның, Әбу Насыр әл-Фарабидің, Махмұт Қашқаридың, Қожа Ахмет Иасауидің, Асан Қайғының, Бұқар жыраудың, Абайдың, Шәкәрімнің, Құрманғазының т. б. Ұлы бабаларымыз шығармаларының сол күйі сақталып, бүгінгі ұрпақтарының игілігіне айналып отырғанына мың мәрте шүкірлік айтқың келеді. Сірә, кеңбайтақ даламыздағы өркениет көшінің өн бойынан қадау-қадау шыңдар тәрізді уақыт өткен сайын бейнелері асқақтай түскен осынау шашылып жатқан тарихи тұлғалардың бірқатары шығармаларының дер кезінде хатқа түскені арқасында даусыз-талассыз түркі мәдениетінің төл өкілдері аталып отырса, енді бірқатары ұлт пен ұлттық мәдениеттің өз кезіндегі, тіпті кейінгі бүкіл даму барысына орасан зор ықпал жасағандықтан халық жадында мәңгі бақи қалған.

Ендігі міндет – алтынның сынығындай осынау асыл мұраларымызды жинақтап, біртұтас жүйеге айналдырып, халықтың рухани жаңаруына қажет табиғи арна қалыптастыру. Ол үшін біз, ғалымдар, ең алдымен «рух», «руханият», «руханилық» ұғымдарының мәнін қысқаша саралап,

отандастарымыздың руханилық тұрғыдан жаңару және даму бағдарларын айқындап алуымыз қажет.

- Біздің ұлттық тарихымыз көшпелі халықтың мәнсіз-мағынасыз жөңкіле босуының, атыс-шабыстарының жай әншейін жиынтығы емес екені белгілі.

- Иә. Қазіргі өркениетті елдердің негізін құраған халықтар бір-бірімен әлі араласа алмай жатқанда шаруашылықты жүргізу тәсілдері мен әскери өнерді меңгеруде алдына жан салмаған Еуразия құрлығының қақ ортасындағы ежелгі түркілер өзге халықтарға мәдениет жеткізуші, Шығыс пен Батыс мәдениетін бір-біріне жалғаушы рөлін атқарған. Тіпті Жерорта теңізі жағалауындағы ежелгі дәуір өркениеті де бүгінгі Батыс елдеріне түркі-мұсылман өркениетінің даналық өкілдерінің еңбектері арқылы жеткен. Мыңжылдықтар бойы алыс-жақын жұрттың бәрін қаһарымен қалтыратып, өзінің озық мәдениетінің ықпалына сіңірген түркі халқының күш-қуатының сырын зерделей келіп, Нұрсұлтан Назарбаев өзінің «Тарих толқынында» (1999) атты монографиясында біздің даңқты ата-бабаларымыздың бойында асқақ рух, мызғымас бірлік, жағдайға тез бейімделгіш алғырлық болғанын сол замандардан сақталған деректерге сүйене отырып дәлелдейді. Дәл осы қасиеттер оларды адамзат көшінің алдына шығарған. Дәл осы қасиеттер кейін қанша қыспаққа түссек те, біздің төл болмысымызды сақтап қалуға жәрдемдескен.

Кейін отаршылдар да, тоталитаризм идеологтары да, ең алдымен, қазақ халқының бойындағы ұлттық рухты жоюға тырысты. Олардың жоспарынша, осының бәрінен соң ұлттық кие күйреп, психологиялық тығырыққа тірелуге тиіс еді. Алайда нәтижесі басқаша болды. Қазақтар – ұлы өркениеттердің мұрагерлері тарихының мұраларынан өзінің «ұлт – мен» дегізерлік қасиеттерін алып шықты. Жай ғана алып шығып, жай ғана сақтай білген жоқ, сонымен бірге еселеп, жаңғырта да білді».

Ғасырлар бойы әрбір қазақты ортақ қауымға біріктіріп, ұлт етіп ұйытып, әрбір адамның тарихи зердесін жас кезінен қалыптастыруға, сөйтіп, тұтас халықтың бірегейлігі мен төлтума дүниетанымын сақтауға жәрдемдескен дәстүрлі рулық құрылымымыздың, жеті атаға дейін ірге бөліспейтін отбасылық үлгіміздің оңды ықпалдарын шынайы және мүлде жаңа көзқарас тұрғысынан бағалай отырып, Елбасымыз *бұл дәстүрдің де* ілгері дамуымызға, ұлттық топтасуымызға тірек болар тұстарын қажетімізге жарату қажеттілігін айтады.

- Жөн-ақ. Бір ақиқат дүние, идеологиясыз қоғам болмайды. Бізде да-муымызға бағыт-бағдар болатын не бар?

- Қоғам өз алдына қояр міндет-мақсаттарын айқындап алуы керек. Әрі өзінің дамуына тірек болатын негізгі идеялық бағдарлар мен ұғым-түсініктерді тауып, сол негізде өркендеуі тиіс. Дүниедегі ең қарқынды дамыған, әр саладағы табыстарымен әлемді таңдандырған Жапон мемлекетін алайық. Жапон ұлты – өзгелерге үлгі болуға лайық, уақыттан озған, бізбен салыстырғанда көш ілгері дәуірде өмір сүріп жатқан ұлт. Сол жапондар екінші дүние-жүзілік соғыстан күйреп жеңіліп, көп шығынға ұшырап, ұлттық рухы төмендеп шықты. Осы сәттен бастап олардың өзіндік жолын, еңбек этикасын, негізгі нысаналы мақсаттарын, білім берудің ұлттық моделін іздеуі басталды. Мұның терең себебі бар еді. Халықтың рухын биіктетіп, ұлттық өзіндік санасы мен психологиясын өзгертіп, білімін көтеріп алмай, шын мәніндегі жоғары технологияға негізделген серпінді экономикалық дамушы қоғам құру мүмкін емес. Кез келген материалдық және рухани байлықты жасаушы – халық. Халық діліндегі түбірлі өзгерістер экономикалық категорияға айналып отырады. Сонымен, жапондар немістің озық оқу жүйесін алып, оны өз мәдениеті мен дәстүрлеріне сәйкес түбірінен қайта қарап, ыңғайластырып және бейімдеп алды. Ол бұрыннан да іштей тәртіпті, іскер,

жұмысты тиімді және шапшаң сапалы істей білетін халық болатын. Осы жақсы қасиеттеріне терең білім мен жаңа демократиялық қоғамда өмір сүру, ұстындар мен заңдарды қатал сақтау, заң аясында ғана жемісті іс істеу үрдістері қосылды. Нарықтың экономикалық этикасы мен идеологиясы халық санасынан берік орын алды. Сөйтіп, тиімді жапондық экономикалық жүйе құрды.

Біз де жастарымызды оқыту жүйесін мүлде жаңа негізде құрып, ұлттық рухани бастауларымызға сүйене отырып, жаңа ашық қоғамның жаңа дүниетанымы мен тарихи санасы қалыптасқан адамдарды өмірге келтірудеміз.

Әр халық өзінің ұзақ мерзімді стратегиялық мақсаттарын, идеяларының басыңқы бағыттары мен міндеттерін жақсы біліп, өз елінің таяудағы ондаған жылдарда қандай болатынын көз алдына айқын елестете алатын болуы тиіс. Қазақстанның 2050 жылға дейінгі қалыптасқан мемлекеттің даму стратегиясы болашақтың бейнесін айқын аңғартып қана қоймайды, сонымен қатар оның жүйелі әрі кезең-кезеңмен терең ойластырылған, ғылыми негізделген бағдарламасы іспетті. Өйткені стратегиялық даму жоспарының басты назарында адам мәселесі – оның тұрмыстық әл-ауқат жағдайы, рухани байлығы, дүниеге көзқарасы, ділі, денсаулығы, қауіпсіздігі, кедейшілік пен жұмыссыздықты бірте-бірте жою сияқты аса маңызды әлеуметтік мәселелер тұр. Бұл ретте ол әрбір басшы мен әрбір қазақстандық азаматтың ынта-ықылас танытуы мен іскерлігін арттыруды, жеке рухани бостандығы мен жоғары жауапкершілігін күшейтуді көздейді. Әр адамның тағдыры өз елінің тәуелсіз болуына және өз басының аянбай күш-жігер жұмсауына, белсенділік танытуына, ерік-жігеріне, алға қарай ұмтылысына, табандылығы мен еңбексүйгіштігіне байланысты.

«Қазақстан-2050» стратегиясы тарихи нақтылықтың іргелі ұстынына негізделген. Онда әрбір кезеңнің өзіндік ерекшеліктері мұқият ескерілген, көпэтносты қазақстан-

дық қоғамды демократиялық тұрғыдан жетілдірудің негізгі мәселелері, басыңқы бағыттары мен міндеттері айқын көрсетілген. Бұл ұстынның мән-мағынасын «Ой – ауқымды, іс – нақты болсын» деген сөздермен жеткізуге әбден болады. Мұның өзі – стратегиялық міндеттердің орындалуы нақты іс-қимыл арқылы қамтамасыз етілуі тиіс деген сөз.

Осы заманғы өркениет құндылықтарының арасында адам бостандықтары мен құқықтарының алатын орны ерекше. Ол құқықтар дүниежүзілік қауымдастықта өзінің лайықты орнын алуды ойлайтын әрбір мемлекетте қоғамдық өмірді демократияландыру қажеттігін толық мойындауға негізделген.

Тоталитарлық қоғам жеке адамның құқықтары мен бостандығының барлығын да сөз жүзінде қаншама көпірте жариялағанымен, шын мәніндегі нағыз демократияны қамтамасыз етуге мүлде дәрменсіз болды. Соның салдарынан да ол қоғамда елдің қожайыны деп жарияланған еңбек адамдары шындығына келгенде орасан зор партиялық-мемлекеттік машинаның елеусіз ұсақ тетіктері деңгейінде ғана қалып қойды. Ал жекеменшіктің болмауы мен жаппай теңгермешіліктің орын алуы жоғары өнімді еңбек етуге деген ынта-жігер атаулыны бір жолата езіп-жаншып, басып тастады. Қоғамдағы идеологиялық өктемдік пен өмір сүрудің мейлінше қатаң шектеулі ережелері жағдайында адам өзінің таңдау құқығынан жұрдай болып шыға келді. Өйткені тоталитарлық саяси тәртіп үстемдігі жеке адамның негізгі демократиялық құқықтары мен бостандығын елеусіз қалдырып, аяқасты етуге жеткізді.

- Интеллигенция әрбір ұлттың, әрбір халықтың қаймағы деп жатады. Ғалым ретінде зиялы қауымға байланысты тілге тиек ете отырсаңыз.

- Зиялы адам – ол өз болмысынан гөрі халықтың болмысын көбірек ойлайтын ой еркіндігі бар адам. Әлихан Бөкейханов, Мұстафа Шоқай, Мағжан Жұмабаев, Шәкәрім

Құдайбердиев және басқалар дүниеге, байлыққа қызықпаған. Олар халықтың мұң-мұқтажын, мүддесін, оның жоғын жоқтауға бар өмірін сарп етті. Қарақан бастарына жұмақ іздеп жанталаспады. Артымда бір өшпес із қалып, кейінгілер мені мақтап-мадақтаса екен деген жымысқы ой миларына кіріп те шықпады.

Кезінде Италияның Антонио Грамши деген ғұлама ойшылы болған. Ол «Интеллигентсіз қоғам болмайды» деген. Сол ғұламаның пікірін біз де қолдаймыз. Өйткені озық ойлы азаматсыз, көш бастар серкесіз қоғамның көйлегі жыртылатыны анық. Орыстарда интеллигенция, біздерде зиялы қауым, интеллектуалдық элита дейді. Бірақ осы зиялы қауымның ішінен шынайы зиялылар пісіп-жетілуі үшін уақыт керек қой. Грамшидің айтуынша, зиялылар екі топқа бөлінеді. Біріншісі – дәстүрлі (табиғи), ал екіншісі – органикалық. Дәстүрліні – халықтың өзі туғызады. Мысалы, қазақтың тектілік пен парасаттылықты тең ұстаған хандары, билері, шешендері, жыраулары – осы табиғи зиялылықтың қаймағы. Ал органикалыққа кәсіби білімі бар, озық ойлылар (мұғалімдер, агрономдар, ғалымдар, инженерлер т. б.), оқығаны да, тоқығаны да барлар жатады. Қазақ халқының өткеніне сәл көз жүгіртейікші: Асан Қайғы, Бұқар жырау, Абай, Шоқан, Ыбырай, Шәкәрім, Мұхтар Әуезов, Қаныш Сәтбаев, Ғұмар Қараш – осылардың оқығаны бар, тіпті оқымағаны бар – озық ойлы, халық үшін тебіренген жандар, гуманист-ойшылдар ғой.

Адамзаттың рухани болмысына үн қосып, өркениетті елдер қатарына ұмтылу үшін жас ұрпақ өзінің өмір философиясын, тарихын, мәдениетін, әдебиетін, тілін, ділін, дінін жақсы біліп, ой-өрісін мейлінше кеңейтуі керек дейміз.

Мал да, дүние де адам тіршілігіне керек шығар. Бірақ өз ұлтының озық ойлы серкесі болу үшін – бүгінгі күні талант, білім аздық етеді. Бұл екеуіне ұлттық намыс, ұлттық мінез, ұлттық сана, ұлттық рух, ұлттық болмыс қосылуы қажет.

Қоғамдағы әлеуметтік-саяси тұрақтылықты қамтамасыз ететін, негізінен, зиялылар ғой. Халықты ұлы іске топтастырып, тіпті ұлт ретінде қазақтың өзін іштей бірбіріне жақындастыратын да – осы зиялылар. Бірақ қазіргі заманда қазақ зиялыларының рөлі күшейген сайын жауапкершіліктің де күшейетінін, олардың иығына түсетін салмақтың тым ауыр екенін сол интеллектуалдық элитамызды өзара сезінулері керек. Құрғақ ақыл, құр даудан ештеңе өнбейтінін көріп те, біліп те жүрміз ғой. Ал мемлекет басшылары зиялы қауымның ой өлшемінен шыққан, таразы безбенін тартатын түйінді ұсыныстарын жүре тыңдамауға ұмтылулары қажет.

Абай он бесінші қара сөзінде: «… Егер де есті кісілердің қатарында болғың келсе, күніне бір мәрте, болмаса, жұмасында бір, ең болмаса айында бір өзіңнен өзің есеп ал! Сол алдыңғы есеп алғаннан бергі өміріңді қалай өткіздің екен, не білімге, не ахиретке, не дүниеге жарамды, күніңді өзің өкінбестей қылықпен өткізіппісің? Жоқ болмаса, не қылып өткізгенінді өзің де білмей қалыппысың?» дейді данышпан ойшыл. Міне, кейінгі жастарға ұлы Абайдан артық не айтамыз!

- Десек те, қазақ қоғамының сан ғасырлық тарихи дамуы елеп-екшелеп, бүгінгі күнге дейін жеткізген ұлттық діліміздің өзге отандастарымызды біріктіретін, сөйтіп, бірегей халық боп ұйысуға жәрдемдесетін қандай қадір-қасиеттері бар. Мінез-құлқымыздағы жарамсыз әдеттеріміз қайсы?!

- Бірнеше топқа бөлуге болады. Біріншіден, қазақ халқы – табиғатынан қиналғанға қол ұшын беруге даяр тұратын, ізгілікке жаны құмар, данышпан, гуманист халық. Қонақжайлығы да, кеңпейілділігі де, жомарттығы да, тіпті шашпалығы да осы сезімнен туындаған. Діні қаттылықты, бар бола тұра ештеңе татырмайтын шық бермес шығайбай саранДықты әжуа етумен келеміз. Бәлкім, аталарымыздың

дұрыс байлық жинай алмай кеткені де осыдан болар. Алайда ұлттық діліміздегі бұл қасиетті мансұқ етуге болмайды. Керісінше, жарлы-жақыбайға көмектесуді жаппай дәстүрге айналдырғаннан ұтылмаймыз.

Екіншіден, ізеттілік, яғни үлкенді сыйлау, кішінің көңіліне қаяу салмау – атадан балаға көшіп келе жатқан асыл қасиеттеріміздің бірі. Қазақтар, тіпті ренішінің өзін ишаралап жеткізеді. Жоқ, бұл – шығыстық құлық емес, шын көңілден шыққан ибалылық пен имандылық.

Үшіншіден, қоғамның кішкентай ұясы түріндегі отбасындағы ынтымақ – аға ұрпақ пен жас ұрпақ арасындағы рухани келісім қазақ қоғамында көздің қарашығындай сақталған. Ата-ананы, аруақтарды қастерлеу, анасының, әйелінің, әжесінің, келінінің, қарындасының арына кір жұқтырмай сақтау – биік адамгершілік парыз деңгейіне көтерілген. Тіпті қоғамдағы жесір дауы жер дауынан кейінгі екінші орынға көтерілетіні де сондықтан. Мұны өзге отандастарымыз да, шетелдік әріптестеріміз де мықтап есте ұстағаны ләзім.

Төртіншіден, адалдық. Досқа, ағайынға, ұлтқа, Отанға адалдық қазақ халқының ұғымында айрықша әспеттеледі. Ата-бабаларымыздың ғасырлар тереңінен жеткен аманаты сынды батырлық жыр-дастандарымызды қайтадан бір парақтап шығайықшы. Олардың бәріндегі негізгі трагедиялық желі жауын жапыра жеңіп келген батырдың ту сыртынан жасалған опасыздықтан туындап жатады. Бейне опасыздық пен сатқындыққа айтылған лағнеттің үні құлағыңа келгендей болады.

Бесіншіден, қазақ еркіндікті, әсіресе, ой еркіндігін, жеке басының бостандығын, ешкімге бағынышсыздықты жоғары қоятын халық. Жағымпаздық, мансапқорлық сынды әдеттер бізге кейін Кеңес дәуірінде жұққан. Бұрынғы қазақ қоғамындағы «Дат!» деп алып, ханға да қарсы уәж айта беретін дәстүрді қоғамтанушылар «далалық демократия үрдісі» немесе «көшпелі демократиясы» деп атап

жүр. Хан да, батыр да, сұлтан да, бай да қара халықтың осы уәжімен есептесуге мәжбүр болған. Себебі кейін аңыз әңгімеге айналып кете баратын қоғамдық пікір кең даланың түкпір-түкпіріне, оны айтасың, үрім-бұтағына жететінін олар жақсы білген. Бұл орайда, ел сыйлаған жыраулар мен ақындардың пікірі елеулі әлеуметтік күшке айналған. Қорқыт Ата, Асан Қайғы, Бұқар, Махамбет сынды даналарымыз ел мұңын ханға қасқая қарсы қарап тұрып айтып кеткен емес пе?! Ал жалғыз өзі бүкіл халықтың ары мен намысын таразыға тартып кеткен ұлы Абай ше?!

Ой еркіндігі, пікір дербестігі қазақ халқының қанына туа біткен қасиет. Әлі күнге дейін алыстағы құм арасында қойын бағып жүрген қарапайым малшың да сізге өмір мен өлім туралы, жақсы мен жаман туралы, қазіргі қоғам туралы өзінің өмірлік пәлсапасын ұсынады. Далалық демократия жағдайындағы осындай ой еркіндігі, пікір дербестігі кейде анархияға, «бас басына би болуға» дейін ұласып кетіп отырған. Сірә, қазақ қоғамының кезінде қатаң билік үстемдік құрған елдерден кенже қалуы, сөйтіп, өзгенің боданына айналуы осы еркіндіктің шектен шыққан әрекеттерге ұласуынан да болар.

Бірақ бұл ойлау еркіндігінің пайдасынан зияны көп деген сөз емес. Қалыптасқан қағидаларға күмәнмен қарау – дамудың бір көзі. Тәуелсіз ойлау адамзаттың танымын кеңейткен талай-талай ғылыми жаңалықтардың ашылуына себеп болды. Кез келген қоғамдағы жүргізіліп отырған саясат, алған даму бағдары сол қоғамдағы парасат иелерінің талқысынан өтіп, күмән мен сенім таразысына салынуы қажет. Демократия ережелері салтанат құрған елдердегі бір-бірімен бәсекелес партиялардың алма-кезек билік басына келіп, бірі тұғырға қонғанда, екіншісі оппозицияға кетіп жататыны да осы таразының қоғамға керектігінен туған.

Алтыншыдан, қазақ тәубесі бар, төзімді, даналыққа құштар, философ халық. Оның терме және айтыс өнерлері осының дәлелі.

Қазақ даласының ойшылдары халықты үнемі руханиадамгершілік және құндылықтық бағдарларға шақырып отырған. Әл-Фараби замандастарына «қайырымды қаланың» қажеттілігін айтса, Жүсіп Баласағұн қоғамда әрбір адамның әділетті болуын көксеген, Абай пендеге арнап «Адам бол!» деп нақты кеңесін берген, Шәкәрім болса арұяттан, ұжданнан әлеуметтік болмыстың, адам өмірінің түп қазығын іздеген.

Сонымен, адам бүкіл түркілік және қазақтық дүниетанымның негізгі мәселесі, тәуелсіз мемлекеттің ең басты құндылығы болып табылады. Дүниедегі барша жақсылық та, жамандық та адам қолымен жасалып келеді. Кез келген қоғамның өсуі немесе өшуі сол қоғамдағы адамдардың парасаты мен іс-әрекетіне тікелей байланысты. Адамды рухани жағынан жетілдіру қоғамды жетілдірудің төте жолы.

- Әңгімеңізге рақмет.

Сұхбаттасқан Сейсен Әмірбекұлы.
Айқын. – 17 мамыр, 2014.

1.3 ҰЛТ РУХАНИЯТЫ МЕН МӘДЕНИЕТІ, ИГІЛІГІ ҮШІН ЕҢБЕКТЕНГЕН АДАМ ӨМІРДЕН ШАРШАМАЙДЫ

Әбдімәлік Нысанбаев елімізге танымал көрнекті ғалым. Саналы ғұмырын түгелдей гуманитарлық ғылымдар саласындағы шығармашылық ізденістерге арнаған ұлт руханиятының қалыптасуы мен дамуының түрлі қатпарларын философиялық тұрғыдан зерделеуден өткізумен айналысқан ғалымды сөзге тартқан едік...

- Жетпіс бес жыл ғұмырыңыздың қаншасын толық ғылымға бере алдыңыз. Кез келген ғылым саласына терең-деп ену үшін ішкі ізденіс керек екені анық, сол ізденіс сізде қалай пайда болған еді?

- Жетпіс бес жылдық өмірбаяным болса, соның елу жылдық белесі философия саласы бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарына арналды деп айтар едім. 60-жылдардың басында Қызылорда мемлекеттік педагогикалық институтын қызыл дипломмен тамамдағаннан кейін (қазіргі Қорқыт Ата атындағы мемлекеттік университет) Қазақстанның Ғылым академиясына келіп жұмысқа тұрдым. Ол кездегі бар арманым – бойымдағы күш-жігерімді, шығармашылық шабытымды ғылымға, білімге арнау, сол арқылы ұлттық руханиятқа қызмет ету еді.

Ол кезде Ұлттық Ғылым академиясы академик Қаныш Сәтбаевтың басшылығымен әлемге танылған және талай кәсіби шебер мамандар қызмет атқарған еліміздегі іргелі зерттеулерді жүргізудің нағыз үлгісі атанған ғылыми кадрлардың шоғырланған ордасы болатын. Сонымен қатар ғылыми шығармашылығымның бастауын белгілі заңгер, академик Салық Зиманов жетекшілік еткен «Философия және құқық институтымен» байланыстырамын. Артынша Мәскеуге барып ғылыми ізденісті аспирантурада жалғастыруыма Қаныш Имантайұлы мен Салық Зиманұлы себепкер болды. Кандидаттық диссертациямды 1964 жылы Мәскеуде, ал математикалық танымның философиялық сипаттамасын беруге арналған жаратылыстану философиясы бойынша докторлық диссертациямды 1975 жылдың басында қорғадым.

- ҚР БҒМ ҒК Философия және саясаттану институтының директоры лауазымында жүргеніңізге жиырма жылдан аса уақыт өтіпті. Тәуелсіздік тұсынан бері басқарып келесіз? Қандай қиыншылықтар болды?

- Қиыншылықтар, әрине, болды. Әсіресе Тәуелсіздіктің қалыптасу кезеңіндегі небір қиын, дағдарысты кезеңдерде мекеменің жұмысын босаңсытпай ұстап тұруға тура келді. Не нәрсені болса да қирату, жою оңай, ал одан қиынырағы, әрине, «қолдағы алтынның қадірін білу», бүтін дүние-

ні сақтау, жетілдіру, заман талабына сай қалыптастыру екенін өмірдің өзі дәлелдеп берді. Сондықтан қоғамның барлық қиын кезеңдерінде маған қуат беріп отырған рухани күш – Қазақ елінің ұлттық Тәуелсіздігіне, болашағына деген сенім. Әрине, еліміздің саяси тәуелсіздігімен қоса, әрбір азаматтың өзіндік рухани тәуелсіздігіне, тұлғалық еркіндігіне ұмтылу қажеттігі бірге тұжырымдалады. Халқымыз үшін ғасырлар бойы маңызды болып келген Тәуелсіздік идеясын жауапкершілік мәселесімен астастырып қарастыру қажет болды. Яғни әрбір адамның ұлт руханияты алдындағы жауапкершілігі өте жоғары болуы қажет.

Сонау өткен ғасырдың жиырмасыншы және отызыншы жылдары қазақтың небір рухани саңлақтары тарих сахнасынан көрінгені белгілі. Ол кезең қазақ зиялылары өзін шын мәнінде әлемге танытқан кезең болатын. Ұлт руханияты Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатов, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Мұстафа Шоқай және т. б. зиялылар тобымен етене танысып, солардың арқасында халықтың ұлттық санасы оянды, кемелденді десе де болады. Міне, осындай өзіндік ұлт руханиятының жарқырап, өзінің дүмпуін танытқан екінші шақ өткен ғасырдың алпысыншы және жетпісінші жылдары деп бағалауға болады. Жаңа замандағы қазақ зиялыларының үлкен тобы тоталитарлық қоғамның қыспағына қарамастан руханияттың барлық саласында, оның ішінде өнерде, білімде және ғылымда өзін асқан биіктен танытқан шағы болатын. Ғылым Академиясында ғылымның барлық саласы бойынша дарынды мамандар шоғырланып, қазіргі еліміздегі білім мен ғылымның іргетасын қалыптастырған болатын.

Қазақстанда бұрынғы Одаққа, одан қалды әлемдік философиялық әлеуметке ерекше танылған, өзін мамандар алдында мойындатқан «Алматы философия мектебі» қалыптасты. Академик Ж. Әбділдин бастаған диалектикалық логикамен айналысатын топтың ғылыми ізденістері мемлекет тарапынан да жоғары бағаланды.

- Жаңағы қиын-қыстау кезеңдерде қазақ ғылымын жоғалтып алмай, беделін түсіріп жібермей ұстап тұру үшін көп еңбек сіңіргеніңізді білеміз. Сол еңбектеріңізді замандастарыңыз қалай бағалайды деп ойлайсыз?

- Әріптестерім де, мемлекет те сол еңбегімді тиісінше бағалайды деп есептеймін. Оны мемлекеттің осы күнге дейін үйіп-төгіп берген марапат, сыйлықтарынан да білуге болады. Сол үшін замандастарыма рақметімді айтар едім. Өз ішіміздегі ғана емес, көптеген елдердің ғылыми орталықтарының құрметті мүшесі, көптеген халықаралық деңгейдегі журналдардың редакциялық кеңесі мен алқасының мүшесі болып келдім.

Қазақстанның ғылыми деңгейін, оның халқының даналық парасатын әлемге таныту үшін әлемдік ғылымның интеграциялық үрдістерінен шеттеп қалмау керек.

- Ғылыми еңбектеріңіздің көлемі жөнінде айтсаңыз...

- Жуырда жас мамандар менің ғылыми еңбектерімнің санын есептеп шыққан болатын. 500-ден аса ғылыми мақалалар мен 40-тан астам монографиям жарыққа шығыпты. 80-нен аса ғылыми туындыларым әлемнің 25 тілінде жарияланып, ондаған дүниежүзінің жетекші елдерінде беделді халықаралық конференцияларда баяндама жасаған екенмін. АҚШ, Германия, Қытай, Түркия, Ресей, Иран, Оңтүстік Корея, Ұлыбритания, Мысыр, Украина, Польша, Болгария, Франция және т.б. елдерде ғылыми-зерттеулердің нәтижелерін жариялап отырдым. Еліміздің философияны дамыту саласындағы жетістіктерімен әлемді ғылыми көпшілікке лайықты деңгейде таныстыра білу қажет. Ол үшін әртүрлі ғылыми орталықтармен байланыстар орнатып, әр қилы елдердің білікті мамандарын өзіміздің елдің ғылым саласындағы жас ұрпағымен жүздесуіне, қатынасуына себепкер болу керек. Философия мен саясаттану салалары бойынша тек Қазақстанның ғана

жас мамандары емес, сонымен қатар көрші жатқан Ресей мен Қырғызстанның, Түркия мен Иранның көптеген ғылым докторлары мен ғылым кандидаттарының дайындалуына ғылыми жетекшілік етуге тура келді.

- Егеменді мемлекетіміздің дербес елдігін таныта-тын Әнұран, Елтаңба, Ту сияқты мемлекеттік рәміздер қатарына ұлттық энциклопедияны жатқызатындар бо-лады. Осы ұлттық энциклопедиямыздың пайда болуы жө-нінде не айтасыз?

- Ол да Тәуелсіздігіміздің алғашқы жылдарындағы кезек күттірмес маңызды істердің бірі болатын. Энци-клопедияның дәстүрлі рәміздік сипатымен қатар, мән-мағыналық, мәтіндік мазмұнының байлығы ұлт рухания-тының кемелденуі үшін оның маңыздылығын арттыра түседі. Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың тапсырмасы бойынша Үкімет шешімі қабылданған соң, «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясына бас редактор болып тағайындалдым. Алдымызда «Қазақ энциклопедиясын» заманауи жаңа талаптарға лайықты, Тәуелсіз мемлекетіміздің мәртебесін асқақтатуға бағытталған, тарихи шынайы деректер-ге негізделген ғылыми ұстанымдар мен әдіснаманы бас-шылыққа ала отырып, тарихымыз бен мәдениетіміздегі ақтаңдақтардың ақиқатын ашып көрсететін, түбірімен жаңа Тәуелсіз елдің энциклопедиясын дайындау міндеті тұрды. 1997 жылдан 2003 жылға дейін Философия және саясаттану институтындағы негізгі жұмысыммен қатар, «Қазақ энциклопедиясының» бас редакторы қызметін қоса атқарып, Тәуелсіз Қазақстанның негізгі кітаптарының бірі болып саналатын көп томдық «Қазақстан» ұлттық энци-клопедиясының алғашқы төрт томының шығуына үлес қостым. Халқымыздың ұлттық руханияты үшін аса маңыз-ды «Қорқыт Ата», «Құрманғазы», «Мұхтар Әуезов», «Қазақ-стан Республикасы. Он жылдық шежіресі», «Қазақ», «Қазақ-

стан Республикасы. Энциклопедиялық анықтамалық», «Екі мыңжылдық дала жыры», «Түркістан» халықаралық энциклопедияларының шығарылуының өзі ұлтымызға деген ізгі ниеттің, рухани дүниемізге деген құрметтің көрінісі деуге болады. Халқымызды шынымен жақсы көрсек, оған деген құрметіміз жоғары болса, онда оны осылай халықаралық деңгейдегі іспен, нақты шығармашылық әрекеттермен танытқан жөн және оның рухани байлығын, өзін-өзі жете тануға талпынысын ғылыми жүйелейтін уақыт та келді.

Ұлттық энциклопедия – ең алдымен сол ұлттың, халықтың дүниетанымы мен ұғымын жүйелейді, отандық ғылым мен білімнің, жалпы, қоғамның жаңа сатыға көтерілуіне негіз қалайтын рухани іргетас. Жаңа ұлттық энциклопедияны оның тұжырымдамасын жасаудан және талқылаудан бас-тап, жан жақты, терең мазмұнды, тұжырымды ғылыми мақалалармен жабдықтауды басты назарда ұстадық.

- Жаңа энциклопедия арқылы жаңа көзқарас қалыптастыру үшін қандай ұстанымдарды жетекшілікке алдыңыздар?

- Ұстанымдар болды. Көне түсініктерден арылуға барынша ұмтылыс жасадық:

- Сыңаржақты дүниетаным қағидаларынан арылған, отаршылдық еуроорталықтық көзқарастар ықпалынан тазартылған, шынайы ұлттың руханиятын, даналығын, тарихын, этнографиясын, мәдениетін, әдебиетін, өнерін, спортын және т. б. толық қамтитын;

- мемлекеттік құрылымды ішкі саяси, әлеуметтік, экономикалық жүйеге, жер-су, табиғатқа, ғылыми-техникалық прогреске байланысты ұғымдар мен ақпараттарды қамтитын, қазіргі индустриялық-инновациялық даму жолына түскен еліміздің жетістіктері болашақ жинақта да көрсетілуі тиіс екені жоспарланды;

- адамзат тарихында қордаланған асыл дүниелермен, қазақ халқының түрік-ислам мәдениетінің, Шығыс өрке-

ниетінің тарихында елеулі орны бар ғалымдардың, елбасылардың, қоғам қайраткерлерінің өмір жолымен, олардың негізгі еңбектерімен таныстыратын;

- қазақ тіліндегі ғылыми терминологияны, ұғымдар мен атауларды ана тілінің заңдылықтарына, ерекше ойлау машығына лайықтап қайта жүйелейтін, сөйтіп, отандық ғылым мен қоғам мәдениетінің жаңа сатыға көтерілуіне негіз болатын әмбебап энциклопедия болуға тиісті деп тұжырымдап, жаңа міндеттер белгіледік.

«Қазақ ұлттық энциклопедиясының» дүниеге келуі Тәуелсіз еліміздің ғылыми-мәдени өміріндегі елеулі құбылыс болды. Жаңа тұрпаттағы ұлттық энциклопедияның тұжырымдамасын дайындап, жұмысты өркениетті жолға қойып, редакцияның кадрлық, материалдық жабдықталуын ұйымдастырдық. Әрине, энциклопедияның заман талабына сай шығуы үшін аянбай тер төккен ұжымымыздың еңбегі зор болды. «Қазақстанның ұлттық энциклопедиясын» дүниеге келтіру жөніндегі ой-арманымызды, жоба-жоспарымызды жүзеге асыру жолында тер төккен марқұм Тілеухан Жұмаханұлының қажырлы еңбегін айырықша атап өткен жөн.

- Елбасының басшылығымен қолға алынған «Мәдени мұра» мемлекеттік жобасын жүзеге асыруға көп үлес қосқаныңызды білеміз. Осы жобаға нақты қанша көлемде кітап қоса алдыңыздар?

- «Мәдени мұраның» басты мақсаты – халқымыздың ғасырлар бойы қордаланған рухани байлығын барынша ғылыми електен өткізе отырып, ғылыми жүйелеу арқылы оқырман қауымға ұсыну, сонымен қатар әлемдік ғылыми ойдың үздік үлгілері мен жетістіктері негізінде гуманитарлық білімнің мемлекеттік тілдегі толыққанды қорын жасау болатын. Жеке өзімнің жетекшілігіммен осы мемлекеттік бағдарламаның ауқымында 62 том кітап шығарылыпты. Оның ішінде 20 томы қазақ халқының ежелгі

дәуірден қазіргі кезеңге дейінгі философиялық мұрасын жинақтауға арналды.

Осы маңызды мемлекеттік бағдарлама бойынша 20 том әлемдік философиялық мұраның ең үздік үлгілері мен үзінділері түрінде жинақталып, мемлекеттік тілге тәржімаланды, әл-Фарабидің бұрын жарияланбаған шығармаларының 10 томы және әлемдік психологиялық мұраның 10 томы, сонымен қатар шығыс пен батыс философиясы бойынша жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған екі оқу құралы жарық көрді. Осы аталғандардың қай-қайсысына болса да бейқам қараған жоқпыз. Көптеген түсініктемелер мен мақалалар жазу, бұл томдардың әрбір бетін електен өткізу және олардың мазмұны мен формасына толықтай жауап беру керек.

Адамзаттың саналы тарихында өзінің ұлттық рухани әлемін електен өткізуге, оны тереңдете ғылыми зерделеуге талаптанған қоғамның озық ойлы өкілдері мен тарихи тұлғалары бұрындары да болған. Қазақ зиялылары өткен ғасырдың басында ұлттың болмысын жан жақты қарастыруға тырысқанын көбіміз білеміз, ал қазіргі заманда ұлт руханиятын сараптаудан өткізушілердің саны көбейе түсуде. Шынымен де, гуманитарлық кеңістікте осындай үрдістердің бірте-бірте жарқын көрініс бере бастауының өзі жалпы халықтардың есейе бастағанының, рухани кемелдене түскенінің өлшемі іспетті. Өз халқының рухани құндылықтарын жүйеге келтіріп, оның бойындағы бұлыңғыр тұстары болса елеп-екшеп, жетістіктері болса барынша жарқыратудың өзі рухани әлемді байыптаудағы, жалпы ғылыми ізденіс жолындағы ғалымдық, азаматтық борыш екені анық. Ұлт руханияты мен мәдениеті, игілігі үшін еңбектенген адам өмірден шаршамайды.

- Әбдімәлік аға, қазақта текті әулет деген ұғым бар. Әріптестеріңіз, замандастарыңыз сізді үлгілі, зия-

лы отбасының отағасы ретінде мақтап жүреді. Отбасыңызда өзіңізден басқа ғылым жолын қуған кімдер бар?

- Өмірлік зайыбым Нысанбаева Зейнеш Әшенқызы – химия ғылымының кандидаты. Ұлым Назар – заң ғылымының кандидаты, қызым Динара – философия ғылымының кандидаты, қазіргі кезеңде Түркияда қызмет атқарады. Сонымен қатар бес немерем бар. Олардың үлкені Шыңғысхан – экономика ғылымының кандидаты, Данияр – заңгер маман, Айжан – Президенттің «Болашақ» бағдарламасы бойынша Лондондағы университететті бітіріп келген білікті маман. Әмір мен Дәмір деген немерелерім, Абылай мен Әлнұр шөбелелерім бар.

- Жеке адамды, қоғамды, халықты ілгері сүйрейтін құндылықтардың негізгісі ретінде нені атар едіңіз?

- Бүкіл әлеуметтік тіршілік сенімге негізделген. Сенімсіз ешқандай жақсылық пен ізгілік болмайды. Біздер ертеңгі күнге сеніммен қарап, парасаттылыққа, ізгілікке, ұлылыққа ұмтыламыз. Сенім бүкіл тіршілік тұғыры болып есептеледі, ендеше, ол – ең негізгі құндылық. Өзара сенім болмаған жерде жақсы отбасы, сәулетті де дәулетті мемлекет, мемлекеттер арасындағы аймақтық және әлемдік тұрақтылық пен қауіпсіздік болмайды. Сенім – күрделі сұхбат процесінің нәтижесі. Өркениеттік сұхбат процесінде мемлекеттер арасында өзара түсіністік пайда болып, ең қымбат та негізгі құндылық ретіндегі сенім сезімі қалыптасады. Сөйтіп, біздер әлемде өз шешімін әлі таппаған өткір де күрделі мәселелер мемлекетаралық, конфессияаралық, ұлтаралық, мәдениетаралық сұхбат процесінде өз шешімін табады деген сенімдеміз.

Ұлттық ұстаным

Халық жадында жаңғырып, оның күнделікті өмірімен астасып, сабақтасып отырмайтын тарих – өлі тарих. Жансыз та-

рих жер бетінен жоғалған халықтарда ғана болады. Бұрын қазақ елінің тарихы, қазақ халқының жүріп өткен ұлы тарихи жолы құр деректер тізбегі түрінде самарқау баяндалып келсе, бүгінгі талап басқа. Біз осы тарихымызды ұлттық және стратегиялық мүдде тұрғысынан халқымыздың ізгілікке, елдікке ұмтылуының үздіксіз саяси процесс ретіндегі, ұлт-азаттық күрес түріндегі қасіретінен сабақ алып, қайта жазып шығуымыз қажет. Осы орайда, халқымыздың қоғамдық-саяси ойы дамуының елеулі кезеңінің шежіресі іспетті Тәуелсіз ел тарихын қайта бір парақтап шығу бүгінгі бізге де, болашақ ұрпаққа да пайдалы болмақ. Сондықтан сонау XX ғасыр басындағы зиялы қауым ұстанған ұлттық идея бүгінгі күні Тәуелсіз елімізде іске асуда.

Сұхбаттасқан Сәкен Көкенов.
Алаш айнасы. – №72. – 27сәуір, 2012.

1.4 ҚАЗАҚ ЗИЯЛЫЛАРЫНА ОЙ ЕРКІНДІГІ ЖЕТІСПЕЙДІ

- Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Российская газета» атты басылымда жарияланған «Дағдарыстан шығудың кілті» деген концептуалдық мақаласы шетелде және ел арасында үлкен қоғамдық пікір туғызды. Дағдарыстан шығудың жолы ретінде ұсынылған Елбасының ортақ валюта идеясы Астанада өткен Экономикалық форумға қатысушылар тарапынан қолдауға ие болды. Әлем транзитализм арқылы акметализмге өтуі керек. Дағдарыс әлемді мүлде жаңаруды, жаңа сапаға өтуді қажет ететін сияқты. Дағдарыстың қаржылық-экономикалық салдарын ауызға алып жүрміз. Бұл туралы ой-пікіріңізді бөліссеңіз.

- Мен жаңаша ойлауға жетелейтін, соны идеяларға бай Президенттің мақаласын оқып шықтым. Елбасының жаңа идеяларын «жаһандық постдағдарыстық модернизм» деп атауға болар. Бұл жолғы дағдарыс адамзатқа

ескі стереотиптерден арылып, қаржылық-экономикалық басқарудың жаңа тетіктерін қарастыруды талап етіп отыр. Ақпарат көздерінің мәліметтеріне сүйенсек, әлемдік дағдарыс ұзаққа созылатын сияқты, ал ұзаққа созылатын ауру жағдайды тым күйзелтіп жібереді. Капиталистік дамудың өзі дағдарыссыз мүмкін емес. Бұл формация әлемдік, аймақтық және ұлттық шеңберде циклды және құрылымдық дағдарыстарды өткеріп тұрады. Бүгінгі әлемдік қаржылық-экономикалық дағдарыс ауқымы мен сипаты бұрынғыдан мүлде өзгеше. Осындай жағдайда ең алдымен бізге жаңаша ойлау, жаңаша ұғымдар мен теориялық түсініктер ауадай қажет. Бұрынғы түсініктер мен ұстындар аясында әлемдік дағдарысты түсіну, оның мәні мен пайда болуының себептерін анықтау мүмкін емес. Өркениетті мемлекеттер басшылары дағдарысты еңсеру үшін қаржылық-дағдарыстық әдістерді іздестіру үстінде, сөйтіп, жаңа сападағы капитализмді құруға талпыныс жасалуда. АҚШ президенті Барак Обама «Жаңа Америка» құрамыз десе, Германия канцлері Ангела Меркель неміс жұртын қайта түлетпек ниеті барын мәлімдесе, іргедегі Ресей басшылығы да түбегейлі жаңарудың қажеттігін мойындап отыр. Жалпы алғанда, әлемдік дамудың жаңа моделін табу бірдіңгекті жаһанданудан көпдіңгекті жаһанануға көшу әлемдік дағдарыстан шығудың тетіктері ретінде қарастырылуы керек. Мәселен, АҚШ тіпті супердержава болса да, ақшасы әлемдік валюта қызметін атқара алмайды, оның арты дағдарысқа душар ететініне көпшіліктің көзі жетті. Түптеп келгенде, бұл жолғы дағдарыс адам мен оның санасының дағдарысы, құндылықтар жүйесінің дағдарысы дер едім. Сондықтан қазіргі кезде адамзат баласының ізгілік пен ортақ мүдделестікке негізделген жаңаша ойлау жүйесіне сусап отырғаны анық.

- Қазіргі әлемдегі елдер мен халықтар арасында өзара тәуелділік күшейіп, шекара талғамайтын жаһандану үр-

дісінде ұлттық мемлекетке үлкен қауіп-қатер төнген тұста, ата-бабамыздан мирас болып қалған кең-байтақ жерімізді қалай сақтап қаламыз?

- Жаһандану дәуірінде ұлтқа түзу жол сілтейтін бағдаршам, қараңғыда адастырмайтын темірқазық – Алаш идеясы. Өз ұлтыңды шынайы жүрегіңмен сүю, ар-намысыңды жоғары ұстау, кісілік деңгейге көтерілу, туған халқыңның мүддесі мен болашағы үшін құрбандыққа дейін баруға әзірлік, кең-байтақ жерінің тұтастығын сақтау үшін күрес – XX ғасыр басындағы демократиялық бағыттағы қазақ зиялыларының өмірлік мұраты еді. Олардың қатарында Әлихан Бөкейханов, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Ахмет Байтұрсынов, Мұстафа Шоқай, Мағжан Жұмабаев, Мұхтар Әуезов, Жүсіпбек Аймауытов, Міржақып Дулатов сынды кемеңгер алыптар болды. Оларды топтастырған ортақ мұрат – бодандық бұғауында жаншылған елін құлдықтан құтқару, ұлттық тәуелсіздікті алу арқылы өзге өркениетті елдер қатарына қосу болғаны белгілі. Мағжан былай дейді:

Кел *қазақ, қолдағыдан құр қалмайық,*
Отырайық жиылып, оңдасайық...
Жер қалар, біз жиылып қала салсақ,
Қайдағы оңды жерді таңдап алсақ,

– деп, отырықшы тұрмысқа, қала салуды, ел-жерді ешкімге бермей, сақтап қалудың бірден-бір жолы ретінде ұсынады. Мына бір өлеңінде ақын:

Кітап әпер, оқысын, балаң қолына,
Малды аяма оқу-білім жолына.
Өнер асып, басқалармен қатар бол,
Қосыл бірдей азаматтың жолына! –

– деп, қазақ ұлтының әлемдік өркениет көшіне қосылуының жолын өнер-білімнен, жас ұрпақты өзге елдердегі замандастарымен бәсекеге түсе алатындай етіп тәрбиелеу ісінен іздейді. Мағжан ақынның осы ойларының қай-қайсысы да

дәл бүгінгі заманымыз үшін де маңызды. Астана қаласын аз уақыттың ішінде салу, оны әлемнің рухани астанасы ретінде қалыптастыру тәуелсіз елдің бас қаласын бүкіл әлемге паш ету, біздің Президентіміздің данышпан көрегендігі мен батырлығының көрінісі деп білемін. Мағжан ақын өзінің тамаша өлеңдерінде қалалықтардың мінез-құлқынан жасандылықтың белгісін байқаған, далалықтардың табиғи бұлақ сезімінің ұлылығын асқақтата жырлаған ақын енді келіп, «жеріңді сақтағың келсе, қала сал, бір жерге жиылып, қалада тұр» деп халқына үндеу тастайды.

- Жуырда Нұрсұлтан Назарбаевтың «Постиндустриалдық қоғамның қалыптасу стратегиясы және өркениеттер сіріктестігі» атты жаңа кітабы жарық көрген болатын. Адамзат баласы американдық ғалым Самуэл Хантингтон негіздеген «өркениеттер қақтығысына» ұрынбай, Нұрсұлтан Назарбаев бастама көтергендей, «өркениеттер үндестігіне» ұмтылуымыз керек сияқты. Сіздіңше, постиндустриалды кезеңді өткеріп жатқан адамзат қоғамы жаңа бір саты немесе кезеңге өтудің алдында тұрған жоқ па?

- Әлбетте, жаңаша ойлау мен жаңаша басқаруды жетілдіру тетіктерін қарастыру келесі сатыға өтудің қажеттігін дәлелдеп отырған жоқ па? Адам қоғамының бүгінге дейінгі даму жолын үш кезеңге бөледі: «дәстүрлі қоғам», «индустриялық қоғам» және «постиндустриалдық қоғам». Шетелдік Арон, Ростоу, Тойнби сияқты ғалымдардың пікірінше, қазіргі «постиндустриалық қоғамда» шешуші тетік ақша емес, білім мен білік, яғни жеке адамның қарымы мен қабілеті. Мысалы, соңғы 15–20 жыл шегінде әлемдегі ең ауқатты адамдар қатарына қосылған американдық Билл Гейтс осыншама мол байлыққа білімі мен біліктілігі арқасында қол жеткізіп отыр. Алысқа бармай-ақ, өз еліміздегі күнделікті баспасөзді шолып шығыңызшы. Білікті мамандарды жұмысқа шақырған жарнамалардан көзің тұнады. Отандық

фирмаларға да, шетелдік компанияларға да қазіргі заманғы техниканың құлағында ойнайтын, бірнеше тілді меңгерген, ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген әмбебап мамандар ауадай қажет. Әлемдік сауда ұйымына кірген соң өзін жастарымыз бен шетелдік мамандар арасындағы бәсекелестік одан сайын күшейеді. Өкінішке қарай, біздің жастардың оқығаны болғанымен тоқығаны өте аз, тіпті жоқ десе де болғандай. Артында атын өшірмейтін ұрпақ қалдыруды бұл пәнидегі адам өмірінің негізгі мәні деп ұғынатын әрбір ата-ана *өз* баласының болашағын өзі ойлауы шарт. Бір жағынан, шетелдік әріптестерімізбен бәсекеге түсе алатындай әмбебап маман, екінші жағынан, ата-бабасының тілі мен ділін, дәстүрі мен мәдениетін бойына сіңірген отаншыл азаматтарды тәрбиелеу – бүгінгілердің адами парызы ғана емес, ұлттың алдындағы борышы да. Мағжан ақынның «адамзаттың тобына қосылу үшін баланды оқыт, оның жолында малыңды аяма» деген сөзінің астарында осындай ой жатыр.

- Дүбірлі санақ науқаны аяқталды. Ұлт, тіл, діл мәселесін қопара шешіп тастамасақ та, Құдайға шүкір, ортамыз толып, қарамыз көбейген сияқты. Мамандар қаланың қазақтануын екі үдай үрдіс деп бағалап жүр. Қаланың «қазақи» кенттену үрдісін қалай бағалайсыз?

- Кенттену – әлемнің барлық халықтары өткеріп жатқан процесс. Әлеуметтік зардаптарына қарамастан, бұл үрдіс қазіргі заманғы жеке ұлттардың дербес мемлекет құруы ісіндегі болмай қоймайтын құбылыс деп саналады. Өз мемлекетін екі ғасырдан соң қайта құрған қазақ халқының «кенттенуі», яғни Қазақстандағы орташа қалалардың «қазақтану» үрдісінің екіжақты салдарын жоққа шығаруға болмайды. Бұл үрдісті оңды бағалай отырып, әлеуметтік зерттеулер орталықтарының назарына алынып, мемлекеттік бағдарлама аясында жүргізілгені дұрыс. Оның әлеуметтік зардаптары (ауылдан қалаға келгендердің қара базар

маңындағы арзан жұмыс күшіне айналуы, қылмыстық топтарға қосылу, нашақорлық, жезөкшелік және тағы басқа) күрт асқынып кетті. Әсіресе бұл жағдай қазіргі әлемдегі қаржылық-экономикалық дағдарысқа байланысты тым өршіп бара жатыр. Сондықтан ауыл жастарының жаңа кәсіптерді, мамандықтарды меңгеруіне жәрдемдесу, оларды нысаналы түрде өнеркәсіп орындарына жұмысқа тарту, жатақханамен, баспанамен қамтамасыз ету сияқты шаралар да жүзеге асырылуы қажет. Еліміздің «Жастар саясаты туралы» жаңа заңында ауыл жастарына қамқорлық мәселесін түбірінен қарастыру керек. Жалпы қазақтардың «кенттенуі» немесе қалалардың «қазақылануы» дербес мемлекеттігін орнатқан ұлт мүддесінің айқын бедерленуіне қажетті шарттардың бірі. Мысалы, еліміз ішіндегі саяси кеңістікте, тәуелсіз бұқаралық ақпарат құралдарының бетінде әртүрлі жиындарды қазақ ұлтының мүддесін көздеген топтардың, әсіресе, басқа этнос өкілдерінің үні неге бәсең? Мұның себебі мынада: кез келген үлкен саясат үлкен қалаларда жасалады, Содан да қалалықтар ең ықпалды әлеуметтік топ болып табылады. Еліміздегі жаңа мемлекетті құрушы ұлт болып саналатын қазақ халқы өкілдерінің қалалықтар арасында сандық басымдыққа ие болмауы ұлттық мүдденің білдірілмеуінің себебі болып отыр. Қазақ ұлтының басымдығы ұлт мәселесіндегі олқылықтың орнын толтыруға септігін тигізеді. Бұл әлем елдері үшін қалыпты жағдай болып есептеледі. Бұдан бір ғасырға жуық уақыт бұрын Мағжан ақынның «жеріңді сақтағың келсе, қала сал, қалаға жинал» деген ойының мәні міне, осында.

- Қазақ зиялысы мен Парламенттегі халық қалаулыларының бойынан Абылай заманындағы «үш би», Бұқар, Үмбетей жырау, Махамбеттердің өр де елдік мінезін көре алмай жүрміз. Қазіргі қазақ зиялысына не жетіспейді?

- Кез келген белгілі бір кезеңдегі даму бағдарын бұқара халық емес, сол бұқараның сеніміне ие болған, халық арасынан өсіп шыққан қоғамның «қаймағы» сынды элита айқындайды. Ғалымдар оларды «саясаткер (немесе шенеуніктер) игі жақсылар», «әскери игі жақсылар», «бизнестегі игі жақсылар», «интеллектуалдық игі жақсылар» деп топтап жүр. Бір қызығы, осы топтардың әрқайсысы әр елде әрқалай абырой-беделге ие. Мысалы, Түркия және Пәкістан, Латын Америкасы сияқты елдерде күні кешеге дейін әскери төңкерістер жиі болып, Үкімет саясатын қалыптастыруға әскери топтың ықпалы жүрді. Сол себепті бұл елдерде әскери игі жақсылардың беделі мығым, үлкен құрметке ие. Ал қазіргі Чехия, Балтық бойы елдерінде неге билік басына жазушылар, музыканттар, тағы басқа шығармашыл топ өкілдері жиі келеді? Өйткені бұл сол қоғамдағы «интеллектуалды игі жақсылардың» абырой-беделіне байланысты. Ал қазіргі Қазақстанда ше? Қандай игі жақсылар тобы ықпалға ие? Әрине «саясаткер игі жақсылар». Халқымыздың өзіндік діліне байланысты болды ма, әлде заманның ыңғайы солай жасалды ма, әйтеуір кеңестік кезеңде-ақ қазақ халқы өкілдерінің қызметке құмарлық, басқарушы іске бейімдігі байқалатын және мұның өзі ықпалды «саясаткер игі жақсылардың» қалыптасуына жетеледі. Еліміздің тәуелсіздік алуының басы-қасында тұрғандар да, дербес мемлекетіміздің іргетасын қалыптастыру мен нығайтуға зор үлес қосқандар да әлемге әйгілі Президентіміз бен басқа да азаматтар болғанын білеміз. Тек соңғы жылдары әлгі «саясаткер игі жақсылар» қамқорлығымен өсіп-жетілген «бизнестегі игі жақсылардың» өз үнін сездіруге тырысуы, халық арасында бедел алуға ұмтылуы байқалады. Біздің ойымызша, ХХ ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының халық құрметіне бөленуіне, ең алдымен, ұлттық мүддеге қалтқысыз адалдық, олардың бойындағы туған халқы үшін шынайы

ұлтжандылық пен отаншылдық қасиеттің барлығы және осы қасиетті көпшіліктің анық сезінуі негіз болған.

- Қазақ болмысын әлі танып болған жоқпыз. Дана Абай қазақтың жаман мінезін жақсы болсын деп сынады, оның шәкірті Шәкәрім қазақтың болашағына үлкен сенім артып кетті. Қазақтың елдік еңсесін биіктетер жақсы мінезі мен кежегені кері тартар жаман мінезі қайсы?

- Қазақтың батыр, ержүрек, философиялық ой-өрісі кең, талантты, төзімді, намысшыл, бауырмал, мейірімді, қонақжай халық екенін шет жұрттар да мойындап отыр. Өнердің барлық түрлерінен сөз өнері мен саз өнерін жоғары қойған қазақтың еңсесін биіктетер асыл қасиеттері осылар. Қазақ еркіндікті, әсіресе ой еркіндігін, жеке басының бостандығын жоғары қоятын халық. Жағымпаздық сынды жаман әдет бізге кейін жұққан. Халқымыз «жақсының жақсылығын айт – нұры тасысын, жаманның жамандығын айт – құты қашсын» деген даналықты баяғыдан өсиет етіп кетсе де, қазіргі ұрпақ кім-кімнің де жамандығын атын атап, түсін түстеп, көзге шұқып көрсетуден, сөйтіп бүкіл халықтың рухани тазару үрдісін бастаудан тайсақтап-ақ келеді. Еліктегіш, мансапқұмар, қызғаншақ адамдар қазақ ұлтына үлкен кесірін тигізіп жүр.

– Әңгімеңізге рақмет.

Сұхбаттасқан Құбаш Сағидоллаұлы.
Алаш айнасы. – №34. – 17 наурыз, 2009.

1.5 ЕЛІМІЗДЕГІ АДАМ РЕСУРСЫ: САН МЕН САПА

Адам ресурсы және оның құрамдас бөліктері

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Жолдауы қоғамдағы ең өзекті проблема – жаһандану мен әлемдік бәсеке жағдайында өмір сүре алатын мамандарды қалыптастырудың ғылыми тұжырымдамасы іспетті.

Бүгінгі әлемдегі тайталас экономикалық және ақпараттық бәсеке түріне ауысқан. Егер біртұтас мұхитқа айнала бастаған әлемдегі аласапыран қаржы мен ақпарат ағыстары арасында ұлттық рух пен келбетті, ұлттық болмыс пен қадір-қасиетті сақтап қалғымыз келсе, дүниетаным жүйемізді, ойлау машығымызды таза сақтайық. Әйтпесе, әлгі ағыстармен бірге жұтылып жоғаламыз. Онда ата-бабаң ғасырлар бойы қанын төгіп, Сізге мирас еткен жеріміздің астындағы мұнайың мен асыл тасыңның да құны көк тиын. Онда замандастарымыздың қаншама азабымен іргесін қалап жатқан дербес мемлекетіміздің жер бетінен заты жоғалып, картада аты ғана қалады.

Кез келген қоғамның даму тенденциясы ондағы адамдар мен әлеуметтік топтардың даму тенденциясы арқылы айқындалады. Біздің елімізде адамды дамытуға осы соңғы мезгілде ғана көңіл аударыла бастады. Тіпті, көп уақытқа дейін отандық ұлттық экономиканы өрге сүйрейтін біртұтас ұлттық элитаны толық қалыптастыра алмадық. Ал, өзіміз қоғам орнықтылығының кепіліне балап жиі айтатын «орташа тап» тек ұлттық элита қалыптасып болғаннан кейін, ұлт ішіндегі өзара үйлесімді де ынтымақты еңбек бөлінісінің іске қосылуы нәтижесінде пайда болады. Қазіргі заман тұлға дамуы үшін ең қолайлы заман болып тұр.

Президент Жолдауында айтылғандай, соңғы төрт жылда еліміздің ішкі жиынтық өнімі 50 пайызға өскен. Бұл – әлемдегі ең жоғарғы көрсеткіштердің бірі. Қазақстанның алтын-валюта қоры (Ұлттық қордағы қаржыны қоспағанда) 10 млрд. АҚШ долларына жетіп қалды. Біз қарыз алушы емес, өзге елдердегі экономиканың тиімді салаларын дамытуға қаржы бөлуші, яғни қарыз беруші елге айналдық. Тұрақты экономикалық өсу халықтың әл-ауқатының күрт жақсара бастауына да әсер етті. Біріккен Ұлттар Ұйымының ресми мәліметі бойынша, Қазақстандағы адам өмірінің ұзақтығы 1996–2002 жылдар аралығында 2,3 жасқа ұзарған, орташа еңбек-ақы деңгейі 1999–2002 жылдар аралығында

32 пайызға өскен. Бұл – халықаралық ұйымның 2002 жыл қорытындысы бойынша жасалған тұжырымдамасы. Ал одан бергі бір жарым жыл ішіндегі еңбекақылар мен зейнетақылардың күрт көбейгенін бәріміз білеміз.

Қазақстанның экономикалық дамуының қуатты қарқыны таяу болашақта еліміздің адам ресурстарына тапшылығын ең бір өзекті мәселеге айналдыруы мүмкін. Сондықтан біз отандастарымыздың санын да, сапасын да күрт дамыту ісін қолға алуға мәжбүрміз. Елбасымыздың Жолдауының тұрғын үй, денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, әлеуметтік капитал мәселелеріне арналуы, міне, осыдан.

Мен өз басым таяу жылдары елімізде арзан тұрғын үй құрылысының қауырт қолға алынып, отандастарымыздың денсаулығын қорғау жүйесінде де ауқымды өзгерістердің болатынына күмәнданбаймын. Тіпті, қазақстандықтардың саны да күрт өсіп, 2015 жылға қарай жиырма миллион адамға жетпесе де, соған жақындауы мүмкін. Бірақ мұндай әлеуметтік жақсарулар мен сандық өзгерістер отандастарымыздың сапалық жаңаруына алып келе ме?!

Қазіргі әлеуметтану ғылымында «қоғамның әлеуметтік қуаты» деген ұғым бар. Бұған ұлттың, халықтың басым бөлігінің бойындағы рух күші, билік тармақтарына сенімі, қоғамдағы әртүрлі әлеуметтік және этникалық топтар арасындағы өзара түсіністік пен сенім т. б. мәселелер кіреді.

Ал біздің еліміздің әлеуметтік қуаты қандай? Халқымыздың көпшілігі адал еңбекпен жақсы тұрмысқа қол жеткізуге болатынына сенімді ме?! Өз жастарымызды жеңіл жолмен табыс табуға баулып жатқан жоқпыз ба? Көше бойы қаптаған «ойын автоматтары» мен «ойынханалар» нені аңғартады?

Бізде қазақ ұлты мен этникалық топтар арасында, құдайға шүкір, жақсы қарым-қатынас қалыптасқан. Ал осындай түсіністік әлеуметтік топтар арасында немесе халық пен билік тармақтары арасында бар ма?! Мұның

бәрі еліміздегі адам ресурстарының сапалық дамуына әсер ететін жағдайлар.

Қоғамымыздың саяси-экономикалық ахуалы қалай түзілуіне байланысты отандастарымыздың, яғни адамның сапалық даму тенденциялары да бірнеше үлгіде өтуі мүмкін. Қазірдің өзінде бұл үлгілердің нышаны айқындала бастаған сыңайлы.

Шынымен-ақ біздің нарықтық қарым-қатынастар үстемдік етіп, демократиялық құқық пен бостандықтар салтанат құратын, әлемдік капитал (қаржы, тауар, қызмет т. б.) мен тәуелсіз ақпарат ағынына ешқандай шек қойылмайтын ашық қоғам үлгісіндегі дамыған, өркениетті елдер қатарына қосыламыз деген мақсатымыз болса, онда осы мақсатты жүзеге асыруға тиіс адамды (жеке алғанда да, тұтас алғанда да), яғни сіз бен бізді тану, бағыттау, өзгерту қажет.

Жаһандану процесінің қазақтың ұлттық рухына тигізетін әсерін зерттеп, кезінде Ресей және Совет империялары жүргізген отарлау саясаты арқасында жаншылған ұлттық рухты қалпына келтіру ауадай қажет.

Биылдан бастап іске аса бастаған көне заманнан бүгінгі күнге дейінгі «Мәдени мұра» (2004–2011 жж.) мемлекеттік бағдарламасы қазақтың ұлттық рухын орнықтандыруды қамтамасыз етудің бірден-бір негізі.

Әлеуметтік жіктелу және ұлттық татулық

Нарықтық экономикаға негізделген кез келген қоғамдағы тәрізді бізде де ұлттың өз ішінде бай, кедей, орташа жіктер қалыптасуда. Тек өкініштісі, бұл процесс өзге елдердегі тәрізді бізде де капиталдың қорлануының алғашқы кезеңіне тән материалдық байлықты бөлудің әділетсіз, астыртын әдісімен тым астасып кетті. Онсыз да өтпелі кезеңнің барша ауыртпалықтарын үнсіз көтеруге мәжбүр болған халықтың көпшілігі үшін ортақ «ойын ережесі» іске қосылмай-ақ қойды. Соның салдарынан қазіргі таңда біздің халқымыздың 10 проценті ауқаттылар, 60 проценті кедей-

лер, 30 проценті орташалар деген дерек бар. Қоғамдағы әлеуметтік жіктелудің мұндай көрінісі кез келген елдің орнықты дамуына қатер туғызатын жағдай. Осы қатердің алдын алу мақсатымен, елімізде орта және шағын бизнесті дамыту шаралары қолға алынып, орнықты дамуымызды қамтамасыз етуге тиісті орташа тапты қалыптастыру бағытында батыл қадамдар жасалуда. Бұл тұста, жеке іскерліктері мен ілкімділіктерінің, білімділіктері мен біліктіліктері арқасында әжептәуір байлық жинаған, сөйтіп, шетелдік бизнес алпауыттарының өзімен бәсекелесіп, ұлттық капитал мен өндіріс мүддесін қорғауға жарап қалған «жаңа қазақстандықтар» өкілдерінің мемлекеттік билік басына батыл ұмтыла бастағаны бірден байқалады. Менімше, мұның өзі жақсы нышан. Жақсы болатын себебі: осы жас күштердің ықпалымен бұрын шет елдіктерге уақытша басқаруға берілген кәсіпорындар мен өндіріс ошақтарының бақылау пакеті ұлттық капитал иелігіне қайтарыла бастады. Күрделі құрылыс жұмыстары жанданып, жұмыссыздық азая бастады. Макротұрақтану – түпкі мақсат емес, ілгері дамудың іргетасы екендігін бәріміз анық сезінгендейміз. «Үкіметтің міндеті әлеуметтік түрғыдан аз қорғалған, өздігінен өмір сүре алмайтын зейнеткерлерге, жетім-жесірлерге ғана көмектесу, қалғандарында шаруамыз жоқ, өз күніңді өзің көр» деген пікір бұрынғыдай жиі айтылмайтын болды. Сірә, өз халқының қалған бөлігінің де жұмыс табуына, күнкөрістік шаруамен айналысуына жағдай жасау ісі де үкіметтің міндетіне жататынын түсіне бастаған тәріздіміз.

Кез келген қоғамда біреудің біреуге тең болуы мүмкін емес. Әлеуметтік әділеттілік ұстыны дегеніміз әрбір адамға берілген бостандық пен таңдау теңдігі ғана. Ол мүмкіндікті біреу ақылмен пайдаланып, қажымай, талмай, күш-жігер жұмсап бай болады, біреу жалқаулық пен ысырапшылдыққа салынып, ақылы не төзімі жетпей кедей болады. Яғни Абайша айтсақ, «Жақсылық, жамандықты

жаратқан – құдай, бірақ қалдырған құдай емес, ауруды жаратқан – құдай, ауыртқан құдай емес, байлықты, кедейлікті жаратқан – құдай, бай қылған, кедей қылған құдай емес».

Мәселенің мәні – қолыңнан келсе ерен еңбегіңмен бай болуға тырыс, бірақ өз қатарыңнан оза шыққан отандасыңды күндеме, аяғынан шалма, керісінше, тілекші бол. Себебі, ол өзіне ғана байлық жинап жатқан жоқ, елдің байлығын молайтып, ертеңімізге қызмет жасауда.

Осындайда Макс Вебердің «бүкіл батысты өркениетке жеткізген протестанттық еңбек этикасы»деген пікірі еске түседі. Байқап қарасақ, жылына 7-ақ күн еңбек демалысын алатын анау жапондардың еңбек тәртібінің негізінде де буддашыл рух күші жатыр. Ал, мұндай ұжымдық еңбек этикасын біз қайтіп қалыптастырамыз?

Бұл сұрақ кезінде ұлы Абайды да қатты мазалаған: «…құдай тағала қолына аз-маз өнер берген қазақтардың кеселдері болады. Әуелі – … өнер арттырайын деп, түзден өнер іздемейді. Екінші – … бір-екі қара тапса, малға бөге қалған кісімсіп, «маған мал жоқ па?»дегендей қылып, еріншектік, салдау-салғырттыққа, кербездікке салынады… »Дала өркениеті кемеңгерінің осы сөзін оқығанда есіме алыпсатарлықтан тапқан азын-аулақ ақшасын ырду-дырдуға құртып жүрген бүгінгі кейбір желөкпе «бизнесмендер» оралады.

Алайда онымен мәселе шешілмейді. Ашығын айту керек: кезіндегі Кеңес Одағының өнеркәсіпті орталықтарды арзан етпен, сүтпен, нанмен қамтамасыз ету үшін құрған кеңшарлары мен ұжымшарларындағы жағдайды қайтадан орната алмаймыз. Бәлкім, ірі-ірі өнеркәсіп орындарының азық-түлік өндіретін қосалқы шаруашылықтары түріндегі азын-аулақ ауылдар әлгі кеңшарлар дәрежесіне жетер, бірақ ауыл еңбеккерлерінің көпшілігі бәсекеге төтеп бере алатын, базар нарқына өтетін өнім өндіріп, сол өндірген өнімдерінен түскен пайдамен ғана күнін көретіні анық.

Бұл – базарлы экономика заңы. Мемлекет тарапынан тек ауылшаруашылық өнімдерін сату базарын ұйымдастыру, өнім ұқсату өндірісін дамытуға, жаңа құрал-жабдықтар, асыл тұқымды мал сатып алуға жәрдемдесу, өзінің өндірістік ұқсатушы, сатушы құрылымдары бар ауылшаруашылық концерндерін жасақтау сияқты «қамқорлықтар» жасалуы мүмкін.

Кенттену әлемнің барлық халықтары басынан өткерген процесс. Әлеуметтік зардаптарына қарамастан, бұл процесс қазіргі заманғы жеке ұлттардың дербес мемлекет құруы ісіндегі болмай қоймайтын құбылыс деп саналады. Өз мемлекетін екі ғасырдан соң қайта құрған қазақ халқының «кенттенуі», яғни Қазақстандағы орташа қалалардың «қазақтану»процесі қазірдің өзінде жүріп жатыр. Тек бұл процесс ешқандай жүйесіз, әлеуметтік зерттеу орталықтарының назарынан тыс, мемлекеттік бағдарламасыз жүріп жатыр. Сондықтан да оның әлеуметтік зардаптары (ауылдан келгендердің қара базар маңындағы арзан жұмыс күшіне айналуы, қылмыстық топтарға қосылуы, нашақорлық, жезөкшелік, т. б.) күрт асқынып кетті. Сондықтан «Ауыл жылы» іс-шараларының аясында ауыл жастарының жаңа кәсіптерді, мамандықтарды меңгеруіне жәрдемдесу, оларды нысаналы түрде өнеркәсіп орындарына жұмысқа тарту, баспанамен қамтамасыз ету, т. б. шаралар да жүзеге асырылуы қажет.

Жалпы қазақтардың «кенттенуі» немесе қалалардың «қазақылануы» дербес мемлекеттігін орнатқан ұлт мүддесінің айқын бедерленуіне қажетті шарттардың бірі. Мысалы, еліміз ішіндегі қазіргі саяси кеңістікте, тәуелсіз бұқаралық ақпарат құралдарының бетінде, әр түрлі жиындарда қазақ ұлтының мүддесін көздеген топтардың үні неге бәсең? Неге басқа этникалық топтар қазақ ұлтының мүддесін қорғауда табандылық көрсетпейді? Мұның себебі мынада: кез келген елде, кез келген заманда үлкен саясат үлкен қалаларда жасалады, содан да қалалықтар ең ықпалды

әлеуметтік топ болып табылады. Еліміздегі мемлекетті құрушы ұлт болып саналатын қазақ халқы өкілдерінің қалалықтар арасында сандық басымдыққа ие болмауы ұлттық мүдденің батыл білдірілмеуінің себебі болып отыр. Қазірдің өзінде бел ала бастаған қалалардың «қазақылану» процесі бұл олқылықтың орнын толтырып, әлемнің барлық мемлекеттері үшін қалыпты жағдайдың біздің елімізде де орныуына жеткізеді.

Дәл қазіргі таңдағы ұлтымыз алдындағы ең маңызды мәселенің тағы бірі – жастарымызға қазіргі заманға лайық жоғары деңгейде білім беру болып тұр. Олардың оқығаны мен тоқығаны бір-біріне сәйкес және әлемдік стандарттар деңгейінде болғаны абзал. Әрине, бұл орайда бар кінәні еліміздегі білім беру жүйесіндегі олқылықтарға, тіпті осының бәрін жөнге сала алмай жатқан үкіметке, білім берудің ұлттық доктринасының жоқтығына аудара салуға болар еді. Бірақ, ешбір елде ешқашан үкімет адамдарға бәрін әзір етіп бермейді. Артында атын өшірмейтін ұрпақ қалдыруды бұл пәнидегі адам өмірінің негізгі мәні деп ұғынатын әрбір ата-ана өз баласының болашағын өзі ойлауы шарт. Бір жағынан шетелдік әріптестерімен бәсекеге түсе алатындай әмбебап маман, екінші жағынан, ата-бабасының тілі мен ділін, діні мен әдет-ғұрпын, дәстүрі мен мәдениетін, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды бойына барынша сіңірген отаншыл азаматтарды тәрбиелеу бүгінгі қазақстандықтардың адами парызы ғана емес, ұлттың алдындағы борышы да.

Еліміздің таяу болашақтағы ең ықтимал және барынша тиімді экономикалық құрылымы, соған сай пайда болатын кейбір әлеуметтік жіктері төмендегідей үлгіде қалыптасуы мүмкін:

1. Іскерлік пен біліктілік арқасында бүгінгі күні-ақ біршама байлық жинап, билік тұтқаларына өз өкілдерін өткізіп үлгірген, болашақта ірі-ірі өнеркәсіп орындарын иеленіп ұлттық экономикалық элитаға айналатын ауқатты-

лар тобы. Бұлар бірте-бірте ел экономикасының іргетасын құрайтын кәсіпорындар акцияларының бақылау пакетін мемлекеттен, шет елдік қожайындардан сатып алу жолымен үкіметтің мойнын ішкі шаруашылықтық жүктерден босататын болады. Мемлекет бюджетін молайтатын салықтардың да басым бөлігі осы ауқаттылар табысынан жиналады. Осындай элитарлық мәртебесіне орай бұл топ, жоғарыда айтқанымдай, мемлекетіміз бен ұлтымыздың өсіп-өркендеуіне мүдделі және жауапты. Сондықтан, оларға қауымдық немесе әулеттік мүдделер аясында шектеліп қалуға болмайды, жалпымемлекеттік мүдде бәрінен биік тұруға тиіс. Мен, тіпті, ұлтымыздың болашағы үшін бұл топтың өз арасында саяси және экономикалық бәсекелестіктің мүлде болмағанын қалар едім. Керісінше, халық та, үкімет те ішкі және сыртқы рынокта шетелдік әріптестерімен иық тірестіре бәсекеге түсуге қабілетті, қажет болса өзара күш біріктіре алатын, тіпті, кейбір салаларда монополиялық мәртебеге ие, қуатты өнеркәсіптік бірлестіктер құруға ынталы болуы керек. Мұндай ұлттық монополиялардан шошынудың қажеті жоқ. Үкімет бақылау тетігін өз қолына ұстап қала береді емес пе?! Ал, оларды тоқыратпай, үнемі жетілуге мәжбүр ететін қозғаушы күш-бәсеке десек, ашық қоғам жағдайында мұндай қарсыластар әрқашан табылады.

2. Бірқатары жоғарыдағы ірі ұлттық компаниялардың маңына шоғырланған, екінші біреулері ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіріп, өңдеп ұқсатуға мамандanған, үшінші біреулері қызмет көрсету саласына бейімделген, төртінші біреулері делдалдықпен, кеңес берумен, өсімқорлықпен айналысатын т.с.с. шағын және орта кәсіпкерлер. Қоғамдағы орташа тапты құрайтын бұлар әулеттік қауымдасу негізінде де, келісімшарт бойынша жеке адамның жалдамалы жұмысшылар ұстауы негізінде де қызмет етуі мүмкін.

3. Мемлекеттік қызметкерлер, зиялы қауым өкілдері, банк мамандары т. б.

4. Жалдамалы жұмысшылар мен мамандар. Қазақ қоғамында біреуге жалданудың қорлық болып саналып келгені белгілі. Ежелден қазақтар шағын да болса дөңгеленген өз шаруашылығы болғанын, жұрттан қалмай жазда жайлауға, қыста қыстауға көшкенді мәртебе санаған. Бұл тұрғыдан біздің ұлттық діліміз жалақысы қанша көп болса да ірі кәсіпорындардағы қызметін тастап, қатер мен қиындыққа толы шағын кәсіпорын ашуға тырысатын американдықтарға ұқсас. Осындай жаппай ауқаттылар қатарына қосылуға құлшыныс түріндегі «американдық арманның», яғни ұлттық кәсіпкерлік рухтың нәтижесінде ол ел халқының жартысы шағын және орта бизнеспен айналысады, елдері де өркениеттің көш басында. Еркін кәсіпкерлік рух, яғни өз шаруашылығын құруға ұмтылыс, көріп отырғанымыздай, қазақ қауымына да жат болмаған. Мәселе осы рухты қайта оятып, дұрыс арнада дамуына әділ құқықтық мүмкіндік туғызуда болып отыр.

5. Еңбек етуге, өздігінен шаруашылығын құруға қабілетсіз, сондықтан мемлекет қамқорлығына алынуға тиісті зейнеткерлер, кемтарлар, жетім-жесірлер т. б. Мемлекет денсаулық сақтау, салауатты өмір салтын уағыздау, қоршаған ортаны қорғау, отбасылық және сақтандыру міндеттемелерінің орындалуын қадағалау, қайырымдылықты қолдау шаралары арқылы бұл топқа жұмсалатын шығындарды азайтуға мүдделі.

Қоғамымызда қазірдің өзінде бедері білініп қалған, болашақта араларындағы алшақтық айқын біліне бастайтын әлеуметтік жіктердің сипаты осындай. Бізге ұнаса да, ұнамаса да, барша өркениетті елдердің даму үрдісіне түскен қоғамымыздағы экономикалық құрылым осындай әлеуметтік жіктелуге алып келеді. Ендігі мәселе осы жіктердің өзара ынтымағын жарастырып, халқымызды іштей топтастыратын, сөйтіп, ашық қоғам жағдайында ұлттық рухымыз бен болмысымызды, ұлттық бірегейлігіміз бен қауіпсіздігімізді сақтап қалатын ортақ ділімізді, яғни көзқарасымыз бен дүниетанымымызды айқындауға келіп тірелмек.

Ұлттық діл және кәсіпкерлік рух

Әр ұлттың ділі, яғни менталитеті туралы мәселе әлемдік әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдағы өзекті тақырыптардың бірі. Қаржы мен ақпарат ағынына шекара сызықтары бөгет бола алмайтын, адамдардың бір елден екінші елге жүріп-тұруына ешқандай шек қойылмайтын қазіргі өркениетті әлемдік құрылым жағдайында кез келген ұлт өзінің болмыс-бітімін, тілі мен ділін, дінін, мәдениеті мен әдет-ғұрпын басқалармен өзара әсерлесу, аман сақтау арқылы ғана қорғауға тырысады. Сондықтан олар дәстүрлі мәдениетін дамытуға, әдет-ғұрыптарын атадан балаға таза жеткізуге күш салады. Сан ғасырлар бойы жер шарының әр қиырында шашырап жүрген еврей халқы ділінің мықтылығы арқасында өз жерін қайтарып, дербес мемлекетін орнатып, ғасырлар тозаңының астында ұмтылуы мүмкін-ақ тілін қайта тірілтіп алды. Оған, керісінше, қырық рудан құралған ең жас ұлттардың бірі американдықтар, салыстырмалы түрде, аз уақыт шегінде халықты топтастыратын ортақ діл жасап, әлемдік өркениет дамуының көш басшысына айналып отыр. Ал, этникалық жіктелу қатерінен арылмай отырған өзге халықтар қасіретінің негізгі сыры – осы ортақ ділдің болмауында жатыр. Тіпті, «кеңес халқы» деген жаңа этнос қалыптастырдық деп 70 жыл бойы жар салған КСРО-ның ыдырауына да себеп болған осы: оның құрамындағы ұлттардың ғасырлар бойғы төл ділін сақтап қалуы.

Қазіргі кейбір қоғамтанушы ғалымдар қазақ ұлтын «жас ұлт»деп атап жүр. Егер халқымыздың орта жасына қарап бағалайтын көзқарас тұрғысынан алсақ, біз, шынында да, жас ұлтпыз, ал тарихи-әлеуметтік даму тұрғысынан алып қарағанда, қазақтар – ортақ тілі мен ділі әлдеқашан орныққан, өзін өзі сақтау рефлексі қалыптасқан, сыртқы ықпалды әсерлердің қай-қайсысына да алдырмай, болмыс бітімін таза сақтаған байырғы ұлттардың бірі.

Ұлттың өзін-өзі сақтау рефлексі мәселесі де – тереңдей зерттеуді қажет ететін, халықтың ғасырлар бойғы қалыптасқан әдет-ғұрпында көрінісі сақталған күрделі тақырып.

Еуразия құрлығының дәл ортасындағы кең-байтақ кеңістікті иеленген қазақ ұлтының өзін-өзі сақтау рефлексі сонау көктүріктер заманындағы, Шығыс пен Батыстың шаңын ат тұяғымен бір-біріне қосқан кезеңге қарағанда кейін тарихи рөлдердің ауысуына сәйкес елеулі өзгеріске түскен. Көктүріктер заманында көпшілдік, яғни ұрпағымызды таза сақтайын деп қауіптенбей, ешкімді жатырқамай, жаугершілік жолында кездескен этностарды топ-тобымен құрамына сіңіре беру үрдісі үстемдік етсе (Ұлы Түрік, Бұлғар, Хазар қағанаттарының түбіне жеткен де осы кеңпейілдік болатын), кейін өздері өзге ұлттардың ығына жығылып, боданына айналған кезде ұрпағының тегі мен қанын, діні мен әдет-ғұрпын, тілі мен ділін таза сақтауға бағытталған табиғи ұлттық рефлекс қалыптаса бастады. Тіпті, күні кешегі кеңес дәуірінде, интернационалдық некелер жаппай насихатталып, Қазақстан «халықтар достығының лабораториясы» аталған кезеңде де халық бойындағы өзіндік болмыс-бітімін сақтауға ұмтылған осы табиғи рефлекс тегеурінді насихаттың бәріне төтеп берді.

Осы дәстүрдің ықпалынан дербес мемлекетімізді құрып, елдегі біріктіруші ұйытқы ұлтқа айналған бүгінгі күнге дейін арылған жоқпыз. Бәлкім, бір есептен, батысымызбен де, шығысымызбен де экономикалық қарымқатынасымызды кеңейтіп, ашық қоғам құрып, Азия мен Еуропа сияқты әлем құрлықтары арасындағы байланыстырушы ел болып отырған кезде шыққан тегімізді, ділімізді, дінімізді, тіліміздің таза ұстау дәстүрінің сақтала бергені де дұрыс шығар. Алайда, басқа этникалық топтардан тараған отандастарымыздың бәрін бауырымызға тартып, ұйытқы ұлт міндетін атқарып, ортақ қазақы діл негізінде біртұтас халық ретінде қалыптасу процесіне көшбасшылық жа-

сау үшін бізге бұрынғы оқшаулап, қорғап келген ұлттық ділімізді жүйелеп, таразылап, өзге отандастарымызға ұғындыруға тура келеді. Оның үстіне дәстүрлі ұлттық ділдің экономикаға, өндірісті ұйымдастыру тәсіліне ықпал ететіні ежелден белгілі ақиқат.

Көріп отырғанымыздай, біздің еуразиялық сипатымызға сай, тарихи даму жолымыз барысында қалыптасқан өзіндік ділімiз бар екен және осы діл болашақ өркениетті қоғамымыздың әлеуметтік-экономикалық моделін жасауда шешуші рөл атқарады.

Бір жағынан, атамекеніміз табиғатының қаталдығына, көшпелі ата кәсібіміздің ауырлығына байланысты дәстүрлі қазақ қоғамында бір-біріне жәрдемдесіп, қауымдаса ғұмыр кешу дәстүрі баяғыдан қалыптасқан. Қауым ішіндегі жетім де, жесір де қамқорлықсыз қалмаған. Қайғысын да, қуанышын да ағайынмен бөлісіп отыру, басына іс түскенде әр адамның көпшіліктен жәрдем дәмету әдеті әлі күнге дейін сақталып келеді. Түркияға қоныс теуіп, шағын шаруашылықтарын дөңгелетіп отырған қандастарымыз негізінен туыстық, әлеуметтік жақындықтарына қарай біріккен. Өзіміз айта беретін кеңес заманында да «отбасылық мердігерлік»деген атауды ойлап тауып, өндіріс барысында жеке мүдде мен қоғамдық мүддені ұштастырудың қауымдық, яғни әулеттік тәсілінің тиімділігін пайдалануға тырысқанымыз көпшіліктің есінде болар. Ауыл шаруашылығы кәсіпорындарын жекешелендіріп, жеке қожалықтар құру кезінде өндірісті ұйымдастырудың ежелгі әулеттік тәсілі көп жерлерде қайта жаңғыртылуда. Мұндай қожалықтар өзге, таза құқықтық-келісімшарттық негізде құрылған шаруашылық субъектілерімен салыстырғанда тиімді, орнықты жұмыс істеуде.

Екінші жағынан, қазақ қоғамында ежелден жеке адамдардың даралық қасиеті өте жоғары бағаланған. Кез келген батырлық жырларымызды немесе халықтың мақал-

мәтелдерін сүзіп шығыңыз. Бәрінде де негізгі рөл тұлғаға беріліп, жігіттің батырлығы, дарқандығы, адамгершілігі, кісілігі, жомарттығы т. б. асыл қасиеттер насихатталады. Тіпті, ғасырлар бойы ауыл-ауыл, ата-ата, құда – жекжат, ру-ру боп, қауымдаса тіршілік кешкен қазақ қоғамындағы әр ауыл, әр ру белгілі батырлардың, беделді билер мен байлардың маңына топтасқан. Әлгі дара тұлға өзінің саясына паналаған елді жауға алдырмай, жұтқа ұрындырмай, аштыққа ұшыратпай аман-есен өсіріп өрбітуді парызы санаған. Қазіргі беделді де білікті азаматтар маңына ұйысып, шаруашылықтарын дөңгелетіп жүргізе бастаған қожалықтар мен шағын фирмалар жұмысынан да осы дәстүрдің ұшқынын байқау қиын емес.

Алайда, бұдан біздің болашақ экономикалық құрылымымыз әулеттік, тамыр-таныстық байланыстар негізінде ұйысқан қауымдық-ұжымдық субъектілерден құралатын болады деген қате пікір тумауы керек. Екінші жағынан, мұндай шағын кәсіпкерлік бірлестіктер елді жік-жікке бөліп, ұлттық тұтастығымызға қатер төндіреді деп орынсыз қауіптенудің де қажеті жоқ.

Ұлттық бірегейлену үрдісі

Ұлттық ділдің экономикалық құрылымға тигізетін ықпалына жоғарыда тоқталып өттік. Ал, мұның этникалық жіктер арасындағы өзара төзімділік пен татулықты, ұлттық бірегейленуімізді қамтамасыз етудегі рөлі ерекше зор. Мысалға, бенгал ақыны Р. Тагордың бір өлеңіне байланысты басталған дау студенттер толқуына ұласып, ақырында тұтас бір елдің екі жарылуына, сөйтіп, қазіргі Бангладеш мемлекетінің пайда болуына әкеп соқтырғаны күні кеше ғана еді ғой. Немесе мыңдаған адамның өмірін жалмаған Таудағы Қарабақ жанжалы қас қылғандай сол аймақтағы басым этностың ұлттық азалы күні жасалған тойдағы болмашы төбелестен басталмап па еді?! Бұл мысалдар бірегей ұлтқа айналғалы отырған бізге ортақ ділімізді – бәріміз мойындайтын тарихи-дүниетанымдық санамыз бен мінез-

құлық өлшемдерімізді осы бастан айқындап алуымыздың қажеттігін көрсетеді.

Үстіміздегі ғасырда бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып ұйысу, яғни қазақстандықтардың «бірегейлену» проблемасы халықтың денсаулығын қорғауды ұйымдастыруға қарағанда әлдеқайда күрделі, әлдеқайда астарлары көп әлеуметтік мәселе. Мен бұл арада құлағымыз әбден жауыр болған «ұлтаралық жанжал қатері» туралы айтып отырғаным жоқ. Қазақстан мұндай қатерлі сыннан сүрінбей өтті. Ұлттық татулық пен халық бірлігін нығайтуды үнемі назарда ұстап отырған Елбасымыздың байсалды саясаты жалғаса берер болса (мен бұған күмәнданбаймын), түптің түбінде Қазақстанда этникалық жіктелу жойыла бастауы мүмкін. Яғни Қазақстан бірте-бірте моноұлттық елге айнала бастайды. Қазір әр түрлі түсінбестік туғызып жүрген «Қазақстан халқы», «қазақ халқы» деген тіркестер арасындағы мазмұндық алшақтық жойылып, олар түбінде бір ұғымды білдіретін атауларға айналады. Алайда мұндай «бірегейлікке» жету үшін өзге этникалық топтар өкілдерінің әлеуметтік-психологиялық жайсыздық сезімдерін жаймалап тарататын уақыт, оларды шоғырланып тұрып жатқан аймақтарында тілінің, мәдениетінің, білім беру жүйесінің жойылмайтынына сендіретін нақтылы мемлекеттік іс-шаралар, тең құқықтарының ешуақытта бұзылмайтынына кепілдік беретін заңдар қажет. Бұлардың бәрі бізде бар, тек отандастарымыздың кейбір бөлігінің әлгі әлеуметтік-психологиялық жайсыздық сезімінен арылуына мүмкіндік беретін уақыт тапшылығы болмаса.

Шет елдерде (тіпті, Ресейдің өзінде де) қазақстандықтарды «қазақтар» деп атай береді. Олар үшін атақты шаңғышы В. Смирнов та қазақ, бір ойыншымыздан басқасының бәрі өзге ұлттың өкілдерінен құралған хоккей командамыздың бәрі де қазақ. Ата тегін қазбаламай, әр елдің азаматын сол елге ат беріп отырған ұлтқа теліп рәсімдеу әлемдік түсінікте қалыптасқан дәстүр. Мұны әлгі азамат намыс көрмейді. Керісінше, мақтанышпен қабылдайды.

Осы дәстүр Қазақстанның өз ішінде де тезірек қабылданып, орнығуы үшін біз – қазақстандықтар төмендегідей кейбір әлеуметтік ақиқаттарды күлбілтелемей, анық түсінісіп алуымыз керек. Қазақстан – қазақ ұлтының жер бетіндегі жалғыз отаны, мемлекеті, бірақ ол өз азаматтарының ұлтына, тіліне, сеніміне қарамай, бәрінің бірдей тең құқықтарын қамтамасыз етеді. Демократиялық мемлекеттің түпкі мақсаты теңдік пен бостандықтың іштей үйлесімділігін қамтамасыз етеді. Белгілі бір аумақтарда шоғырланып қоныстанған этникалық топтардың тілі мен мәдениетінің дамуына қамқорлық жасайды. Алайда, біз көпэтносты мемлекет болуға тырыспауымыз қажет. Себебі, көпэтностық кез келген елдің іргетасындағы ақау, сызат іспетті. Ол ғұмыр бойы елдің ішкі қуатын алаңдатып, үнемі қатер қаупін сездіреді де тұрады. Керісінше, кез келген дамыған ұлттың негізі бірнеше этникалық жіктерден құралған. Яғни, этникалық бірігу, бірегейлену мемлекеттік ауқымда емес, ұлттық ауқымда жүзеге асуы қажет. Мұндай бірігу мемлекеттің іргесін бекітеді, ұлттың да рухани-мәдени жағынан молығуына, кемелденуіне жеткізеді. Осындай ұлттық бірегейлену процесі неғұрлым тез жүзеге асса еліміздің экономикалық өсуі мен дамуы да, ұлттық қауіпсіздігінің нығаюы да, азаматтық қоғам құруға талпынған демократиялық реформаларымыз да қарқынды әрі орнықты бола түсер еді. Қазіргі кейбір саясаткерлер жиі айтатын «азаматтық қоғам», яғни жеке адамдардың құқықтары қатаң қорғалатын, олардың саяси және экономикалық бастамаларына еркіндік берілетін, кез келген әлеуметтік проблеманы мемлекеттің араласуынсыз өзін-өзі реттейтін механизмі қалыптасқан қоғам ұлттық бірегейленуден кейін ғана пайда болады. Мемлекет өзін өзі сақтау үшін үнемі этникалық жанжалдардың алдын алып, еріксіз қоғам өміріне араласуға мәжбүр болып отырған жағдайда «азаматтық қоғам» ешқашан құрылмайды.

Ұлттық бірегейленудің осындай мән-маңызына қарамастан бұл табиғи процесс неге тежелуде?! Қандай кедергілер бар? Тіпті, әлі күнге дейін қоғам өмірінің осы бір нәзік саласында атқарылатын мақсатты, жан-жақты ойластырылған шаралардың қарапайым жоспары неге жоқ?! Міне, бұл сауалдар саясаткерлер мен қоғамтанушыларға тікелей қатысты.

Ең алдымен, бірегейлену процесіндегі ұйытқы ұлт – мына біздер, қазақтар өзімізге жүктелген күрделі де жауапты міндеттің салмағын толық сезіне алмай отырмыз. Өз елімізде отырып, атамекенімізге өзге отандастарымызды бауырға тарта қамқорлық жасаудың орнына, жетімдіктің зары өтіп кеткен бала тәрізді жеке мүддеміздің аясынан шыға алмай, айналамыздың бәріне өгейлене қараймыз. Бізге салса, «ақша бөлмейтін үкімет те өгей», «жиналып ап өзге тілде сөйлейтін парламент мүшелері де өгей», «өз өнерпаздарынан гөрі жат елдің әншілерін жарылқауға құмар кәсіпкерлер де өгей».

Ұлттық бірегейлену процесінің қажеттілігін түсініп, отандастарымыздың осынау табиғи құбылысты санасы мен жүрегі арқылы шынайы түрде қабылдай бастауына мемлекеттік рәміздеріміз бен атрибуттарға деген құрмет, еліміздің азаматтары қай жерде, қандай қиындықтарға тап болса да оларды қорғауға ұмтылуы, өз азаматтарымыздың мүдделеріне басым қамқорлық жасап, «әр азаматтың жақсы тұрмысының өзі де тұрып жатқан мемлекеттің егемендігі мен қауіпсіздігіне байланысты екенін» сөз жүзінде емес, іс жүзінде нақтылы көрсетуі оң ықпал жасар еді.

Сонымен, еліміздегі ұлттық бірегейлену процесі қазірдің өзінде баяу да болса жүріп жатыр екен. Бұған дәлел: тәуелсіздігіміздің алғашқы жылдарындағыдай этникалық жіктер арасындағы жаттану мен бөтенсінудің азая бастағаны. Соңғы күндердегі социологиялық зерттеулер нәтижесі көрсеткендей, халқымыздың басым көпшілігі біздің еліміздегі этносаралық жанжал қатерінің сейілгенін мойындайды. Ал, әр түрлі ішкі және сыртқы топтардың

Қазақстандағы кейбір этностардың жағдайына жаны ашығансып, жанталаса дабыл қағуы жоғалта бастаған саяси ұпайларын қайтаруға тырысқан әлегі ғана.

Кез келген ұлттың өзін өзі бірегейлендіруі ұзақ тарихи даму нәтижесінде қалыптасатын құбылыс екені белгілі. Бірақ, қазақ халқы бірегейлену, тұтас ұлт боп ұйысу процесінен баяғыда-ақ өткен. Бұған қазірдің өзінде 2 миллион 700 мың шаршы километр алып аумақты иеленіп отырған халқымыздың Алтай мен Еділ жағасында тұратын өкілдерінің тілінде, мінезінде, әдет-ғұрпында, тіпті, қанының құрамында титтей де өзгешеліктердің болмауы дәлел. Көшпелі өмір салты, шаруашылық жүргізу үрдісінің ұқсастығы, ел мен жердің ортақтығын сезіну түйсігі, қалыптасқан дәстүрлі билік жүргізу және басқару жүйесінің ғасырлар бойы сақталуы, біртұтас рухани-мәдени әлем… бәрі-бәрі қазақ халқының бірегей ұлт ретінде қалыптасу кезеңін әлдеқашан басынан өткізгенін көрсетеді. Тіпті, біздің осынау бірегей салтымызды үш ғасырға созылған сыртқы экспансиялық өктемдік, қитұрқы отарлау саясаты да бұза алмады. Қаратау мен Алтайдың, Еділ мен Ертістің, Маңқыстау мен Баянауылдың өз жері екенін ат жалын тартып мінген қазақ баласының бәрі кітап оқымай жатып-ақ біліп өсті.

Бірегейлену әртүрлі тарихи себептермен біздің еліміз-ге қоныс тепкен, ондаған жылдар бойы қуанышымызды да, қиындығымызды да бірге бөліскен, Қазақстанның өндірістік қуатының негізін қалауға ат салысқан, бұл күндері тәуелсіз еліміздің тең құқықты азаматтары болып отырған өзге ұлт өкілдері жайында болып отыр. Бұрынғы КСРО аталатын, қолдан күшпен құрастырылған ортақ «шаңырақтың» күйреп, оның орнына ұлттық идеяға сүйенген бірнеше тәуелсіз елдердің пайда болуы алғашқыда біздің бұл отандастарымызды абыржытып тастағаны рас. Бұл жағынан олардың әрқайсысының басқа жақта өзінің ұлттық мемлекеті немесе мемлекеттік құрылымы бар, ол жерде ана

тілі мен мәдениеті дамып жатыр. Ұлттық мақтаныш кез келген адамның бойындағы табиғи қасиет екенін ескерсек, қазақстандық орыстың, немістің, украиннің, корейдің, еврейдің, шешеннің т. б. алыстағы өз отанында болып жатқан жақсылыққа сүйініп, қасіретке күйініп отыруы заңдылық. Тіпті, болашақ үрім-бұтақтарының өз отанына етене бауыр басқанын, ұлттық тілі мен мәдениетінің қайнаған ортасында ержеткенін қалап, пәлен жылғы ыстық қонысымен қимай қоштасып, ата жұртына үдере көшу әрекетінің шын сырын да жүрегіңмен түсінесің. Бұл процестің ешқандай саяси немесе экономикалық астары жоқ. Ата жұртына Монғолиядан, Қытайдан, Ресейден, Ауғанстаннан, Өзбекстаннан, Иранннан т. б. елдерден келіп жатқан қазақтарды қандай сезім жетелесе, Қазақстаннан көшіп жатқан бұрынғы отандастарымыз әрекетінің де негізінде осы сезім жатыр.

«Өткенге салауат, қалғанға береке» дейді сан ғасырлық тарихында мың өліп, мың тірілсе де келешегінен үмітін үзбейтін біздің халық. Тәуелсіздік үшін, дербес ел болу жолында тартар зардабымыз, шегетін азабымыз осымен бітсе шүкіршілік етеміз де.

Ендігі міндет – қазағымыз ба, орысымыз ба, үйғырымыз ба, немісіміз бе, әйтеуір, Қазақстан деп аталатын қасиетті мекенге кіндігіміз байланған, оны шын көңілімізбен, адал ниетімізбен отаным деп таныған он жеті миллионнан астам халықтың бір жеңнен қол шығарып ұйысуы, біртебірте демографиялық тежелуден шығып, асты да, үсті де байлыққа толы кең байтақ атамекеннің кез келген бәсекеге төтеп беретін атпал азаматтары боп ер жетуі.

Әбдімәлік Нысанбаев.
Егемен Қазақстан. – 7 мамыр, 2004.

2 ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ҚАЗАҚТЫҢ РУХАНИ МҰРАСЫ

2.1 ФИЛОСОФИЯЛЫҚ МҰРА ЖӘНЕ ТҰЛҒАНЫҢ РУХАНИ ҚАЛЫПТАСУЫ

«Мәдени мұра» Мемлекеттік бағдарламасы 2003 жылдың 4-сәуіріндегі Президент Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауының негізінде жасалып, Қазақстан Республикасының Ұлттық Кеңесінде қабылданып, (2004–2006, 2007–2009 жж.) іске асырылуда. Президент Жолдауында посткеңестік кеңістікте алғаш рет мемлекеттік тілде гуманитарлық білімге арналған толыққанды қор құру жайлы кең және ауқымды мәселе қойылды. Бұл әлемдік мәдениеттің, ғылымның, философияның, әдебиеттің, бүкіл гуманитаристиканың ең үздік үлгілері толық қазақ тілінде сөйлеуі керек деген сөз. Сонымен бірге қазақ халқының бай рухани және мәдени мұрасы осы саладағы жетістіктерді ескере отырып, қазақ тілінде толықтай көрініс табуы керек. Бұл қазақ халқының бай мәдени дүниетанымдық інжу-маржандары мен мұрасының жүйеленуін, кең таралуын және насихатталуын қажет етеді. Мұндай күрделі мәселе алғаш рет тек республика қоғамтанушыларының ғана емес, бүкіл ел алдына қойылды. Ол жаһандану дәуіріндегі елдің рухани қауіпсіздігін, мәдени өзіндік төл-тумалылығын, республиканың тәуелсіздігін нығайтуға, ұлттық және мәдени бірегейлігін және жаңа қоғамдық сананы қалыптастыруға өзінің үлкен әсерін тигізеді.

Тәуелсіздік алысымен «Қазақ даласының ойшылдары» атты 4 кітаптан тұратын зерттеулер сериясы іске асты. Бұл топтамалардың 4 кітабы жарық көрді. 2004 жылы Вашингтонда менің «Қазақстандағы мәдени мұра және әлеуметтік

трансформация» атты көлемді кітабым ағылшын тілінде жарық көрді. Ұлттық философиялық мұра бойынша жұмыстарды кезең-кезеңге бөліп жүйелі жүргізуде осындай зерттеулердің маңызы айтарлықтай болды.

ҚР БҒМ Философия және саясаттану институты Республиканың жоғары оқу орындары өкілдерінің күш-жігерін біріктіре отырып, «Ежелгі дәуірден бүгінгі күнге дейінгі қазақ халқының философиялық мұрасы» (20 томдық) топтамасына қосу мақсатында іріктелген мәтіндерді құрастыру, аудару, сараптама жасау, беташарлық мақала жазу, түсініктемелер беру, ғылыми редакциялау сияқты кең көлемде жүргізілген ғылыми жұмыстардың үйлестірушісі болды. Сонымен қатар 20 томдық «Әлемдік философиялық мұра» және әл-Фарабидің «10 томдық шығармалар жинағы» мемлекеттік тілде тұңғыш рет жарық көрді. Материалдарды сұрыптау осылайша ғылыми жұмыстардың өркениетті елдердегі деңгейіне сәйкес шынайылық пен объективтіліктің өлшемдеріне төтеп бере алады. Бұл дүниежүзілік интеллектуалдық кеңістіктегі бәсекелестікке үйренудің өзіндік көріністері деуге болады.

«Мәдени мұра» бағдарламасын іске асыру – қазіргі тәуелсіз Қазақстанның жаңарған рухани келбетін, жаһанданған әлемдегі жаңа Республиканың орны мен ұстанымын, оның өркениетті қауымдастықтағы беделі мен мәртебесін көтеретін теңдесі жоқ гуманитарлық бағдарлама. Бұл бағдарламаны іске асыру үшін Қазақстан Рсепубликасы Президенті әкімшілігі жетекшілігі орынбасары Мәулен Әшімбаев басқаратын Қоғамдық кеңес өз жұмысын екінші кезеңге (2007–2009 жж.) сәйкес тиімді де нәтижелі түрде жүргізуде.

Әлемдік философиялық мұраны қазақ тіліндегі оқырмандарға жүйелі түрде жеткізу мәселесіне тоқтала кетелік. Сарапшылардың таңдаулары арқылы әлемдік философиялық ойдың ең озық үлгілері іріктеп алынып, қазақ тіліне аударылды. Платон, Аристотель, Кант, Ге-

гель және тағы басқа философияның ғұламалары қазақ тілінде сөйледі. Бұл антологиялық ұстынмен таңдаудағы негізгі ұстын – ұлы философтардың шығармаларындағы тәуелсіздігімізге демеу болатын, рухани жетілуімізге көмек беретін идеяларды жас ұрпаққа барынша төлтумаға жақын нұсқада жеткізу болып табылады. Бұл қадамдарымызды жүзеге асыру үшін күрделі философиялық мәтіндерді қазақ тіліне тәржімелей алатын Қазақстандағы ең алдыңғы қатарлы кәсіби мамандар жұмылдырылды. Жоғары мектептің қазақ тілді студенттері мен магистранттарына, аспиранттары мен докторанттарына, оқытушылары мен жалпы оқырман қауымға жоғарыда жасалып жатқан игілікті істердің шапағаты мол боларына сенімдеміз. Тек айта кететін бір жәйт: жарық көріп жатқан томдарға көптеп сұраныс болып жатқанымен таралымы өте аз көлемде болып отыр. Сондықтан Қазақстанның барлық түкпірлеріндегі қалың оқырманға «Мәдени мұра» бағдарламасының өнімдерін жеткізуді, оларды кеңінен насихаттауды ғалымдар өз қолына алғаны жөн деген пікірдемін. Әрбір ұлт өзінің мәдени мұрасын жоғары деңгейде қадірлеген сайын ол әлемдік жұртшылық алдындағы, Ұлы адамзат тарихы алындағы мәртебесін биіктете түседі. Руханияты мен мәдениеті жоғары халықтың болашағы да жарқын және айқын болады. Адамзаттың рухани әлеміне барынша толыққанды көңіл бөлгеніміздің ешқашан ұтылмаймыз. Осындай тарихи қадамдардың арқасында халқымыз өзінің мемлекеттік тілдегі білімін жетілдіру бағытында асқақ биіктерге көтеріліп, Орталық Азияның нағыз рухани жетекшісі рөлін атаратын тарихи субъектіге айналары анық деген ойдамын.

Қазірдің өзінде көп томды мәдени және философиялық мұраны жариялау жөніндегі жұмыс пен дайындық процесінде әр түрлі әрі ұйымдастырушылық, әрі әдіснамалық сипаттағы сұрақтар туындайды. Мысалы, қандай да бір ойшылды, шығарманы таңдау барысында біз қандай өлшемді жетекшілік етіп алуымыз қажет: оқу мен білім

беру бағдарламаларының мұқтаждықтарын қамтамасыз етеміз бе? әлде халықтың ұлттық сана-сезімі мен мәдениетін дамыту негізігі бағдар жасаймыз ба? Ақиқат әрқашанда аралық деңгейде орналасатыны белгілі. Бұл екі үрдісті, бағыт-бағдарды мемлекеттік бағдарламаны жүзеге асыру барысында ескергеніміз жөн іспетті.

Адамзат тарихындағы ең қасіретті жиырмасыншы ғасыр бізге оңай мұра қалдырған жоқ: қырғын соғыстар, діни экстремизм, терроризм, ұлтаралық соғыстар мен қақтығыстар, рухани азғындық, экологиялық және антропологиялық апаттар. Бірақ үміттің сәулесі, адамдардың санасы мен ізгілікті еркіне деген сенім бізге өмір сүруге және болашаққа қатысты жоспарлар құруға көмек береді. Бейбітшілікті, тұрақтылықты, қауіпсіздікті қамтамасыз ету әлемдегі адамзаттық болмыстың шынайы рухани негіздерін сақтау мәдениет пен руханият арқылы іске асатыны даусыз.

Қоршаған әлемді, адами өмірді әр түрлі ұғымдар, түсініктер, көркем бейнелер арқылы рухани игеруге ұмтылмайтын, даналық тағылымдарды қордаламайтын тарих толқынындағы халық та, ұлттық мәдениет те болмайды. Ол саланы қадірлемеу, оның философиялық байыбына жетуге тырыспау этностың рухани құлдырауына, әлеуметтік дағдарысына алып келуі мүмкін. Сондықтан дүниені әмбебап кейіпте танып-білуге, өрнектеуге талаптанатын философиялық дүниетаным кез келген мәдениет үшін, тарихи кезең үшін адамгершілік, гуманизм ұстындарын тарататын маңызды феноменге айналады. Қазақ халқы даналыққа құштар халық, философия оның өмір сүру формасы болып табылады. Ал, енді қазақ халқының сан ғасырлық тарихында орасан зор рухани байлық, даналық тағылымдары болғаны және қазір де бар екені белгілі. Мәселе сол рухани дүниені жүйелі түрде, кәсіби сараптаудан өткізе отырып келесі ұрпаққа жеткізе білуде. Бұл біздің халқымыз алдындағы рухани парызымыз. Міне, осы мағынада біздің әріптестеріміз, қазақстандық философтар қауымы бірталай ғылыми-зерттеу жұмыстарын атқарды. Бұрын жеткілікті

назар аударылмай келген философиялық танымның ұлттық типіне барынша ыждағаттылықпен назар аударыла бастады, тарихтың «ақтаңдақтары» болып келген көптеген жаңа ойшылдар мен шығармаларға жаңа түсініктемелер де беріліп үлгірілді.

Шығыстың бай әралуан философиялары, солардың ішінде қазақ халқының философиялық мұрасы батыстағыдай қалыптасқан философиялық жүйелерде емес, мифологияда, поэзияда, фольклорда, музыкада, ауыз әдебиетінде, мақал-мәтелдерде, қанатты сөздерде жатыр. Әлемді, адамды, оның өзін-өзі тануын, сөйтіп өзін басқаға таныту, бәсекеге қабілетті тұлғаның өмірдегі орны мен рөлін философиялық-дүниетанымдық және дәстүрлі этикалық тұрғыдан жан-жақты зерделеуге айрықша мән беру қазақ философиясының ерекше сипаты болып табылады. Бұл тұрғыдан келгенде қазақ философиясы – шығыстық философиядағы, ең алдымен, ұлы Абай «Адам бол!» дегендей, толық рухани жағынан жетілген адам болу рухын қастерлеу мен зерделеу дәстүрін жалғастыра отырып, оны өзіндік ең жоғары кісілік мазмұнмен байытқан философия. Қазақ философиясы дегенде оның ежелгі түркілік бастауларын, халықтық және кәсіби формаларын айтқан дұрыс.

Қазақ халқының философиялық мұрасын зерттеуші ғалымдар осындай ерекшеліктерді ескере отырып, ұлттық әдебиетті ұлттық философияның өмір сүру формасы ретінде түсінгені, жеке тұлғалардың поэтикалық мұрасындағы бай философиялық-дүниетанымдық мазмұнды ашып көрсету үшін оны герменевтикалық және компаративистік тәсілдердің көмегімен қайта саралағаны дұрыс болар еді. Жалпы тарихи процесті зерделеудің қиындығы да осында. Жиырмасыншы ғасырдың басындағы қазақ ойшылдары Шәкәрім Құдайбердіұлы, Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Мұстафа Шоқай, Мағжан Жұмабаев, Міржақып Дулатов, Жүсіпбек Аймауытов, Мұхтар Әуезов, Ғұмар Қарашев, Мәшһүр Көпеев және тағы басқа даналар

ой еркіндігін өздерінің дүниетанымының басты ұстындарының бірі етті, сөйтіп жаңа ұлттық ояну философиясын ұсынды.

Ұлттық және әлемдік философиялық мұраны игеру тек тәуелсіздік жағдайында ғана толық іске аспақ, ал оның негізгі мақсаты тұлғаның рухани қалыптасуын іске асыру, ұлттық сана мен рухты ояту, оны тәуелсіздік жолындағы жасампаздық іске қосу, сөйтіп, еліміздің рухани тәуелсіздігі мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету болып табылады. Әлемдік философияның, яғни Ежелгі Қытай мен Ежелгі Үндістаннан басталып, қазіргі Батыс Еуропалық постмодерндік философияға дейінгі ғұламалар шығармаларының озық үлгілері болып есептелетін антологиялық ұстынмен жинақталған үзінділер мен тарауларды оқырмандарға ұсынудың астарында қазақ тіліндегі жастардың философиялық мәдениетін көтеру мақсаты жатыр, сонымен қатар жоғары оқу орындарында жетіспей келген мемлекеттік тілдегі оқу материалдарының орнын толтыру мүддесі алға қойылған; екіншіден, бұрын жеткілікті деңгейде қолға алынбай келген күрделі философиялық мәтіндерге аударма жасау мәселесі жолға қойылып, елімізде философия саласында кәсіби аудармашылар корпусы қалыптасты және олар өзара біріге қызмет атқарудың арқасында көптеген философиялық терминдерге ортақ, бірізді баламалар тауып та үлгірді. Мәселен, глобализация деген ұғымды жаһандану деп, менталитет деген ұғым діл деп айтылса, разум – зерде, рассудок – пайым деген кейіпте қолданысын таба бастады. Осындай терминологиялық базаны нығайту мақсатын қойған ғылыми тұрғыдағы қадамдар мемлекеттік тілдің еліміздегі қолдану аясын кеңейтуге, оның мағыналық, ұғымдық жағынан алғанда лингвистикалық қауқарын тереңдетуге барынша игілікті ықпалын тигізеді деген ойдамыз.

Меніңше, «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы бойынша жарық көріп жатқан тамаша туындыларды оқитын оқырман қауымды қалыптастырған жөн. Сонда

ғана ұлттық рух пен ұлттық намыс оянады. Ұлттық және әлемдік философиялық мұраны игеру жастарды тәуелсіз және еркін ойлауға үйретеді. Ой еркіндігі, пікір дербестігі қазақ халқының қанына туа біткен қасиет. Оған ақын-жыраулар дүниетанымы, би-шешендер және ағартушылар философиясы кепіл. Қалыптасқан пікірлер мен қағидаларға күмәнмен қарау – қазақ ойшылдарының негізгі ұстыны. Еркін ойлау Адамзаттың танымын кеңейткен талай-талай ғылыми және техникалық жаңалықтардың ашылуына, өнер мен шығармашылық туындыларының пайда болуына, күрделі саяси-экономикалық мәселелердің шешілуіне себеп болды.

Аудармашының ыждағатты еңбегін талап ететін қызметін – басқа ешкім емес, негізінен, кәсіби философтар атқаруы тиіс, өйткені философияның категориялық (ұғымдық) аппаратының мәні мен мазмұнын бұрмалауға жол беруге болмайды. Әдеби мәтіндердің тамаша тәржімалаушылары немесе журналист-аудармашылар философиялық мән мен мазмұнның жіктелуі маңызды болып табылатын мәтінмен жұмыс істей отырып, еріксіз түрде шынайы басқа акценттер жасау арқылы мәтіннің мазмұнын өзгертуі немесе оның мәнін оқырманға дейін толық жеткізе алмауы мүмкін. Сондықтан тұтастай жұмыстың сапасын қамтамасыз ету үшін қазақ мәдениетіне қатысы бар, әсіресе, ежелгі, маңызды мәтіндерді іріктеуді, мәтіндердің аударылуы мен түпнұсқамен бірегейлігін тексеруді, біртұтас категориялық аппарат пен бірыңғай терминологияны жасақтау және философиялық редакциялауды, негізгі идеялар мен қағидалардың түсініктемелерін дайындауды және т. б. міндетіне алатын дайындық кезеңіне интеллектуалдық тұрғыдан да, қаржылық тұрғыдан да ерекше көңіл аударылу қажет.

Қазақ тіліндегі 20 томдық «Әлемдік философиялық мұраға» қатысты бұл жауапкершілікті кәсіби философ-аудармашылармен кадрлық қамтамасыз етілуін талап етіп

қана қоймай, ең алдымен, әлемдік философиялық ойдың аса бай қазынасынан анағұрлым көрнекті ойшылдарын іріктеп алуды керек етеді. Олардың шығармаларын таңдау біздің тәуелсіз еліміздің мәдени және рухани дамуының қажеттіліктерінен туындауы тиіс.

Қазақ тілі әлемдік ойшылдардың рухани байлығы осы тілде сөйлей бастағанында ғана, бұл тіл әрбір адамның күнделікті өмірқамында қажеттілікке айналғанында ғана және оның сөздік қоры, коммуникативті және мәдени қызмет аясы байытылғанда ғана, жаңа терминдер мен ұғымдар пайда болғанда ғана толық қанды мемлекеттік тілге айналады. Ендеше, мемлекеттік тіл философия тіліне, ғылым тіліне айналады.

Философиялық аударма деген түбірінен жаңа сала пайда болды. Осы жерде Аристотельдің «Метафизикасын», әл-Фарабидің «Музыка жайлы үлкен кітабын», Кант пен Гегельдің шығармаларын және тағы басқаларын қазақ тіліне аударудың қиындықтарын айтқан жөн.

«Қазақ халқының философиялық мұрасы» сериясы бойынша «Қазақтың халық философиясы», «Қазақтың этикасы мен эстетикасы», «Қазақ ақын-жырауларының дүниетанымы», «Қазақ ағартушыларының философиясы» және тағы басқа томдар жарық көрді.

«Әлемдік философиялық мұра» бойынша «Антикалық философия», «Жаңа дәуір философиясы», «Өмір философиясы», «Ашық қоғам философиясы», «Постмодерн философиясы», «XX ғасырдағы тарих философиясы» және тағы басқа томдар жарық көрді.

Әбу Насыр әл-Фарабидің шығармашылығына арналған 10 томдық шығармалар жинағына ортағасырлық кемеңгер ойшылдың бірнеше еңбектерінің нұсқасы еніп отыр. Айта кететін жағдай бұл топтамада әл-Фарабидің «Музыка жайлы үлкен кітабы», «Аналитика», «Мутакаллимдер қолданған кіші силлогизм», «Теология» трактаты және т. б. еңбектері алғашқы рет қазақ тіліне тікелей араб тілінен ау-

дарылып беріліп отыр. Әл-Фараби іске асырған антикалық мұраның толерантты герменевтикасы қазіргі жағдайдағы еліміздегі өзара түсіністік пен мәдениетаралық сұхбатқа өз әсерін тигізеді. Міне, сондықтан «Екінші Ұстаз» атанған Шығыс ғұламасының бір өзі бір ғылым академиясы іспетті екендігін дәлелдеп отыр.

Осындай жүйелі және қомақты жұмыстар еліміздің рухани-мәдени тәуелсіздігін одан ары нығайтуға септігін тигізеріне, еліміздің жаһандану процесіне енуінің қажетті баспалдағы болатынына кәміл сенеміз. Ол үшін «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы бойынша жарық көрген әдебиеттерді еліміздің білім беру саласына тиімді формамен тезірек енгізген жөн деп есептеймін. Осыған орай жоғары оқу орындары студенттеріне арналған бірнеше автордың құрастыруымен «Қысқаша қазақ философиясы» атты көлемді оқу құралы жарық көрді. Сөйтіп, мәдени мұраны рухани қажетімізге жарату мен белсенді игеру арқылы ұлттық санамыз бен рухымызды жандандырамыз, соның арқасында бәсекеге қабілетті өркениетті елдер қатарындағы тәуелсіздігімізді нығайта бермекпіз.

Ұлттық философиялық мұраны кеңінен насихаттау мақсатында қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде арнайы буклет дайындап, жарыққа шығардық. Сөйтіп 2008 жылғы 29 ақпанда Алматыдағы Достық үйінде ұлттық және әлемдік философиялық мұра бойынша жарық көрген томдардың тұсау кесер рәсімін өткіздік.

Қазақ тілінде жарияланған әлемдік мәдени мұра біздің еліміздегі ғылыми және білім беру процесіне ерекше құндылық береді, өйткені бізде, әсіресе, философия саласында қытай, ағылшын, араб, парсы және әлемнің өзге де тілдерінен ғылыми аудармалар болған жоқ. Бұрынғы кеңес дәуірінде болған аудармалар партиялық-таптық және атеистік тәсілдер тұрғысынан өзіндік идеологиялық өңдеуден өтті. Қазіргі уақытта Батыс және Шығыс ойшылдарын объективті мәтіндік аудару міндеті күн тәртібіне өт-

кір қойылып отыр. Себебі, жаһандану процестері осындай қадамдарға мәжбүрлейді және ол тәуелсіз дамуымыздың өзіндік келбеті.

Біріншіден, бұл жаһанданудың қанат жаюында республика азаматтарының мәдени және ұлттық бірегейлігін жоғалтып алмауы қажет. «Мәдени мұраны» сақтау мен игеру кез келген нағыз тәуелсіз мемлекеттің табиғи функциясы. Ол халықтың рухани құндылықтарын бойына сіңірген нақты дүниелеріне қолы жеткенде, жинақталған мәдени тәжірибені белсенді түрде пайдалана алған кезінде толыққанды бола алады.

Екіншіден, біз өз мемлекетіміздің басты субъектісі болғандықтан, әрбір адамның ішкі рухани дамуына қамқор болуымыз керек. Сонымен бірге *дәл* осы мәдени мұраны сақтау елімізде тұратын барлық этностардың өзіндік санасын қалыптастырудың маңызды факторы, олардың этносаралық, мәдениетаралық және дінаралық өзара келісімінің негізі болып табылады. Ал *бұл*, өз кезегінде, Қазақстандағы ішкі тұрақтылық пен қауіпсіздіктің аманаты болып саналады.

Осылайша, мәдени және философиялық мұраны белсенді түрде игеру арқылы жастардың рухани қалыптасуының, ұлттың өзіндік санасының өсу динамикасының, қазақ халқының ұлттық бірегейлігін қалыптастыру мен дамытудың аса маңызды құралы қызметін атқарады.

Осы айтылған ойларымды жинақтай келе төмендегідей қорытындылар жасағым келіп отыр:

1. Көне заманнан бүгінгі күнге дейінгі қазақ халқының тарихында жинақталған жиырма томдық философиялық мұрасы еліміздің рухани байлығы болып табылады. Осы қордаланған мыңжылдық рухани дүниеміз халық арасында биік деңгейде насихатталуы тиіс және ол еліміздің рухани қауіпсіздігін шынайы қамтамасыз етуге қызмет етеді. Қазақ философиясы еліміздің рухани тәуелсіздігінің көрінісі болып табылады.

2. «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасын іске асыру барысында «қазақ философиясы» деген жаңа термин біздің санамызға еркін еніп, өзінің шынайы өмір сүретіндігін дәлелдеді. Дегенмен, философиялық тәсілдердің көмегі-мен терең зерделеуді қажет ететін ұлттық өзіндік сана, әлемнің ұлттық картинасы, ұлттық құндылықтар және рухани әлемдік қатынастардың өзге де формалары әрі қарай ғылыми зерттеу мен ізденістерді жалғастыруды қажет етеді.

3. Ұлттық және әлемдік философиялық мұраны жүйелеу, жастар мен әр түрлі этникалық және демографиялық топтар арасында насихаттау елімізде ұлттық және мәдени бірегейлікті қалыптастыру мен дамытуға үлкен септігін тигізеді. Топтамаларға енген шығармалардың өн бойында еліміздің стратегиялық бағдарларына қайшы келмейтін, жалпыадамзаттық құндылықтарды дәріптейтін, адам болмысының маңызды тұстарын ашып көрсететін, тәуелсіздігімізді нығайта түсуге негіз болатын туындылар бар және оларды теориялық мағынадағы халқымыздың рухани жетілуіне лайықты еңбектер деп атауға болады.

4. Мәдени мұраны игеру барысында мемлекеттік тілдің сөздік қоры байытылады, оның мәдени және әлеуметтік қызметінің аясы кеңейтіледі, елміздегі ұлтаралық келісімнің орнығуына гуманитарлық негіз болады. Философия саласындағы еңбектердің жарық көруі қоғамдағы ұлтаралық қатынастарды үйлестіруге, қоғамымыздың орнықты дамуына негіз болатын ұлттық идеяны қалыптастыруға интеллектуалды түптамыр, этномәдени қайнар көз бола алатыны анық.

5. Ұлттық және әлемдік философиялық мұраны игеру жастардың ой еркіндігін қалыптастырады, жаңа зерттеулер мен оқулықтардың мемлекеттік тілде сапалы және ғылыми негізде орындалуына іргетас болады. Ал енді кейде әдеттегі қисындарға, ғылыми параметрлерге, заманауи талаптарға сәйкестене бермейтін шығармалардан кейбір үзінділер томдарда орын алып жатса, онда бұл шығармалар қазіргі за-

ман тұлғасының дүниетаным көкжиегін түрлендіреді және олардың тарихи танымдық мағынасы басқа қырларынан басымырақ екендігін айта кету керек. Біздің пікірімізше, жалпы өмірдегі жақсы мен жаманды айыруды оқырманның өзіне беруге, оның шығармашылық және таңдау еркіндігіне құрметпен қарауға да үйренуіміз керек іспетті. Бұрынғы тоталитарлық қоғамдағыдай барлық адамдар бірдей ойлап, ойлау жүйесін шектеп тастау дәстүрінің заманы өтіп кеткенін еске салуға болады. Онсыз демократиялық ұстындарды еліміздегі мәдениет пен руханият саласына пәрменді енгізе алмаймыз, халқымыздың мәдениет кеңістігіне тарата алмаймыз.

6. Философия саласында «философ-аудармашылар» деп аталатын жаңа мамандар тобы қалыптасты, олардың кәсіби біліктілігі өзінің сабақтастығымен жаңа ұрпаққа берілсе нағыз гуманитарлық саланың үш тілді мамандары көбейе түседі.

Болашақта рухани мұрамыздың іріктелінген негізгі нұсқасы ағылшын және орыс тілдеріне аударылып жататын болса, онда бұл бағдарлама жұмысының халықаралық мәнге ие болғаны, оның уақыты да таяп қалған сияқты. Яғни қазақша ойлау мен қазақша сөйлеу мәдениетін, халықтың философиялық дәстүрінің інжу-маржандары басқа елдердің интеллектуалдық кеңістігіне шығуы арқылы рухани мәдениетіміздің мәртебесін жоғары сатыға көтереріміз анық. Бұл біздің рухани сенімділігімізді нығайта түседі.

Егемен Қазақстан. – № 148–149 (25121). – 23 мамыр, 2008.

2.2 ХАЛЫҚТЫҢ ҰЛЫЛЫҒЫ – ОНЫҢ РУХАНИЯТЫНДА

Жуырда Ұлытау төріндегі ұлағатты сұхбатта Елбасы Н.Ә. Назарбаев ұлттық руханият және оның құрамдас бөліктері (тарих, дәстүр, дін, тіл, отансүйгіштік) жүйелі

түрде қарастырылып күн тәртібіне қойылды. Осыған орай біз де өз ой-пікірімізді білдіруді жөн көрдік. Сонымен қатар, қазақ хандығының 550 жылдығын тойлау туралы Н.Ә. Назарбаевтың ұсынысы үлкен серпіліс туғызды.

«…Біздің ең жоғары бағалайтын байлығымыз – Тәуелсіздік. Ата-бабамыздың қанымен, терімен келген тәуелсіздікті біз ешкімге бере алмаймыз. Оны қасық қанымыз қалғанша қорғауымыз керек», – деп Президент нақтылап көрсетті. Елбасы одан әрі былай деді: «Менің арманым, ойым – Қазақстанның мәңгілік болуы. Сондықтан «Мәңгілік Ел» деген идеяны ұсындым. Мәңгілік Ел болу үшін бәрін жасап жатырмыз…».

Халықтар арасындағы байланыс, негізінен, ғылым мен білім, тарих пен мәдениет, дәстүр мен патриотизм салаларында өрбісе, онда руханиятымыз бен руханилығымызды дамыта түсеріміз анық. Бүгінгі күнде осы руханилық мәселесін күн тәртібіне толыққанды қоя білуіміз керек сияқты, оны кешенді ғылым мәселесі ретінде тереңірек зерттеген жөн. Жалпы, адамзаттың болашағы руханиятты және оның құрамдас бөліктерін барынша зерттеп, дамытуда. Адамдар арасындағы ізгілік қарым-қатынас әр уақытта әлеуметтік кеңістікті байыпты етеді, халықтарды бір-біріне жақындата түседі. Ұзақ жылдардағы зерттеу нәтижесі ретінде өзіміз ұсынған этносаралық және конфессияаралық келісімнің қазақстандық үлгісі, интегралды өзара түсінісу философиясы қазіргі жаһандану заманында өте өзекті болып отыр. Сондықтан бүгінгі өркениеттер қақтығысы жүріп жатқанда, біркіндікті жаһанданудан көпкіндікті жаһануға тезірек көшу қажеттігі туындап отыр. Бізге қазіргі халықаралық қатынаста қалыптасқан күрделі жағдайға байланысты әлемдік өзара түсінісу философиясымен күш көрсетпеу этикасы туралы толығырақ айтатын күн туды. Адамзаттың тағдыры күннен-күнге біртұтастанып бара жатқанын ескеруіміз керек. Сондықтан XXI ғасыр

гуманитарлық ғылым мен білім ғасыры болмақ. Ал ол философияны игермей дүниені біртұтас ұғыну мүмкін емес.

Мәдениеттер мен өркениеттер бір-бірімен әлеуметтік, мәдени, рухани, экономикалық байланыс жасауға ұмтылып отырғаны белгілі. Тіпті, тарихтағы әртүрлі империялардың өзі осы жаһандануды алғашқы кейіптері десе болғандай. Ал үлкен әлемдік діндер де халықтарды рухани ықпалдастыра түсті. Қазіргі заманның жаһанануы, негізінен, нарықтық қатынастардың қисынынан туып отырғаны мамандарға айқын. Сондықтан жаһанданудың теріс жағы экономикалық мүдделердің асыра дәріптелуінде, яғни әрбір халықтың ұлттық ерекшелігін басып-жаншып, сұрықсыздандыруында болып отыр. Сөйтіп, ол бұқаралық мәдениетті нағыз тарихи құндылықтардан басымырақ етуге тырысады. Енді ғана ұлттық жаңғыру жолына түскен халықтар үшін бұл үдерістердің зияндылығы осында. Қазіргі Қазақстан жағдайында, оның нарықтық экономика және демократиялық жолымен жүруі рухани дамумен астасып жатқаны бізді қуантады.

Ежелгі заманнан бүгінгі күнге дейінгі Қазақстанда қалыптасқан гуманизм, төзімділік, ынтымақтастық, этносаралық және дінаралық рухани келісім, тұрақтылық, сенім, халықтың демократиялық әдет-ғұрпы, сөз бостандығы сияқты маңызды құндылықтар «Қазақстан-2050» Стратегиясын іске асырудың рухани іргетасы болып табылады. Жалпы, адамзаттың болашағы адамшылық пен руханиятты дамытуда екені даусыз. Өйткені, ұлттың ұлылығы – оның руханиятында. Бәсекеге қабілетті, рухани жағынан жетілген адам қалыптастыру бүгінгі күннің өскелең талабы. Руханият дамымаған жерде әртүрлі кикілжің де, қақтығыс та көп болады. Басты ұстындардың бірі толеранттылық (төзімділік) болатын қазақ философиясы еліміздің бірлігінің рухани тірегі болып табылады. Руханияты мен мәдениеті жоғары халықтың болашағы да жарқын және айқын болмақ.

«Мәдени мұра» бағдарламасын іске асыру – Тәуелсіз Қазақстанның жаңарған рухани келбетін, жаһанданған әлемдегі жаңа Республиканың орны мен ұстанымын, оның өркениетті қауымдастықтағы беделі мен мәртебесін көтеретін теңдесі жоқ гуманитарлық бағдарлама болды.

Руханилық бүкіл әлемге туыстық сезімдерді туындатады, сәйкесінше, барлық адамдарға, яғни отбасы мүшелеріне, жақын және алыс туыстарға, діндес және өзге діндегілерге, отандастарға және басқа да шетел азаматтарына деген туыстық сезімді қалыптастырады. Осылайша, руханилық адам бойындағы нағыз адамгершілікті, адамсүйгіштікті айқындайды, имандылыққа қарай жетелейді.

Келер ұрпақты жүйелі түрде тәрбиелеу мен үйретуде осы ішкі дамудың жоғары деңгейі басты орынға қойылуы кажет. Педагогиканың міндеті қоғамның үйлесімді дамуындағы руханилыққа баулу болып табылады. Адами тұрғыдан даму мен қалыптасу немесе тоқырау мен өлудің сырын анықтау – міне, бұл, зайырлы немесе діни білімнің үнемі шешуін тауып отыруы тиіс тарихи дилеммалар.

Руханилық – ең жоғары абсолютті өнегелік құндылықтар жүйесі ретінде қазақ этносының дәстүрлі мәдениетінде басты орынға ие болған және ғылыми-зерттеулер көрсеткендей, этикалық феноменді сипаттайды. Қазақ философиясының классиктері Ы. Алтынсарин, Ш. Уәлиханов, Абай, Шәкәрім өздерінің көптеген еңбектерін халықты іштей біріктіру факторы туралы ойларға, пайымдауларға арнаған. Мәселен, алтыншы сөзінде Абай қандай адамдарда бірлік болатынын және олар өз араларындағы бірлікке қалай қол жеткізетіндіктері туралы ой толғайды. «Бірлік – ақылға бірлік, малға бірлік емес», материалдық игіліктен гөрі, бірінші кезекте ой бірлігіне шақырған. Қазақ классигінің әлем, қоршаған ортаның шынайылығы мен адамдардың қатынасын танудағы бірлік ұстанымы – оның маңызды ойларының бірі ретінде танымал.

Қазақстан жерінде бүкіл дәуірде, Қорқыттан Шәкәрімге дейінгі уақытта, философиялық ізденістердің ортасында – адам болудың мәні тұрды. Адам дегеніміз не, ол қандай болу керек? Шынайы адамгершіліктің пайда болуына не себепкер және оған не қарсы келуі мүмкін? Қазақы ой толғаудың өзге философиялық толғаныстардан ерекшелігі – адамды жоғары бастауларға жетелеу. Қазақ философиясының мақсаты адам мен адам арасындағы қарым-қатынасты ұғыну мен оны дұрыс жолға қою болып табылады.

Жаһандану жағдайында алдымызда тұрған міндеттердің бірі – халқымыздың ежелгі тарихи, мәдени және рухани әлемінің терең тамырларын анықтап, оларды терең зерттеп, философиялық тұрғыдан біртұтас жүйеленген ұлттық мұрамызды жаңғыртып жасап шығару. Қазақ халқының әлемдік өркениетке «мен» дегізерлік өзіндік болмысымен енуіне мүмкіндік беретін, ілгері дамуымызға тұғыр болатын ұлттық санамыздың ұстанымды ерекшеліктерін саралау өте маңызды және бұл ғасырлар тұңғиығымен тамырласып жатқан ұстаным. Құндылықтарды, яғни біздің ұлттық тұтастануымыз үшін табан тірейтін тұғырларымызды, ұлттық руханиятымызды жаңа өркениеттік көзқараспен, терең біліктілікпен жан-жақты талдауға мегзейді.

Тәуелсіз еліміздің Тұңғыш Президентінің бастамасымен жасалып отырған аталмыш «Мәдени мұра» рухани жаңаруымызға байланысты көптеген көкейкесті мәселелерді толық қамтып отыр десек, қателеспеген болар едік. Мұндай ерекше бағдарламалар дәл осы тұста, яғни дербестігімізге жиырма төрт жыл толған соң да өз өзектілігін жоғалтпайды. Бұл тағы да Қазақстан Республикасын құрушы қазақ халқының өміршеңдігін, арман-тілегінің орындалғанының айғағы емес пе? Олай болса, соқпағы көп тар жолда көршілес елдермен терезесі тең болу үшін дұрыс бағдар ұстап, әлемдік өркениетке ұмтылу, өз халқыңның жетістігін әлемге паш ету әрбір Қазақстан азаматының па-

рызы. Осыған орай, атқарылған іс, жоспарланған жұмыстың барлығы өркениет өлшемдеріне сәйкес, маңызды.

Қазіргі таңда мәдениеттің ұлттық даму шеңберінен шығып әлемдік өркениеттік үрдістерді қозғап отырғанына өзіміз куәгерміз. Алайда, аталмыш жаһандық мәселелер ұлттық мәдениеттің өзіндік болмыстық ерекшелігіне нұқсан келтірмеуі керек. Жаһандану қалыптасқан айырмашылықтарды ысырғанымен адамзатты біріктіреді, ендеше, осы тұста адамзат үшін ең қажеттісі біртұтастылық.

Қазіргі өркениет өзінің даму жолында ескі құндылықтарды сыни бағалау кезеңді өткеріп отыр. Осы күрделі кезең Қазақстанды да айналып өтпейтіні сөзсіз. Ендеше, өзінің дара жолымен дамып келген ұлттық мәдениетіміз осы жолдан адаспай, өзіндік қасиетін сақтай отырып әлемдік өркениет көшінен құр қалмауы тиіс.

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін, әрине, діни қайта өрлеу басталғанын және осының оң құбылыс екендігін бәріміз білеміз. Атеистік және тоталитарлық санадан арылу, ар тазалау өте маңызды үдеріске жатады. Бірақ басқа мұсылман елдеріне діни білім алуға барған жастар көбінесе сол біліммен қатар, бөтен сананың ықпалына еніп кетеді, төлтума мәдени құндылықтарға деген оларда нигилистік көзқарастар қалыптасады.

«…Қазақстанның болашағы жарқын деп санаймын. Себебі, біз ешбір елге тиісіп көрген халық емеспіз. Ешбір елге жау емеспіз. Төңірегіміздің ешқайсысы да бізге жау емес… Осылай төңірегіміз бейбіт, өзіміз бейбіт, ішіміз бүтін, бірлігіміз берік болса, ұтылмаймыз. Қазақтың бірлігі – мына көпұлтты халықтың бірлігі. Біз бірте-бірте жарқын болашаққа жетеміз деп санаймын», – деді Н.Ә. Назарбаев.

Біздің бірлігіміз нығайсын десек, онда ішкі ерекшелік пен этностық өзіндік сананың көптүрлілігін сақтауымыз қажет. Қазақстан келісім мәдениетін қалыптастыру, экономикалық, азаматтық және саяси жаңару, постиндустриялық ақпараттық қоғамға серіктестік пен өркениет-

тер, мәдениет пен діндер сұхбаты арқылы даму жолында келеді. Әрі біздің бай тәжірибеміз XXI ғасырдың әлемдік бірлестігінде қажет болуы мүмкін. Біздің республика әлемге этносаралық, мәдениетаралық және конфессияаралық келісімнің ерекше тәжірибесін, яғни жаһанданған әлемдегі айрықша қазақстандық жолды («тұрақтылықтан – жүйелі жаңару арқылы – орнықты даму мен гүлденуге жету») паш етеді. Этносаралық, мәдениетаралық және конфессияаралық қатынастардың ғылыми негізделген бақылауды Қазақстан аймағы бойынша іске асыру және тұтас бірыңғай мемлекет деңгейінде азаматтық бейбітшілік пен келісімді нығайтудағы саяси-құқықтық негіз құру қажет екенін айта кету керек.

Қазіргі заман қарама-қайшы сипатқа ие болғандықтан, мәселе бұрынғыдан да шиеленісе түседі. Кейінгі әлемдік экономикалық және қаржылық дағдарыс бірдіңгектіден көпдіңгектік жаһандануға өту қажеттілігін көрсетті. Бір жағынан, жаһандану әлемді «бір үлкен ауылға» (ЮНЕСКО) айналдыра отырып біріктіреді, техникалық және ақпараттық мүмкіндіктерді көбейтеді. Екінші жағынан, мәдениетті жалпы қорытындыға келтіруге тырысу ұлттық ерекшелік пен этникалық бірегейлікке қауіп төндіреді. Тереңдеп бара жатқан жаһандануға төтеп беруге бола ма? Сірә, тек жоғары руханият, рухани шындық қана қарсылыққа, өз ерекше ұстындары мен заңдарын сақтауға қабілетті. Рухани саладағы жетістіктері бар әлемдік діндер ғана стандарттау қаупін тудырмайтын нағыз жасампаз күш.

Қазақстан – әлемді мәдениетаралық байланыс пен сұхбат үлгісімен үміттендіретін бірегей ұлттық унитарлық мемлекет. Біздің тәжірибе, әсіресе, халықаралық қауымдастық үшін құнды, себебі, азаматтық қоғам мен демократияның дамыған формаларына бағдар беретін либералдық пішін мен дәстүрлі құндылықтар синтезін көрсетеді.

Жаңа интегралды өзара түсінісу философиясы Батыс пен Шығыс дәстүрінің сындарлы синтезін іске асыра оты-

рып, өзінің басымдылығы ретінде рухани-адамгершілік ұстындарын анықтайды, олардың ішінде түрлі өркениеттер мен конфессиялар үнқатысуына негізделген Үміт ұстыны бар. Өзара түсінісу философиясы қазіргі көпэтносты қоғамның рухани келісімінің дүниетанымдық және әдіснамалық негізі болып табылады.

Мәдениеттердің сындарлы үнқатысуы туралы, өзара түсіністікке, келісім мен бірлікке қол жеткізу қажеттігі туралы айтқанда, біз нақты үнқатысуды, яғни оның барысында тараптар бір-бірін еститін, ең болмағанда бір-бірін естуге тырысатын үнқатысуды айтамыз. Сондай-ақ, түсіну дегенді белгілі бір мәдениеттің материалын теориялық тұрғыда игеруді ғана емес, сонымен бірге, шын жүрекпен мойындауды айтамыз. Біз үшін келісім бір-біріне «төзуді» белгілейтін мәжбүрлеу шарты емес, мақсаттар мен міндеттердің ортақтығын шынайы түсіну мен қабылдау. XX ғасырда қалыптасқан жаңа гуманизм идеялары бойынша «тұрпайы», «жабайы», «қиратушы», «дөрекі», «анайы» сияқты бағалау үлгілерін ежелгі тарихи нормаларға қолдану қазіргі адамның өзінің арғы тектеріне деген шовинизмі болып табылады. Осындай ұғымдардың орнына ежелгі қоғамды адамзаттың сәбилік шағы деп бағалау қай жағынан алсаң да әбден орынды. Қазақ ұлты жаңа демократиялық мемлекетті құрушы, барлық қазақстандықтарды біздің ортақ тарихымыз бен ортақ құндылықтарымыздың, ортақ келешегіміздің айналасында топтастыратын ұлт болып табылады. Сол себепті де, елдегі басқа этностар алдында оның мойнына үлкен жауапкершілік жүгі артылған. Біз жаңа интегралдық дүниетанымды, жаңа өзара түсінісу философиясын, жаңа құндылықтар жүйесін ұсынып, оны тиімді жүзеге асыра отырып, мұндай келісімнің қазіргі заманда негізі рухани-адамгершілік құндылықтар болуы тиіс деген маңызды қорытындыға келдік.

Егемен Қазақстан. – 1 желтоқан, 2014.

2.3 ҚАЗАҚ ФИЛОСОФИЯСЫ – ЕЛ БІРЛІГІНІҢ РУХАНИ ТІРЕГІ*

Әрбір ұлттық мәдениет өзінің дамуында руханият дүниесіне сүйенеді. Әлемдегі басқа ұлттар мен ұлыстар сияқты қазақ халқының көп ғасырлық тарихында даналықтың озық үлгісі боларлық әлемді танып-білудің, зерделеудің өзіндік сипаттамалары, түркілік ерекшеліктерді танытатын философиялық ойлар мен тұжырымдар жеткілікті болғаны белгілі. Мәселе сол рухани інжу-маржанның қадірін біліп, қаймағын бұзбай қазіргі жаһандану заманында жүйелі түрде жинақтап алуда және оны әрбір жаңадан келетін жас ұрпаққа рухани сабақтастықпен жүйелі түрде бере білуде болып отыр. Осы жауапты істі абыроймен жүзеге асырған жағдайда ғана еліміздің Еуразиялық кеңістіктегі өзіндік ерекшелігі бар халық ретіндегі мәртебесі өседі, басқа халықтар алдындағы құрметімізді асқақтата түседі. Өйткені, өзінің тарихта қордалаған маңызды рухани құндылықтарын құрметтеген, аялаған, өрбіткен ел ғана және оған жаңа заманда өзін-дік жаңғырту бедерлерін, келбетін бере білген халық қана адамзаттың өркениеттік аренасында шынайы және ла-йықты бағалануға ие болатыны сөзсіз.

Әлемдік философияның бастауларын іздегенде көбінесе Ежелгі Қытай, Ежелгі Үнді елі мен Ежелгі Грекия атап өтіледі. Алғашқы тұтастанған мағынадағы философиялық мектептер, ағымдар мен бағыттар міне осы үш орталықта пайда болған, ал қалған елдер осы үшеуінен тараған философиялық түсініктерді қолдана отырып өздерінің философиялық ұғымдарын қалыптастыра алған деген пікір қазіргі кезеңде көптеген оқулықтарда орын алған. Әрине, жоғарыда аталған өркениет кеңістіктерінде шынымен де философияның озық үлгілері тарихи процестің ерекше белгісіндей көрініс тапқанын мойындауға тиістіміз. Дегенмен философиялық қайнар көздерді іздегенде әлемді рухани игерудің рационалдық түрлерімен шектелмеуіміз керек,

* С. Нұрмұратовпен бірге.

адамзат тарихының сан қырлы мүмкіндіктерін айшықтай түсіп қана оның бойындағы тылсым қуаты мен күшін, орасан зор шығармашылығын аша түсеміз. Міне осы тұрғыдан алғанда түркілік философиялық ойлар өзіндік тарихи ерекшеліктері бар дүние және ол көркем бейнелерді жандандыра түсетін, белгілі бір тұтастанған жүйеге бағынатын, өзіндік келбеті бар рухани құрылым болып табылады.

Адамзат тарихының руханиятының ең маңызды түпнегізі оның ақыл-ойынан, парасатты дербес ойлау тәжірибесінен байқалады. Ойлаудың ұғымдық, түсініктік жүйеленуі әлемдік философиялық дәстүрдің жарқын көрінісі ретінде танылады. Жалпы адами эволюцияның өлшемі ретінде даналық үлгілерін алуға толық болатыны анық. Осы тұрғыдан алғанда адамзат тарихындағы кез келген халықтан философиялық пайымдаудың үлкен жүйелі құрылымдарынан бастап өлшеулі деңгейдегі тұжырымдар мен түсініктерден тұратын ерекше сілемдер аралығындағы көптүрлілікті аңғаруға болады. Олардың барлығына әр қилы бағалау беріп, әр түрлі өлшемдер арқылы сараптаудан өткізу міндеті гуманитарлық ғылымдар алдында тұрған қасиетті міндет. Дегенмен негізінен ойлау жүйесінің адами ұстындарының өзара ұқсастығына тәнті боламыз және әрбір мәдениеттің өзіндік көріністерінің, ерекше сипаттарының бар екенін де мойындауға тиістіміз. Міне, осыған орай халқымыздың өзіндік ойлау жүйесі, философиялық мәдениеті бар екеніне еліміздегі көрнекті ғалымдары өткен ғасырдың екінші жартысында түбегейлі көңіл бөле бастады, философиялық мәселелер кәсіби тұрғыда игеріле бастады.

Әрине, қазақ халқының философиялық ойы жайлы еліміз тәуелсіздікке қол жеткізгеннен бері ғана толыққанды сипатта айтылып, қазақ және орыс тілдерінде бірталай еңбектердің жарық көргені белгілі. Қазақ философиясы қазақ халқының өмір сүру, даму және көркею формасы. Олардың кейбірі жеке монографиялар мен мақалалар болса, біршамасы оқулық немесе оқу құралы түрінде көрініс

тапты. Бірақ олардың баспадан шығу даналары да, таралу ауқымы да жоғары оқу орындарындағы күннен күнге ұлғайып келе жатқан зияткерлік рухани байлыққа деген сұранысты толығымен қанағаттандыра алмасы анық. Оның үстіне философиялық ойлау тарихына деген көзқарас біржақты болмауы тиіс, ол әртүрлі түсініктердің сұхбатынан, өзара байланысынан қалыптасқаны тиімді. Сонда ғана жас ұрпақтың шығармашылыққа деген талпынысы күшейе түседі, тарихи тұлғалардың дүниетанымдық жүйелері бойынша соны ойлар туындайды. Міне, осындай түпкі астары бар жағдайды ескере отырып, Елбасымыз «Тарих толқынында» атты еңбегінде қазақ халқының руханиятының тарихи қайнар көздерінің бастауын алты мың жылдық тарихтан туындатып, оны он екі кезеңге бөледі. Әрбір кезеңнің сипаттамасын бере отырып, «Қазақтың сана-сезімі өткендегі, қазіргі және болашақтағы – тарихтың толқынында өзінің ұлттық «МЕН» дегізерлік қасиетін түсінуге тұңғыш рет енді ғана мүмкіндік алып отыр... Бірақ бұл мүмкіндік қана; ол шындыққа, тек қазақтардың ғана емес, барлық қазақстандықтардың жаппай санасына орныққан фактіге айналуы қажет» деген ойды әлеумет пен ұлттық философиялық ойды тұжырымдаушылар алдына гуманитарлық парыз ретінде тартады.

Қазақ философиясы еліміздің рухани тәуелсіздігінің көрінісі болып табылады. Қазақ философиясы адамзат тарихында ғасырлар бойы қалыптасқан әлемдік философияның ажырамас құрамдас бөлігі екені белгілі. Күні кешеге дейін бұл тақырыппен байланысты мәселелердің барлығы мұқият бақылауда болып, көбісі тыйым салынған жабық дүниелер қатарында болып келгені баршаға аян. Өйткені, социализмнің ұстындары тек бір коммунистік идеяның төңірегіне шоғырланғандықтан оған сәйкес келмейтін басқаша мағынадағы түсініктердің барлығын жоққа шығарып отырды. Тіпті, бұл тақырыппен айналысамын деген зерттеушілердің әрекеттеріне өткен қоғам «ұлтшыл-

дықтың жалауын көтеру» деген үстірт бағалаулар беруге асыққаны да рас. Тоталитарлық қоғам қазақ философиясымен айналысамын деген азаматтардың осы мақсатта ұлттық ойлау жүйесін жандандыруға ұмтылғандарын да осындай бағалаулармен шектеп отырды. Міне, осындай идеологиялық тұмшалаудың арқасында тарих сахнасында әртүрлі рухани тереңдіктердегі өздерінің даналыққа толы тұжырымдарын бұқара халыққа жеткізген ойшылдардың шығармаларының мәтін түрінде қоғамда кең тарамай және ғылыми зерттеулер түрінде өз бағалауларын ала алмай ондаған жылдар бойы уақыт өткізгені белгілі.

«Қазіргінің талай елін қайран қалдырған осынау байтақ кеңістікті кернеген поэзиялық әлем, – деп атап көрсетті Президент Н.Ә. Назарбаев өзінің «Тарих толқынында» атты кітабында, – тек қана сұлулық пен сезімнің шеңберінде шектелмеген. Ол жаңашылдықтың жалынын лаулата да білген. Содан да болар, қазақтың поэзиялық шығармашылығында мейлінше терең танымдық қасиеттер бар. Сондықтан да қазақтың дәстүрлі поэзиясы ұдайы философиямен шендесіп жатады». Қазақ халқының тарих философиясы, халық философиясы, би-шешендерінің философиясы, ақын-жырауларының дүниетанымы өмірге келді.

Қазақ халқының философиялық және әлеуметтік ойын зерттеуші ғалымдар осындай ерекшеліктерді ескеріп, ұлттық әдебиетті ұлттық философияның өмір сүру пошымы ретінде түсінгені, көркем әдебиет туындыларын салыстырмалы талдау әдісін қолдана отырып зерделегені, жеке тұлғалардың поэтикалық мұрасындағы философиялық мазмұнды ашып көрсету үшін оны философиялық ойлау құралдары көмегімен қайта саралағаны дұрыс болар еді. Енді, міне қазіргі уақытта жаңа заманның тарихи кезеңі келді, рухани дүние де демократиялана бастады, яғни ойлау еркіндігінің ұстындары қоғамдық санада беки түсуде. Сөйтіп, бұл басқа мәдени, саяси дәуір орыстың философиялық даналығының, қазақ халқының және басқа да халықтар-

дың ой-тұжырымдарының тарих доңғалығының астында жоғалып кетпей олар халықтың рухының терең тамырларында бойлай орналасқанын, өмір сүргенін байқатты. Мәңгіге жабылған шығар, енді олар Ақиқат әлемінен орын теппес деген тарихтың «ақтаңдақтары» бірте-бірте ғылыми кеңістікте мамандар үшін ізденістер ауқымы, нысаны ретінде күн санап ашылу үстінде. Сол рухани күштердің, тарихи деректердің еркіндікке шығу кереметін, яғни басқаша айтқанда, халық рухының шабыттық асқақтауын қазіргі заманда өз көзімізбен көріп, оның куәсі болып отырмыз. Бұл құбылыстар шын мәнінде қазіргі тарихи кезеңнің дәуірлік, шынайы тарихи сипаттамасы болып табылады, этникалық жаңғыруымыздың бастамасы болары хақ.

Шынында, егер қазіргі замандағы «шынайы» философияның өлшемі ретінде тек батыстық модельді алатын болсақ, онда оған ұқсамайтын, сәйкес келмейтін барлық ұлттық философиялар «философия» деп аталудан қалады. Олар класикалық неміс философиясындай гносеологиялық және логикалық мазмұнның, теориялық құралдардың және категориялық безендірудің жоқ екенін желеу етеді. Бірақ мұндай дәйектеудің түп негізі күйреген. Өйткені әлемді рухани игеруде, зерделеуде қатып қалған бір ғана философиялық үлгі болуы мүмкін емес. Жалпы адамзаттың рухани әлемінде Ақиқатқа қарай ұмтылудың даналыққа толы пайымдаулары сан түрлі формада көрініс бермей ойсаналық даму туралы жартымды сөз қозғау болмасы анық. Сондықтан әрбір халықта өзіндік философия қалыптасқан және бар деген жөн. Олар болашақта әр қайсысы өз шамасы келгенше адамзаттың жалпы мәдениетіне шығармашылық тұрғыдан өз үлестерін қоса беретініне күмән келтіруге болмайды. Бұл ой-тұжырымдарды толығымен кешегі түркілік заманнан бастау алған қазақ философиясына да байланысты айтуға болады.

Ал, енді қазақ философиясының толыққанды зерттелуі үшін және оған қатысты ғылыми ізденістердің өр-

буі үшін елімізде тәуелсіздік алған уақыттан бері қолайлы кезеңдер орнай бастағаны белгілі. Философия және саясаттану институтутында қазақ философиясын зерттеуге арналған бөлімнің ашылуы бірнеше ұжымдық монографиялар шығарып, көптеген жас ғалымдардың қазақ философиясы бойынша диссертациялар қорғауына мұрындық болды, тәуелсіз Қазақстанның түкпір-түкпіріне гуманитарлық сала бойынша қажетті аса білікті кадрмамандар дайындауға өзінің қомақты үлесін қосты. Сонау тарихтың қойнауында жатқан рухани мұраларымызды, тарихи тұлғаларымызды қайта жаңғыртуға талаптанған ғалымдарымыз Қорқыт Ата, әл-Фараби, Ибн Сина, Қожа Ахмет Иасауи, Ахмед Иүгінеки, Махмұд Қашқари, Жүсіп Баласағұни, Асан Қайғы, Қадырғали Жалайыри, қазақтың билері мен ақын-жыраулары, Махамбет, Шоқан, Абай, Шәкәрім, Ғұмар Қараш, Мұстафа Шоқай, Мағжан Жұмабаев, Мұхтар Әуезов, Мәшһүр Жүсіп Көпеев сияқты есімдердің философиялық мағынада халық жадында жануына өз еңбегін сіңірді. Ол өзінің еңбектерінде қазақ халқының басқа халықтар сияқты философиялық ойлау жүйесі тарихи маңызды құбылыс ретінде қалыптасқанын және оның қайталанбас өзіндік ерекшеліктері бар екендігін үнемі ескертіп отырады. «Біз өзімізге этникалық тегіміз жағынан келсек, мың жылдан аса мәдениетіміз, тарихымыз, философиямыз бар халықпыз» деп тұжырымды халықтың әлем туралы образдары мен түсініктеріне қарап, оның ұлттық рухы мен діліне сүйеніп отырып айтуға болады.

Қазақтардың ежелгі түркілік дәуірі кезеңінде дәстүрлі дүниетанымы болғаны мамандарға белгілі. Міне, сондықтан халықтың дүниетанымының семантикалық діңгегі, онтологиялық тірегі ретінде «құт» ұғымы алынады. Шыныменде қазақтың ұлттық болмысында «құт» деген терең ұғыммен өмірдің барлық саласы байланыстырылады. Кез келген әлеуметтік немесе рухани құбылыстың мағыналық,

мазмұндық, құндылықтық көрінісі жеке адам үшін немесе бүтіндей халық үшін құтты, қайырлы болмаса, онда оның өзіндік келбетінің әлеуметтік субъект үшін мәні де жоғалатыны анық. Бұл тұжырымдар өз кезегінде өткен тарихи кезеңдердегі және қазіргі таңдағы әлеуметтік процеске, әлеуметтік практикаға берілген жан-жақты және оңды аксиологиялық сипаттама болары сөзсіз. Қазақтың ділін жақсы түсінетін адам оның ұлттық дәстүрінде материалдық құндылықтарды иеленуге ұмтылушылық, оның қызығына дәнігушілік пен құныгушылық сияқты әдеттерді халқымыз өзінің қоғамдық санасында дәріптемейтіндігін байқайды. Сондықтан да болар мұсылмандық дүниетаным арқылы келген «қанағат», «сабыр», «тәуба» сиықты терең мағыналы ұғымдар халқымыздың әлемді түсіну көкжиегіне үйлесімді сіңісіп кеткені көрінеді. «Қанағат қарын тойғызар» деген халқымыз әрбір нәрсенің, әрбір құбылыстың өз мөлшері, үйлесімділікке сай келетін өлшемі болады деп түсінген. Олар халықтың дүниетанымында диалектикалық, логикалық, экзистенциалдық түсініктердің қалыптасқандығын білдіретін әлемге қатынастардың болғанының дәлелі. Халқымыз адамзат тарихында моральдік-этикалық қалыптарды өзінің дүниетанымына негізгі арқау еткен этностардың қатарына жатады. Бұл жағынан алғанда сан ғасырлық дәстүрлі тарихы бар Шығыстың даналығын қордалаған қытайлықтардың құндылықтық бағдарларымен біршама ұқсастығымыз да бар деуге болады. Ал, енді басқа халықтардың әлеуметтік тіршілігіндегі онтологиялық тіректі рухани дүниенің әртүрлі салаларынан таба біліп (жапондар эстетикадан, римдіктер құқықтан, гректер философиядан, парсылар поэзиядан және т. б.), басқа салаларды сол жүйені тұтастандыра құраушы элементтері ретінде қарастыруы шын мәнінде жалпы өмірдің терең құпиялы мәнін философиялық тұрғыда ашады.

Қазіргі кезеңде ғалымдар еліміздегі философияның болашақта тереңірек зерттелуге тиісті мәселелерінің

қатарына – руханилық, құндылықтар, өзара түсінісу, сұқбаттасу сияқтыларды алға тартады. Шынымен де қоғамдағы орнықтылық пен тұрақтылықты сақтауды алдымен ойласақ, онда әрбір азаматқа төзімділік, сабырлылық, толеранттық, сыйластық сияқты қасиеттердің қажеттігі туындайды. Ал соңғылары адамның бойында шынайы руханилықты, рухани құндылықтарды дәріптеп, оларды асқақтата бастаған кезеңнен бастап қалыптаса бастайды. Міне, осындай философиялық құрылымдардың арқасында тәуелсіз елдің жаңа философиялық келбеті орныгары анық. Өзіндік философиясын қалыптастыратын халық біршама есейген қауымдастық болғаны.

Жоғарыдағы аталған мәселелер біздің халқымыздың сан ғасырлар бойы әртүрлі діни сенімдерді өзіне бағдар етіп алған тарихын білуге итермелейді. Әсіресе, X ғасырдан бері Қазақстан территориясына кеңінен тарай бастаған ислам дінінің құндылықтары мен руханияттың дамуы тікелей байланысты екені белгілі. Осы орайда бірнеше еңбектер еліміздегі ислам философиясының қалыптасуына арналғанын атап өтуге болады. Ол еңбектердің негізгі арқауы болған идея әрбір халықтың дүниетанымды таңдау еркіндігінің бар екендігін дәлелдеу болып табылады. Шынымен, қазақ философиясының антропологиялық және этикалық ұстынға жүгінетін бағдары мұсылмандық қалыптармен қайшы келмейді, керісінше, олар бір-бірін барынша толықтыратындығы белгілі. Сол діни ұстанымдарды ту етіп ұстап азаматтар Қазақстан халқының ішіне конфессияаралық іріткі тудырумен айналыспауы керек. Сондықтан діннің саясаттан, мемлекеттік істерден алысырақ болып, жеке адамның дүниетанымдық жүйесінде өзінің конструктивтік, пайдалы қызметін атқарғаны абзал. Абай айтқандай, дінге сенудегі шынайылық қана өзінің рухани нәтижесін беріп, пендені Ақиқатқа жақындата түсері анық.

Жалпы исламның дүниетанымдық көпқырлылығы, әсіресе, адамгершілік мәселелері исламның қазақ даласына таралған алғашқы және одан кейінгі тарихи кезеңде-

рінде Даланың ұлы дана ойшылдарының философиялық тұжырымдарынан да көрініс тапты. Біздің ойымызша, исламның ерекше мәдени жетістігін және оның диалог пен түсіністікке негізделген әлем мәдениетінің айнасы атанған қағидаттарын түсінген атақты жерлес бабамыз, өз заманында ғылымға жан-жақты ойшылдығымен танылған Әбу Насыр әл-Фараби және оның ізбасарлары. Қазақ даласының пірі, данагөйі, барша түркі елінің тәлімгері әрі ұстазы Қожа Ахмет Иасауи, ұлы ойшыл және әлем мәдениетінің данышпаны Абай мен оның ізбасары, ойшыл Шәкәрім шығармаларына жүгіну арқылы халқымыздың ұлттық діліне жақын адамгершілік және кісілік философияның әлемін ашуға болады.

Қазақ халқының философиялық мәдениетіне мән беріп, назар аударған ғалымдардың көбісі халықтың дәстүрлі дүниетанымында «көркем образдар» ғаламы үстемдік ететінін байқайды. Шынымен, қазақтар әлемді ұғымдық мағынада шегелеп көрсетуден гөрі, көркем бейнелермен астарлап өрнектегенді қалап келген халықтардың қатарына жатады. Оның бұл ерекшелігі оның кемшілігі болып есептелмейді, керісінше, ақынжанды халықтың арманшылдығын, ақкөңілділігін және даналығын білдіреді. Дегенмен сан ғасырлар бойы ділге әсер еткен ауыр психологиялық соққылар мен саяси қыспақтар бұл ерекшелікті біршама көмескілеп, тұмшалап тастағаны байқалады.

Ал қазіргі кезеңде жаһандану процестері алып келген сұрықсыздық, тұтынушылық психологиясы мен дарашылдық, өзімшілдік философиясы қазіргі замандасымыздың санасына енбей қоймайды. Міне, сондықтан бұрынғы кісілікті, ізгілікті, қайырымдылықты, құтты бәрінен жоғары қоятын халықтың санасы өзгерістерге, яғни трансформацияға ұшырауда. Сөйтіп, жаңа тұрпайы материалистік, прагматистік, тіпті, утилитарлық сипаттағы құндылықтар жүйесі қоғамдық санада беки түсуде. Мұндай теріс мағынадағы процестер Жер бетіндегі барлық халықтардың тағдырына қатысты екені бай-

қалады. Қазақтар сол тұтастықтың бір бөлігі. Осыған орай қазақ халқының тағдыры абстрактілі мәселе емес, ол сол халықтың әрбір өкілінің бақытты өмірімен, дүниетанымымен астасып жататынын айтуға болады. Ал әрбір тұлға бақытты болуы үшін халықтың ғасырлар бойы қордалаған даналыққа толы рухани байлығын игеруі тиіс және әлеуметтің әрбір ғылыми мәселесін жан-жақты зерделеу әріптестеріміздің қасиетті парызы.

Менің ғылыми басшылығыммен «Қазақ даласының ойшылдары» атты көптомдық жинақ бірнеше жылдар бұрын Институт ғалымдарының еңбегі нәтижесінде жарық көрген еді. Өкінішке орай, кезінде бұл топтамадағы материалдардың Қазақстан Республикасының интеллектуалдық кеңістігі көлемінде кеңінен таралмады, баспа таралымының аздығынан студенттердің қолына жете қоймады. Міне, осындай мәселелер ізденушілерді жаңа пәрменді жұмысқа, зерттеуге итермелейді. Қазақ философиясы тарихының мазмұнды тұстарын баяндаудағы аталған олқылықтарды кәсіби деңгейде болдырмау мақсатында, сонымен қатар қазақ философиясының қыры мен сырын белгілі бір теориялық жүйеге келтіру үшін ғалымдар тарапынан әлі де көптеген тер төгілуі керек. Бұл жұмыстың бір сәтті әрекеттермен бітпейтіндігі бесенеден белгілі. Бізге орыс ағайындардың өздерінің тарихта қордаланған философиялық байлығын жинақтап, «орыс философиясы» деген ұғымды толыққанды ғылыми айналымға қосқандығы үлгі болуы тиіс.

Ғалымдардың болашақтағы зерттеулерінің негізгі мақсаты – қазақ философиясының көп ғасырлық тарихында орын алған дүниетанымдық әмбебаптар мен рухани құндылықтарға ғылыми түсініктемелердің көкжиегін кеңейту, оқушы қауымды зияткерлік сұхбатқа шақыру, жас ұрпақты шығармашылыққа баулу болып табылады. Жетілген ұлт болудың бірден-бір жолы жан-жақты терең тәуелсіз ойлай білетін, кез келген күрделі мәселені зерде-

лей алатын қауымдастықты тәрбиелеу, әлеуметтің рухани деңгейін асқақтатып, әлем туралы пайымдаулардың тұтынушы қоғам ғана деңгейінде қалып қоймауды ескеру болып табылады.

Жалпы философияның өзі адамдардың еркін ойлау мәдениетін қалыптастыруға бағытталған ілім. Оның құрылымынан догмалық түрде қатып қалған көзқарастарды, түсініктерді іздеу жаңсақтық. Ол үнемі ағып жатқан өзендей түрленіп жаңғырып отыруы тиіс. Тек тоталитарлық қоғамда ғана философияның аясы тарылып, белгілі бір идеологиялық қалыптардың ауқымдарымен шектеліп отырылды. Әрине, ол дегеніңіз белгілі бір іргелі ұғымдар болмайды деген сөз емес. Қазақ дүниетанымы үшін ондай базалық негіз болған әмбебап ұғымдар бар екені белгілі. Мәселен, қазақтың дүниетанымдық әлемі этикалық ұстындарды, негізінен, адамаралық қатынастарда өзектеп, биікке шығарып, оны барлық бағдарлардан жоғары қоятындығы анық көрсетіледі және осы ұстаным зерттеудің басымдылық танытатын әдіснамалық қағидасына айналған.

Әрбір этникалық мәдениет қазіргі кезеңде өзінің төлтумалық мәдениетін сақтау үшін ұлттық бірегейлігін, даралығын білдіретін құндылықтар жүйесіне көңіл аударуда, сондықтан оны сақтауға, әрі қарай дамытуға жанталасуда. Шығыстық ділге сәйкес келетін ерекшеліктер мен батыстық өркениеттік сипаттардың жетістіктерін синтездеу арқылы еліміздің өзгешелігіне сай келетін ұлттық идеяны, құндылықтық бағдарды анықтау мәселесі тұр. Бұл мақсатқа қоғамды іштей біріктіру, топтастыру, ешкімді көзқарасына қарап алаламау, сөйтіп, әрбір адамның әлемдегі өзіндік құндылығын бағалау, асқақтату сияқты теориялық іргетастарға әлеуметтік қатынастар негізделген жағдайда ғана қол жеткізуге болады.

Қазіргі кезеңде Қазақстан өзінің болашағын анықтау үстінде, сонымен бірге әрбір қазақстандықтың көңілінде жатқан көптеген сұрақтардың шешімі табыла бастауы

мүмкін. Ал, енді экономиканы, әлеуметтік мәселелерді бір жүйеге келтіру арқылы қоғамға тиімді рухани құндылықтар жүйесін қалыптастыруға болады деген үстірт пікір. Себебі руханилық қолайлылықтан туындамайды. Керісінше, ол қиындықты адамдар жұмыла отырып бірге жеңе білуге үйрену, ешкімді шыққан тегі мен түр-түсіне, өмір сүру салтына қарамай шеттетпеуден басталады. Ал, руханилық орныға бастаған қоғамда құндылықтар әлемі өзінің нағыз шынайы бейнесінде, өз формасында болмысын көрсетеді және адам үшін қызмет етеді, жеке тұлғаны бұл өмірде бақыттылыққа жеткізеді. Қазақ ойшылдарының шығармашылығында осындай бағыттағы даналық үлгілері көптеп кездеседі.

Тарихи процестің үздіксіздігін қамтамасыз ететін, рухани сабақтастыққа, ынтымақтастыққа негіз болатын рухани құндылықтар еркіндік пен шығармашылықтың, қайырымдылық пен ізгіліктің арқасында қалыптасады және дамиды. Адамның әлемге қатынасын айқындаушы факторлар Ақиқаттың заңдылығымен, оның үйлесімділікке толы ұстанымдарымен астасып жатады. Ал енді бір кезеңдердің өткен көшпелі мәдениетке сай құндылықтар жүйесі өзінің ділінде адамның табиғатпен үйлесімділігін дәріптеумен ерекшеленеді. Дәстүрлі қоғамның рухани құндылықтары көбінесе адамды тұрақтылыққа, әсемдікке жетелейді, оның бойындағы бояулар нәзік лирикамен көмкерілген, техногендік прагматизмнен, утилитаризмнен алыстау болып келеді. Сондықтан қазіргі заманның өркениетті бағдарлары, нанотехнологияға бетбұрған индустриалдық дамуы дәстүрлі қоғамның рухани байлығын тұтастай жоққа шығармауы тиіс, оны тиісті жерінде пайдалана білгені жөн.

Қазақстандағы қазіргі философияның алдында жаңа әлеуметтік және саяси шындықтың күрделі мағынасын ашу, қазіргі кезеңнің қайшылықтары мен ерекшеліктерін анықтау, тәуелсіз Қазақстанның өркениетті ел қатарына кіруінің мәдени-тарихи алғышарттарын байыптау сияқты

қиын да күрделі міндеттер тұр. Жаңа философиялық білім беру, ғылыми-техникалық, ұлттық және мәдени саясатты қалыптастыру мәселелері сананың азаматтық қоғам мен нарықтық экономиканың құндылықтарына бағдар ұстануын қажет етеді. Жаңа құндылықтарға бағдар ұстану Қазақстан инновациялық дамуының демократиялық жолмен өрбуіне, әлеуметтік қатынастардың қоғамды біріктіре түсетін құрылысқа айналуына негіз бола алады. Бұл этносаралық және конфессияаралық келісімнің, әлеуметтік және саяси тұрақтылықтың, ел бірлігінің республикада нығая түсуіне ықпал етеді.

Ал, енді ұлттық қауіпсіздіктің қайнар көзі болатын Қазақстан халқының рухани бірлігі мәселесі осы ұлттық философияның қалыптасуы мен дамуы, яғни халқымыздың руханиятының үйлесімді өрбуі құбылыстарымен тікелей астасып жатады. Халқымыздың этнофилософиясының мазмұнды тұстарын жақсы көрсете білген сайын ұлтымыздың рухани әлемі байи түседі. Ол өз кезегінде еліміздегі әрбір азаматтың жеке дүниетанымында сапалы өзгерістер әкеліп, оларды даналық әлеміне де жақындата түседі. Елбасымыз бұл бағыттағы іс-шаралардың орнықты жүзеге асуына мүдделі және ол өзінің қомақты үлесін қосуда. Жалпы қоғамдағы дағдарысты процестерді еңгерудің тереңінде қоғамдағы рухани тіректерді нығайту проблемасы тұрады. Сондықтан ұлттың философиялық жасампаз, руханиланған даналық әлемін көркейте түскен сайын еліміздегі өркениетті және орнықты дамудың іргетасын нығайта түсеміз, әрбір құбылыстың және әрекеттің терең мағынасын анықтай аламыз. Бұл тәуелсіздіктің барлық қырларын бекітіп жатқан әлеумет үшін маңызды және қазіргі заманда қазақ философиясы үшін идеялар мен түсініктер бәсекелестігіне түсетіндей мүмкіндіктер ашады.

Қазақстан- Заман. – 1 шілде, 2010.

2.4 ТӘУЕЛСІЗДІК. МӘДЕНИ МҰРА. ҰЛТТЫҚ ОЯНУ

Күні бүгінге дейін жинақталған халқымыздың бай рухани және мәдени қазынасын біз ұлттық тәуелсіздік тұрғысынан таразылай бастасақ, оның болашақта бүкіл әлемді елең еткізуі мүмкін ерекше қуаты, ең алдымен, философиялық-дүниетанымдық астары өте терең сөз өнеріміз бен саз өнерімізде жатқанына көз жеткізер едік.

Әр дәуірде ежелгі Қазақстанды қоныстанған арий, ғұн, сақ тайпалары «кейін басқа жаққа көшіп кеткен, олардан қалған мәдениеттің сіздерге қатысы жоқ» дейтін қызғанышқа толы қаңқу пікірлер кейде кездеседі. Қазақ кең байтақ даласындағы мәдениет дамуының біртұтастығын, ежелгі дәуірлерден бастап күні бүгінге дейін үзілмей келе жатқан күретамыр желісін сырттағы «зерттеушілерден» гөрі мына сіз бен біз жан дүниемізбен анығырақ сезінеміз. Сол дәуірлерден сақталған таңбалы тастардағы суреттерді де, «Авестадағы» жырларды да, Анахарсистің қанатты сөздерін де біз өзгелерден гөрі өзгешелеу түйсікпен тереңірек ұғынамыз, түсінеміз. Бұл – бір.

Екіншіден, «Тоныкөк», «Күлтегін» іспетті тасқа қашалып жазылған жырлар, Қорқыт Ата, Әбу Насыр әл-Фараби, Қожа Ахмет Иасауи, Махмут Қашқари, Жүсіп Баласағұн, Сүлеймен Бақырғани сынды бабаларымыз түбі бір түркі жұртының бәріне ортақ десек те, «қара шаңырақ иесі болып қалған» (Мағжан Жұмабаев) қазақ халқына етене жақын. Сондай-ақ, хатқа түсіп, Еуропа мұрағатында қатталып қалған қыпшақ дәуірінің жәдігері – «Кодекс куманикустағы», өзге де тарихи жазбалардағы жырлардың да түпкі иесін тапқаны ешкімнің намысына тимес. Осылардың барлығы біздің бай мәдени мұраларымыздың бастаулары, ежелгі көшпелілер дүниетанымын қалыптастырған тұлғалар.

Абай мұрасы Шығыс пен Батыс әдебиетіндегі озық көркемдік әдістердің қазақ топырағындағы тоғысуы ғана

емес, бұл – халқымыздың тереңнен тамыр тартқан рухани қуатының жаңа пішін мен жаңа көркемдік әдіс тауып, әлемдік мәдениет өріне қарай толқуы. Ұлы Абай ұлттық мәдениетіміздің бойындағы булыққан рух сынды бұлақтың көзін ашты. Оның кепілі ретінде оның әлеуметтік онтологиясы – әлеуметтік болмыс туралы ілімі.

Абайдың шығармашылық кезеңі дәстүрлі қазақ қоғамын өз дамуының жаңа деңгейіне және әлеуметтік болмыс тәсілін түбірімен өзгертуге әкелген тарихи уақыттың аяқталған сәтіне дөп келді. Бұл жерде біз патшалық Ресейдің отаршылдық саясатының барлық жерге енгізіліп, қазақ қоғамының саяси және мемлекеттік дербестігінің ай-рықша белгілерінің біртіндеп жойылуымен сипатталатын Қазақстанның Ресейге күштеп қосылу үдерісін айтып отырмыз. Түбегейлі төңкеріс қазақ қоғамының тек өмір қамының тәсілінде, экономикалық және шаруашылық өмір тәртібінде, мемлекеттік-аумақтық басқарылуында ғана емес, сонымен қатар психологиясында, мәдениеті мен көңіл-күйінен де орын алды. Бұл осы ойшыл-ақынның дүниетанымын қалыптастырған жағдайдың алғышарты болды.

Батыс өркениеті мен философиясы, қоғамдық ойдың үздіксіз тарихы, ғылымы мен мәдениеті қазақ данагөйінің рухани есею жолында елеулі рөл атқарып, Батыс пен Шығыс мәдениеттерін өз дүниетанымында тамаша ұштастырды.

Абайдың рухани әлемі – ерекше бір тылсым дүние. Оның негізгі зерттеу объектісі – адам. Сол адамның эстетикалық, этикалық бет пернесі, арман-мақсаты, өмірінің мәні, сезімі мен түйсігі, болмысы мен ұлттық ойлау ерекшелігі ұлы ойшылды терең тербеністерге түсірген. Олардың негізінде адам және кісілік философиясы жатыр.

Шығыс ойшылы ретінде Абайда қарастырылатын күрделі адам мәселесі үлкен ауқымда, яки қоғамдық, руханилық, құндылықтық, этикалық, эстетикалық жақтарда қа-

ралады. Ал, бұл мәселелердің қайсысының да бір-бірімен тығыз байланыста екендігі күмәнсіз.

Абай адам табиғатын этикалық тұрғыда қарай отырып, оның тұтас алғандағы кісілік қалпын, ұжданды, «сегіз қырлы, бір сырлы» сырбаз адам, яки кемеліне жеткен, «толық адам» кейпінде алға тартады. «...Адам деген даңқым бар», – дейді Абай. Сол арқылы ол неден қашық, неге асық болуға үндейді, жақсылық пен жамандықтың, надандық пен имансыз адамның шынай мәнін ашады.

Абайдың ойшыл-дана ретінде негізгі ұсынар этикалық ұстыны – «Адам бол!» деген сөздермен кірігіп келетін кісілікке, адамгершілікке, имандылыққа жетелеу. Бұл – ақын шығармаларының басты өзегі. Осы арқылы ол адамның қоғамдық өмірдегі басты рөлі мен орнын анықтайды, ондағы сыншыл ақылды жоғары бағалайды. Соған ерекше мән береді. «Әсемпаз болма әрнеге» атты жастарға арналған өлеңінде Абай; – «...Сен де бір кірпіш дүниеге, Кетігін тап та бар қалан!», – дейді.

Ақын философиясында адам ақыл-ой мен кісіліктің, еңбексүйгіштік пен білімділіктің, достық пен махаббаттың тоғысқан үлгісі болуға тиіс. Сондықтан да ол «Күн менен айдың, аспанның, ағаштар мен жемістердің, таулардың сәні болғаны секілді, адам – жер бетінің сәні» деп ұғып, өзінің адам болып жаратылғандығын мақтан тұтады.

Бұл жағдай өткен заман – қазіргіні түсінудің кілті деген белгілі ақиқатты дәлелдей түседі. Біздің қазіргіміз – бұл барған сайын жаһандана түскен әлем, онда халықтар мен мәдениеттер барған сайын бір бірінен өзара тәуелді бола түседі. Абайдың онтологиялық көзқарастарынан өніп шыққан рухани әлеуетті сақтау, оны жаңа тарихи жағдайларда дамыту – біздің өтпелі кезеңнің және біздің бүгінгі замандастарымыздың міндеті. Біздің болмысымыздың қаншалықты шынайы екендігін пайымдауға бізді жақындата түсетін тарихи өткеннің нәрлі дәні оны баға жетпес қазынаға айналдырады, ал бізді рухани кемелдікке

және бәсекеге қабілетті қазақ ұлтының тек алға ұмтылуына итермелейді деген ой туындайды. Міне сондықтан, Абай – қазақ халқының жан-жүрегі мен ақыл-ойы – XXI ғасырдағы жаһандық әлеуметтік-мәдени өзгерістер дәуірінде рухани өсу мен ағартудың қайнар көзіне айналады. Сонымен Абайдың онтологиялық ілімі қазіргі жаһанануға байланысты туындайтын күрделі мәселелерді, олардың ішінде еркіндік пен руханият проблемасын талдауға, мәдени мұраның мәдени және ұлттық бірегейлікті нығайтудағы рөлін анықтауға үлкен септігін тигізері айдан анық.

Кешегі кеңес заманында да іштегі арманын сөзбен жеткізе алмаған зиялы азаматтарымыздың ұлы баба сөздерін әспеттеп, үнінің алысқа жетуіне жағдай жасауының бір сыры осында жатыр. Қазақтың күйлері мен өнер туындыларын үзбей тыңдаған ұрпақтың өршіл рухын бойына сіңіріп өспеуі мүмкін емес. Сол рух, міне, бүгін жаһандану заманында біздің егемен елдігімізді дербес демократиялық жолмен қайта құрып, мәдениетімізді дамытып, бүкіл дүниетанымымызды жандандырудамыз. Мәдени және рухани мұраны игеру – халық рухын жандандырудың бірден-бір жолы.

Біз үшін жасанды, виртуальды әлемде жоғалып кетпеу, жаһандану заманында өз төлтумалығымызды, қайталанбас ұлттық болмысымызды, ұлттық ойлауымыз бен кейпімізді сақтап қалуымыз маңызды болып отыр. Батыс мәдениетімен бәсекеге түсе алатындай XXI ғасырдағы рухы биік жаңарған мәдениетімізді дамытқанымыз жөн.

Шынында, жер бетіндегі тіршілік иесі еркіндік үшін жаратылған. Өсімдік екеш өсімдік те қалағанынша өркен жайып, өз қуаты жеткенше күнге қарай бой созуға ұмтылады. Жан-жануар атаулының да аңсары сол. Ал, адам ше?! Шыр етіп дүние есігін ашқаннан бастап, құндақтауға көнбей еркіндікке талпынған тірі пенде қашан жер қойнына кіргенше өз мүддесі жолында тырмысып, тырбанып өтпей ме?! Тіпті, нағыз тәубәшіл де төзімді кісінің жан сарайына

үңіліп қараңыз, оның да көкірегі еркіндікке бұлқынған арман мен мұратқа толы.

Шыққан тегі мен өскен тарихының, әдет-ғұрпы мен мінез-құлқының, табиғи ортасы мен шаруашылығының, ең соңында, ұлттық ойлауы мен тілінің, дүниетанымының тығыз байланысы бір ұлт етіп ұйытқан кез келген халық та әлгі жеке адам сияқты ғұмыр бойы азат және тәуелсіз ел болуды, жұмыр жер бетінен, адамзат тарихынан өзіне лайықты орнын алуды армандап өтеді. Арманынан айырылған, сенім мен мұратын жоғалтқан адам да, халық та, мемлекет те дара тұлғалық қасиетінен айырылып, азып-тозып, ақырында жоғалып бітеді.

Үш жүз жыл бойы бодандық бұғауында тұншыққан қазақ халқының қайтадан ұлттық идеяны ту етіп дербес мемлекетін орнатып, айналасы жиырма төрт жылдың ішінде төрткүл дүниеге танылуына жеткізген қандай ұлы күш еді, – деп таң қалатындар болса, сол ұлы күш осы – ғасырлар бойы халқымыз көкірегінен өшпеген ұлттық намыс пен ұлттық, азаттық рухы. Сонау көк түріктер заманында айбынымен жарты әлемді ықтырған жауынгер жұрттың тікелей мұрагерлері кейін адамзат көшінің соңына сырғып, бодандық қамытын мойнына киеді деп кім ойлаған?!

Бұл, бәлкім, кезінде ертеңгі болашағын парасатпен бағамдай алмай, қауіп-қатерді елең қылмай, өзге жұрт жаппай меңгеріп жатқан жаңалық атаулыны көзіне ілмей астамсыған тәкаппарлығымыздың жазасы болар. Бұл, бәлкім, адамзат дамуының ұлан-асыр дамуының өн бойында көшбасшылық тізгінін алма-кезек қолына алған халықтарды дүркін-дүркін сынға салып, ділі мен тілінің, рухы мен төзімділігінің беріктігін тексеріп отыратын тарих заңы болар. Қалай болғанда да, бір кезде ат тұяғы жетер маңдағы жұртты айбынымен сескендіріп, Еуразия құрлығының орталығын емін-еркін иемденген бостандық сүйгіш халқымыздың сыртқы және ішкі қайшылықтар мен жанжалдар шырмауынан шыға алмай, ақыр соңында бодандық бұғауына маталып тынғаны ақиқат.

Ұлы Абай айтқандай «Өз еркіміз өз қолымыздан кетіп», жат жұрттың қабағына жалтақтаған үш ғасыр бойғы өзгеге тәуелділік халқымыздың бірнеше буын ұрпағының бойындағы тәуелсіз елдік, отаншылдық, ұлтжандылық рухын езіп-жаншып, дүниетанымымыз бен діліміздің әр түрлі қитұрқы идеологиялық қисындар қалыбына салуға тырысып баққаны рас. Бірақ, халық көкірегіндегі тәуелсіз елдігін қайта орнатсақ деген сенім мен үміт ұшқыны қоздап жанып, ауық-ауық лап етіп белгі беріп қалатын. Әсіресе, XX ғасырдың басында қаулап өсіп жетілген демократиялық ұлттық интеллигенция шоғыры, ұлттық кәсіби саяси және интеллектуалдық элита өз халқының мүддесі мен болашақ дербес даму бағдарын айқындауға бел шеше кірісті. Олардың қатарында Ә. Бөкейханов, М. Әуезов, М. Шоқай, М. Дулатов, М. Жұмабаев, А. Байтұрсынов, Ш. Құдайбердиев және тағы басқа данышпандар болды. Жан-жақты білімдарлық пен парасаттылықты, саяси күрестің тәсілдері мен қалыптасқан жағдайды шынайы бағалай білуді жетік меңгерген демократияшыл қазақ зиялыларының бұл тобы бұрынғы ұлт-азаттық көтерілістердің жалаң қылышпен зеңбіректің аузына қарсы шабатын аққөз басшыларынан мүлде өзгеше тұғын. Олар туған халқының көзін ашып, көмескі тартқан рухын оятып, біліммен қаруландырып, бірте-бірте тәуелсіз ел болуға жеткізудің қиын да болса, ен сенімді жолын саналылықпен таңдап алды. Бірақ, осындай кәсіби зиялылар қаққан тәуелсіздік қоңырауының сарыны ұрпақтан ұрпаққа жалғасып, бостандық пен тәуелсіздікті, азаттық пен дербес дамуды аңсаған біз атаған азаматтар рухын шыңдаумен болды. Бізді бүгінгі тәуелсіз демократиялық ел болуға жеткізіп отырған да сол биік өршіл рух.

Алайда, қазіргі заманда жаһандану процесі ықпалынан оқшау қалу мүмкін емес екені белгілі. Жаһандану жағдайындағы Шығыс пен Батыстың, Азия мен Еуропаның сұхбаты мәселесінің Қазақстанда күн тәрті-

біне қойылып, біздің елімізде шешімі табылуы мүмкін екендігіне төмендегідей жағдайлар негіз болады: бірінші ден, қазақстандық (өз рухы бойынша еуроазиялық) философияның өзіндік ерекшелігі қазіргі кезеңде әлемдік өркениеттік кеңістіктің кең көлеміне шығуға мүмкіндік береді, мәдениеттер мен өркениеттердің сұхбатына шақырады. Екіншіден, біз үшін жаңа мәдени-тарихи өлшемдерге осындай болып ену қазақстандық мәдениеттің басқа мәдениеттермен танысуы арқылы өзінің көкжиегін «кеңейтуге» көмектеседі және бұл үдерістің өзін тереңірек тануға мүмкіндіктер ашылады. Сөйтіп, сол арқылы әлемдік дамудың жаңа биіктеріне көтерілуге болады. Үшіншіден, жаһаңданудың жаңа үлгісі, міне, осылай әлемдік ақпараттар ағымына қосылатындай мәдениеттердің ашық, шығармашылықты қолдайтын сұхбатын артық көреді. Бірақ сонымен қатар өзіндік ұлттық төлтумалықты, өзіндік ұлттық болмыс пен намысты, халықтың ұлттық бірегейлігін және қайталанбастығын сақтап қалу қажеттілігі бар. Бұл бағытта елімізде нақтылы шаралар да атқарылып жатыр.

Міне, осындай қиын өтпелі кезеңде қайшылықтар мен жанжалдарды реттеуге Шығыс философиясы, оның ішінде қазақ-түрік философиясы қатысады. Қазіргі кезеңде Батыс философиясы мен Шығыс философиясы қарама-қарсы бағыттарда дамып бара жатқандай. Батыстықтар жасанды виртуальды әлемге талпынса, Шығыс философиясы, оның ішінде қазақ философиясы болмыстың нағыз шынайы рухани әлеміне шақыру үстінде. Қазақ философиясы мәдениет әмбебаптарына, қазақ өркениетіне, сондықтан қазақ рухына және нақты әлемге жақын.

Осы «екі қарама-қарсы бағыттың» түйісуі қажетті байланысты туғызады, бір-бірін толықтыратын мүмкіндіктер ашады. Сөйтіп, қазір жаһандану заманында біртұтас, бірікken болашақтағы еуразиялық философия қалыптастыру мүмкіндігі туып отыр. Егер қазақтың дәстүрлі философиясы осы кезге дейін ғылым формасындағы батыстық канондарға сәйкес келмей келсе, онда қазіргі қазақстандық филосо-

фия өзінің бойына батыстың да, қазақтың ой-толғауының озық үлгілерін жинақтап үлгірді. Қазақ халқының ғасырлар бойы қордаланған бай даналық мұрасын қазіргі қазақстандық философия жаңа категориялық аппаратпен сараптаудан өткізуде, халықтық дүниетанымның терең тамырлары мен қырларын өрнектеу үстінде. Міне, осының негізінде мәдениеттер мен өркениеттер арасында тиімді сұхбат орнайтынына нақты сенім білдіремін.

20 томдық «Ежелгі дәуірден бүгінгі күнге дейінгі қазақ халқының философиялық мұрасы» атты антологиясы жарық көрді:

1 том – Ежелгі көшпелілер дүниетанымы.

2 том – Әл-Фараби философиясы.

3 том – Әл-Фараби философиясы.

4 том – Ислам философиясы.

5 том – Орта ғасырдағы түркі ойшылдары.

6 том – Қазақтың тарих философиясы.

7 том – Қазақтың халық философиясы.

8 том – Қазақ ақын-жыраularының философиясы.

9 том – Қазақтың би-шешендерінің философиясы.

10 том – Қазақ ағартушыларының философиясы.

11 том – XX ғасырдың басындағы қазақтың ояну философиясы.

12 том – Қазақтың этикасы мен эстетикасы.

13 том – Диалектикалық логика.

14 том – Философия тарихы.

15 том – Ғылым философиясы және әдіснамасы.

16 том – Фарабитану.

17 том – Әлеуметтік философия.

18 том – Таным теориясы.

19 том – Философиялық антропология, мәдениет философиясы, дін философиясы.

20 том – Тәуелсіз Қазақстан философиясы.

20 томдық «Әлемдік философиялық мұра» бойынша антологиялық ұстынмен мынандай еңбектер жарық көрді:

1 том – Ежелгі Шығыс философиясы.
2 том – Антикалық философия.
3 том – Аристотель философиясы.
4 том – Әл-Фараби мен Ибн Сина философиясы.
5 том – Орта ғасырлық діни философиясы.
6 том – Жаңа дәуір философиясы.
7 том – Жаңа дәуірдегі француз философиясы.
8 том – Кант пен Гегель философиясы.
9 том – Өмір философиясы.
10 том – Ғылым мен техниканың батыстық философиясы.
11 том – Өмір сүру философиясы.
12 том – Орыс философиясы.
13 том – Классикалық емес Батыс философиясы.
14 том – Ашық қоғам философиясы.
15 том – Постмодерн философиясы.
16 том – XX ғасырдағы тарих философиясы.
17 том – XX ғасырдағы мәдениет философиясы.
18 том – Қазіргі Шығыс философиясы.
19 том – Қазіргі мұсылман философиясы.
20 том – Қазіргі түрік философиясы.

10 томдық «Әл-Фараби» шығармалар жинағы бойынша мынандай еңбектер жарық көрді:

1 том – Әл-Фараби метафизикасы.
2 том – Әл-Фараби метафизикасы.
3 том – Әл-Фараби логикасы.
4 том – Әл-Фарабидің әлеуметтік философиясы, этикасы және эстетикасы.
5 том – Әл-Фарабидің әлеуметтік философиясы, этикасы және эстетикасы.
6 том – Әл-Фараби ғылымы (Жаратылыстану және математика).
7 том – Әл-Фараби. Птолемейдің «Әлмагесіне» түсініктемелер.
8 том – Әл-Фараби. Музыка туралы үлкен кітап.
9 том – Әл-Фараби. Музыка туралы үлкен кітап.

10 том – Әл-Фараби мұрасы: қазақстандық философиялық зерттеулер. Биобиблиография.

Осындай жүйелі қомақты жұмыстар еліміздің руханимәдени тәуелсіздігін одан ары нығайтуға септігін тигізеріне, еліміздің жаһандану процесіне енуінің қажетті баспалдағы болатынына кәміл сенеміз.

2.5 СЕНІМ – БАСТЫ ҚҰНДЫЛЫҚ

Қазіргі әлемде сырттай қарағанда сыйыспайтын, бірақ диалектикалық тұрғыда сәйкес келетін құбылыстар жүріп жатыр. Бір жағынан, әлем одан сайын тұтастана түсіп, саяси, экономикалық, әлеуметтік және мәдени өлшемнің үлгілері кеңінен тарап, жаһандану процесі кеңейе түсуде. Екінші жағынан, елдердің мемлекетік тәуелсіздігін қалыптастырудың мүмкіндігі күшейе түсуде және оны жүзеге асыру халықаралық құқық пен халықаралық ұйымдардың механизмдерінің қызметіне игі ықпал етуде. Бұл жаңа тәуелсіз мемлекеттердің пайда болуы өз кезегінде әр түрлі халықтардың төлтумалығын, мәдени-рухани табиғатын байқатуға мүмкіндіктер ашады. Басқаша айтқанда, біз қазіргі кезеңде әр түрлі бағыттағы заңды процестердің куәсі болып отырмыз. Бірлесу мен бірыңғайлану құбылыстары әр түрлі мемлекеттер мен әлемнің аймақтарындағы әртараптандыру процесі ауқымында көрініс табуда. Жоғарыдағы құбылыстар осы мәселелерді ғылыми-теориялық талдауды өзекті ете түседі.

XXI ғасырдың басында әлемдік дамудың жанына батқан мынадай кешенді мәселелер күн тәртібіне қойылып отыр:

- дүниежүзілік термоядролық соғыс қаупін сейілту, халықаралық терроризмге және діни экстремизмге қарсы бірлесіп күресу, әлем халықтарының өзара сенім мен ынтымақтастық негіздегі бейбіт өмір сүруіне қолайлы жағдайлар туғызу;

- бүкіл адамзат өркениетінің айнала қоршаған ортаға жүргізген парықсыз өктемдігінен туындаған адам мен табиғат қарым-қатынасын өзгерту, әлемдік экологиялық және антропологиялық дағдарысты жеңу;

- батыстың дамыған индустриалды елдері мен басым көпшілігі аштық пен қайыршылық, кедейшілік пен сауатсыздық күйін кешіп отырған Азия, Африка, Латын Америкасы елдері арасындағы әлеуметтік-экономикалық даму деңгейінің өсіп бара жатқан алшақтығын азайту;

- көптеген дамушы елдердің экономикалық жағдайын күрделендіріп отырған халық санының есепсіз өсуін, яғни «демографиялық жарылысты» реттеу;

- маңызды табиғи байлықтарға, азық-түлікке, шикізат пен энергия көздеріне бақылау жасау;

- Батыс елдерінің Ресейге жариялап жатқан санкциялары, Украинадағы соғыс қаупін тоқтату, Ресей мен Украина арасындағы дау-жанжалды шешу;

- бүгінгі ғылыми-техникалық революцияның жағымсыз зардаптарын болжай білу және оның жетістіктерін адам мен адамзат мүдделері үшін тиімді пайдалана білу. Көріп отырғанымыздай, адамзат XXI ғасыр шегінде планетаның барша мемлекеттері мен халықтары өзара тіл тауып, жұмыла кіріскенде ғана шеше алатын кешенді проблемаларға маңдай тіреп тұр. Азиядағы мемлекетаралық күштерді үйлестіріп отыру мақсатынан дер кезінде өткізілген Азиядағы өзара сенім шаралары жөніндегі кеңестің (АӨСШК) болашағы өте зор, өте пайдалы саяси форум екендігін бүкіл әлемдегі бұқаралық ақпарат құралдары тынымсыз сөз етуде. Оның құндылығы Азиядағы мемлекетаралық сұхбатты дамытудың және аймақтық қауіпсіздік жүйесін қалыптастырудың алғашқы қадамы екендігінде болып отыр.

Бүкіл әлемде 7 миллиардтай адам, оның жартысынан астамы (3,5 миллиард) және шикізаттың өте бай қоры да Азия құрлығында орналасқан. Оның бет-пердесін

анықтайтын Қытай, Үндістан, Ресей, Пәкстан сияқты ядролық қаруы бар ірі мемлекеттер қырық құрамды. Азияда өз шешімін әлі таппаған күрделі шекара және су проблемалары, Ауғанстаннан басқа елдерге есірткенің үзбей таралуы, Араб-Израиль қақтығысы, Үндістан мен Пәкстан арасындағы жанжалы өрши түсуде. Тіпті, халықаралық терроризмді тамырынан жою үшін бүкіл әлемдік қауымдастықтың барлық әскери, ақпараттық, қаржылық, ғылыми-интеллектуалдық, рухани-мәдени күш-жігерімізді түгелімен дерлік бағыттауымыз қажет. Әрбір елге төніп тұрған қауіп-қатерден бірлік пен ынтымақтастық, серіктестік пен өзара түсіністік қана қорғайды. Бірлік бар жерде тірлік болады, адам мен адамзат үшін жақсы, ізгі істер де болады.

Осы өзекті де күрделі мәселелері Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары жөніндегі кеңестің Алматыда өткізілген алғашқы саммитінде жан-жақты талқыланып, «Алматы актісі» және «АӨСШК-ның терроризмді аластау және өркениеттер арасындағы үн қатысуға жәрдемдесу туралы декларациясы» сияқты халықаралық маңызы өте зор құжаттар қабылданды. Азия кеңесінің шақырылуы, Азияда тұрақтылық пен ұжымдық қауіпсіздік жүйесін, оның ұстындары мен институттарын құру туралы шешім қабылдау Қазақстанның беделін биік халықаралық деңгейге көтеріп, бүкіл қазақстандықтардың, Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың сыртқы саясаттағы қомақты табысы деп әлемнің ақпарат құралдары бағалады. Біз бейбітшілік пен қауіпсіздік мүддесі жолында көпкіндікті жаһандану мен өркениеттер арасындағы тиімді сұхбатты қолдаймыз. Өзіміздің ұлттық мүддемізді қорғап, тәуелсіздігімізді одан сайын нығайта түспекпіз.

«Істің қалай біткеніне емес, қалай басталғанына қарап бағала» демеуші ме еді ұлы Абай. Біздер өз күшімізбен АӨСШК-ның рухани-мәдени негізін, Азиядағы адам мен қоғам мәселесін, Азия философиясы мен тарихын, әдебиеті

мен мәдениетін тереңірек зерттеуіміз қажет. Қазір біздер Азиядан гөрі Еуропаны жақсы білеміз. Ендігі қауіп Еуропадан емес, Азиядан болуы мүмкін. Ендігі жерде әлем кіндігі Еуропадан Азияға, Атлантикадан Тынық мұхитқа қарай ауысуда. Соған орай барлық әлемдік қауымдастық бетбұрыс жасауда, бұрынғы қалыптасқан стереотиптерді өзгерткеніміз жөн. Бұл бағытта АӨСШК-ның шешімдері бізді қатты қуантады және жаңа игі ітерге жетелеуде.

Қазақстан Республикасы еуразиялық ел, ендеше, оған еуразиялық идеясы өте жақын. Еуразиялық деген сөз Еуропа мен Азияны біріктіреді, бірақ олар өзінің философиялық мәні тұрғысында Батыс пен Шығыс деген терең ұғымды білдіреді.

Біздің жас, тәуелсіз мемлекетіміз географиялық тұрғыда емес, демографиялық және мәдени тұрғыда Еуропа мен Азия, христиандық пен исламның тарихи әлемі аралығында жатыр. Еуразиялық дегеніміз бірлік. Егер Батыстың ұраны «Сыртқы дүниені таны, соның негізінде оны өзгерту болса», Шығыстың ұраны «Өзіңді өзің таны, соның негізінде өзіңді өзгерт». Абайдың сөзімен айтсақ «Адам бол!». Осыдан еуразиялық дүниеге қатынастың ерекше түрі болып табылады, яғни адамның практикалық іс-әрекеті рухани-адамгершілік бастамамен толығады. Еуразия кеңістігі бойынша славяндар мен турандықтардың іс жүзіндегі үйлесімді қатынасы, достығы, ислам мен христиандық арасындағы рухани келісім іске асып отыр. Осының арқасында Азия-Тынық мұхиты аймағы мемлекеттерінің АСЕАН ұйымы, Еуразиялық экономикалық одақ, Қазақстан, Беларусь және Ресей арасындағы Кеден одағы, Шанхай ынтымақтастық ұйымы сияқты аймақтық интеграция әлемдік жаһандану процесінің теріс әсеріне тосқауыл бола алады.

Бүгінгі күні Шығыс пен Батыстың, Азия мен Еуропаның жақындасуы, еуразия континенті мемлекеттерінің интеграциясы аса қажеттілікке айналуда. Ол үшін Азия елдері арасындағы тиімді сұхбат арқылы өзара түсіністік пен сенім

орнауы қажет. Адам мен табиғат, техника мен адамгершілік, ислам мен христиандық, ұлттық пен жалпыадамзаттық, атлантизм мен континентализм арасындағы теңсіздік болашақта аса зор күйреуге, бүкіл планетамыздың жойылуына апарып соғуы мүмкін. Еуразиялықты дүниеге арнаулы қатынас түріндегі мәдени-философиялық доктрина ретінде жүзеге асыру осы теңсіздікті жеңудің басты жолы, адам тіршілігінің әр түрлі тараптарын үйлестірудің бірден-бір тәсілі болар еді. Қазіргі кезде еуразиялық идея мен мұраттың кең де терең мәнге ие болуы да сондықтан.

Қазір барлық елдер мен мемлекеттер біркіндікті жаһандану дүниесінде өмір сүруде, оны АҚШ анықтап отыр. Әлемдік және аймақтық тұрақтылық пен қауіпсіздікті өз мойнына алып отырған АҚШ үшін бұл оңай шаруа емес. Жаһандану процесіне оңтайлы кірігу үшін басқа елдер де АҚШ-пен бірге қатысқаны жөн. Сонда ғана біздер әлемдік көпкіндікті жаһандасу процесінің шынайы субъектілері бола аламыз. Әйтпесе, әлемдік орнықты даму тығырыққа тіреліп, үлкен қасіретке ұшырауы мүмкін. Бәрінен де біздер үшін өзара сенім мен келісім, түсіністік пен тұрақтылық ауадай қажет. Ондай жағдай көпкіндікті дүниеде ғана мүмкін.

Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары жөніндегі кеңестің рухани-мәдени негіздеріне айрықша тоқталған жөн. Ежелгі заманнан бүгінгі күнге дейінгі Қазақстанда қалыптасқан гуманизм, төзімділік (толеранттық), ынтымақтастық, этносаралық және рухани келісім, тұрақтылық, сенім, халықтың демократиялық әдет-ғұрпы, сөз бостандығы сияқты құндылықтар осы кеңестің Алматыда жоғары деңгейде өтуіне негіз болды.

Төрт жылда бір рет өткізіліп отыратын Азиядағы жаңа халықтаралық саяси форум аймақтық жанжалдарды бейбіт жолмен шешуге, реттеу мен жаппай қырып-жоятын қару-жарақты таратуға жол бермеуге, ядролық қарусыз аймақтар құруға, терроризмге, есірткі қаупіне, ұйымдасқан қылмысқа қарсы күресті жүргізуге, Үнді-

Пәкстан қақтығысын бейбіт сұхбат арқылы шешуге жағдай жасайды, өркениеттер мен мәдениеттер сұхбатын іске асырады.

Халықтың бай өткен тарихын дұрыс ұғынбай, білмей қазіргі қайшылықты да жанжалға толы заманды терең түсінуге болмайды және болашақты болжап, рухани бай тұлға болу да мүмкін емес. Данышпан Ахмет Байтұрсынов айтқандай, «бүгінгі заман өткен заманның баласы, болашақ заманның «атасы». Азияда халық философиясы көркемдік-поэтикалық формада өмір сүрді, 500 томдық, яғни ауыз әдебиеті, халық шығармашылығы түрінде көрініс берді. Сондықтан жастар үшін өз халқының ұлттық тарихы және көшпелі, жартылай көшпелі халықтарда қалыптасқан ерекше философияның құндылықтарын кейінгі ұрпаққа бере білу де құнды нәрсе. Азия философиясы сұхбат пен сенім философиясы, өзара түсіністік философиясы. Сонымен қатар XX ғасырдың 50-ші жылдары елімізде қалыптаса бастаған кәсіби философияны да айтпасқа болмас. Әдетте, кез келген жоғары білімі бар адам философияны білемін деп әлекке түседі. Шын мәнінде, қазір ештеңе білмейтін белсенді надандар да көбейіп бара жатыр, ондайлардан кәсіби философияны қорғау керек. Осындай дилетанттар ғылым мен мәдениетке орны толмас зиян келтіруде.

«Жоқтан ештеңе бар болмайды, бар нәрсе ешқашан жоғалмайды». Күллі философтар мен ғалымдар қауымы мойындаған осынау қағиданың дұрыстығын жиырмасыншы ғасырдың соңында ұлы түркі жұртының ата қонысында дербес елдігін қайта орнатқан қазақ халқы тағы бір рет дәлелдеп отыр. Ұлттық мәдениетіміздің: тарихымыз бен философиямыз, әдебиетіміз бен киномыздың, музыкамыз бен бейнелеу өнеріміздің өн бойынан ғасырлар тоғысында байқала бастаған буырқаныстар жақсы нышанның хабаршысындай көрінеді.

Осы орайда «біз – қазақтар өркениеттің ащы-тұщы жемістерінің бәрін әлдеқашан татып көрген әлем жұрт-

шылығын қазіргі қандай рухани қазынамызбен таң қалдыра алар едік?» деген сұрақ тілге оралады. Шынымен-ақ, қазіргі заманғы әлем мәдениеті дамуына қазақ халқы қандай жаңалық қоса алар еді?!

Жер-жиһандағы халық біткен үшінші мыңжылдықтың қарсаңында бары мен жоғын түгелдеп, үшінші мыңжылдықта дербес ұстанар бағытын айқындап жатқан шақта біздің де өзімізге мұндай сұрақ қойуымыз табиғи заңдылық.

Сан ғасырлық тарихында талай соны ізденістер мен ұшқары талпыныстардың куәсі болған әлем мәдениеті жылт еткеннің бәрін тың жаңалық ретінде қабылдай қоймайды. Тереңнен тамыр тартқан, дәстүрлі ұлттық мәдениеттің асыл мәйегін замандастарының арман-мұраты мен талғамына үйлестіріп қайта құлпыртқан әрекет қана көзі қарақты әлем жұртшылығы тарапынан жаңа құбылыс болып бағаланады.

Күні бүгінге дейін жинақталған халқымыздың бай рухани және мәдени қазынасын біз де осы талғам тұрғысынан таразылай бастасақ, оның болашақта бүкіл әлемді елең еткізуі мүмкін ерекше қуаты, ең алдымен, сөз өнеріміз бен саз өнерімізде жатқанына көз жеткізер едік.

Қазақ жырының ең арналы саласы жыраулар поэзиясы екені белгілі. Поэзиямыздың бұл кезеңі бізге – қазақ халқына біртұтас түркі дүниесінен бөлек отау тігіп, дербес ел болған, сол елдігімізді сақтап қалу жолында жанталаса күрес жүргізген, бас еркіндіктің қолдан сусып бара жатқанын сезіп қапалана аһ ұрған дәуірмен біте қайнасып жатқандықтан да ерекше жақын, ерекше мазмұнды. Ең терең философиямыз бен тарихымыз да, дәстүрлі дүниетанымымыз да, салт-санамыз бен арман-мұратымыз да осы жырларда сақталған.

Қазақ поэзиясының жаңа дәуірі, әрине, ұлы Абайдан басталады. Абай жырлары – Шығыс пен Батыс, Азия мен Еуропа поэзиясындағы озық көркемдік әдістердің қазақ топырағындағы тоғысуы ғана емес, бұл – халқымыздың

тереңнен тамыр тартқан үздіксіз рухани қуатының жаңа пішін мен жаңа көркемдік әдіс тауып, әлемдік мәдениет өріне қарай толқуы. Ұлы Абай ұлттық мәдениетіміздің бойындағы булыққан бұлақтың көзін ашты. Қазақ поэзиясы жаңа арнаға түсті. Күні бүгінге дейін жалғасып келе жатқан, көркемдігі мен тереңдігі жағынан әлемдік поэзияның кез келген озық үлгісінен кем соқпайтын туындыларды дүниеге әкелген қазақ поэзиясындағы Абай дәстүрі дегеніміз, міне, осы.

Қазақ поэзиясының Абайдан басталатын дәуірі бөліп-жаруға келмейді, әзірге бітер шегі де, шеті де көрінбейді. Себебі, қазақ ақындарының төбесінен үнемі төніп тұратын Абай талғамының ықпалы әлі талай ғасырларға созылары сөзсіз.

Үшінші мыңжылдықта қарқыны жеделдей түсер жаһандық тұтастану, шекара талғамайтын қаржы мен ақпарат ағындары өзін сақтап қалмақ болған әрбір ұлтты жаңа қатер қаупінен қорғануға мәжбүр етіп отыр. Ендігі жерде өзіндік «менін» сақтауға ұмтылған әрбір жұрт, ең алдымен, тарихи жадын, бірегей ұлттық ойлау машығын, өзіндік дүниетанымын, ана тілі мен ерекше ділін, дәстүрлі төл мәдениетін дамыту, аман алып қалу жолында жанталасуы қажет. Осы тұрғыдан бағаласақ, «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы шығарған «Екімыңжылдық дала жыры» атты көлемді жинақ қастерлеп ұстар қасиетті кітап. Себебі, қазақ жыры бар кезде, оны оқитын ұрпақ үздіксіз өсіп-өніп жатқан кеңістікте қазақ ұлты да мәңгі ғұмыр кеше бермек. Лайым солай болғай болашақта да.

Міне, осындай қиын кезеңде пәле-жәледен құтқарушы қызметті тек философия ғана атқарады деген ойдамыз. Ол, М. Мерло-Понти айтқандай, «әлемдегі құтқарушы» қызметті қазіргі кезеңде атқаруға кірісті. Сөйтіп, нағыз, нақты өмірге қайтып оралу жөніндегі үміт үзілген жоқ. Міне, осы міндетті қазір Азия философиясы, оның ішінде қазақ философиясы шешуде.

Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары кеңесінің рухани-мәдени алғышарттары осындай. Өркениеттік сұхбат процесінде мемлекеттер арасында өзара түсіністік пайда болып, ең қымбат та басты құндылық ретіндегі сенім сезімі қалыптасады.

Жаһандану және Қазақстанның орнықты дамуы – Глобализация и устойчивое развитие Казахстана. – Алматы, 2002. – С. 227–253.

3 ДӘСТҮР, ДЕМОКРАТИЯ, ФИЛОСОФИЯ

3.1 ҚАЗАҚ ДҮНИЕТАНЫМЫНЫҢ РУХАНИ-ҚҰНДЫЛЫҚТЫҚ БАСТАУЛАРЫ

Тәуелсіздік тұсындағы қазақ халқының қоғамдық санасындағы түбегейлі өзгерістер тарихи тағдырдың тәлкегімен ұмыт болған ұлттық дәстүр мен мәдениетті қайта жүйелі жаңғыртуымен сипатталады. Бірнеше ғасыр бойы отаршылдық пен тоталитаризмнің ықпалымен мәдени деградация мен трансформацияға ұшыраған ұлттық мәдениетті қайта өркендету мемлекеттік деңгейде төмендегі міндеттерді жүктейді: ең алдымен ұлттық мәдениеттің негізін құрайтын түбегейлі құндылықтарды қайтару, яғни адамдарды рухани тұрғыда оятатын ұлттық тіл мен дәстүрді қайта жаңғырту; осы уақытқа дейін тыйым салынып келген халықтың тарихи өткенін толығымен жан-жақты зерттеулер арқылы қалпына келтіру, тарихи сананы қалыптастыру арқылы мәңгүрттік жағдайдан арылу; ғасырлар бойы қалыптасқан қазақ халқының асыл қазынасы – мол мәдени-рухани мұрасын белсенді түрде меңгеру.

Бостандық, азаттық, тәуелсіздік идеясы жаратылысынан еркіндік сүйгіш қазақ халқының өмірінің мәнін, негізін құрайтыны анық. Соңғы екі-үш ғасырда отаршыл саясатқа қарсы жүргізілген үш жүзден астам көтерілістің өзі нені көрсетеді? Құдайға шүкір, халқымыздың аңсаған ұлттық тәуелсіздігіне де қол жеткізіп, бүкіл әлем мойындаған дербес елге айналдық. Алайда, қазіргі жаһандану заманында бәсекелестікке төтеп беру де оңай шаруа емес. Ұлттық намыс пен жігерді жани, ұлттық рухты асқақтата түсу керек деп ойлаймын. Бұл үшін өз қазанының ішін-

де қайнап қана қоймай, асып-төгіліп, өзіміздің тамаша ұлттық құндылықтарымызды сыртқы әлемге де таныта білуіміз керек. Қазіргі қазақ философиясының мәні барлық жағынан алғандағы еркіндік және еркін ойлайтын тұлғаны қалыптастыру мәселесімен астасып жатады.

Қазақ мәдениетінің өткені, оның терең рухани қыртыстары мен болмысы, бүгінгі мәдени ахуалдың қайшылықтары мен келешегі мәселелерін зерттеу өзінің көкейкестілігімен көзге түсіп, отандық философия ғылымына маңызды міндеттер жүктейді. Егер Батыста кәсіби формадағы университеттік философия үстемдік етсе, қазақтардың ұлттық дүниетанымы көркемдік және діни мәтіндердің дәстүрлі түрлерінде, ақын-жыраулардың, би-шешендердің, ағартушылардың шығармашылығында басым болып келеді. Бұл қазіргі кезде еуро-орталықтық ойлау тәсілінен арылған қазақ философиясының болашағы туралы мәселені күн тәртібіне қояды. Қазақтың бай бәсекеге қабілетті төлтума мәдениетін қалпына келтіру, халықтың шынайы тарихын жан-жақты түсіну үшін де оның дүниетанымдық негізі мен әдіснамалық құралын тереңірек қалыптастыру қажет.

Өткен ғасырларда өмір сүрген даналарымыз халықты үнемі рухани-адамгершілік бағдарларға шақырып отырған. Әл-Фараби замандастарына «қайырымды, ізгілікті қаланың» қажеттілігін айтса, Жүсіп Баласағұн қоғамда әрбір адамның әділетті болуын көксеген, Абай пендеге арнап «Адам бол!» деп нақты кеңесін берген, Шәкәрім болса, арұяттан, ұжданнан әлеуметтік болмыстың, адам өмірінің түп қазығын іздеген.

Әрбір ұлттық мәдениет өзінің дамуында руханият дүниесіне сүйенеді. Әлемдегі басқа ұлттар мен ұлыстар сияқты қазақ халқының көп ғасырлық тарихында даналықтың озық үлгісі боларлық әлемді танып-білудің, зерделеудің өзіндік сипаттамалары, түркілік ерекшеліктерді танытатын философиялық-этикалық ойлар мен тұжырымдар жеткілікті болғаны белгілі. Мәселе сол рухани інжу-

маржандардың қадірін біліп, қаймағын бұзбай қазіргі күрделі жаһандану заманында жүйелі түрде жинақтап алуда және оны әрбір жаңадан келетін жас ұрпаққа рухани сабақтастықпен жүйелі түрде бере білуде болып отыр.

Адамзат тарихы руханиятының ең маңызды түп негізі оның ақыл-ойынан, парасатты дербес ойлау тәжірибесінен байқалады. Ойлаудың ұғымдық, түсініктік жүйеленуі әлемдік философиялық дәстүрдің жарқын көрінісі ретінде танылады. Жалпы, адами эволюцияның өлшемі ретінде даналық, кісілік үлгілерін алуға толық болатыны анық. Осы тұрғыдан алғанда, адамзат тарихындағы кез келген халықтан философиялық пайымдаудың үлкен жүйелі құрылымдарынан бастап өлшеулі деңгейдегі тұжырымдар мен түсініктерден тұратын ерекше сілемдер аралығындағы мәдени көптүрлілікті аңғаруға болады. Осы жерде философиялық компаративистика мен философиялық герменевтиканың алатын орны айтарлықтай. Олардың барлығына әрқилы бағалау беріп, әр түрлі өлшемдер арқылы сараптаудан өткізу міндеті – гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдар алдында тұрған қасиетті борыш. Дегенмен, негізінен, ойлау жүйесінің адами ұстындарының өзара ұқсастығына тәнті боламыз және әрбір мәдениеттің өзіндік көріністерінің, ерекше сипаттарының бар екенін де мойындауға тиістіміз. Міне, осыған орай халқымыздың өзіндік ұлттық ойлау жүйесі, философиялық мәдениеті бар.

Қайта оралу философиясы – бұл философияның өзіне өзінің қайта оралуы, өзінің рухани қайнар-бастауларына, ежелгі түркілік құндылықтарына, қайтадан тереңірек философиялық пайымдау мен зерделеу үшін өзіне өзінің қайта оралуы. Қазақстандық посткеңестік философиялық рухани байлықты пайымдау – қазақ мәдениетінің терең қатпарларындағы өзіндік тұлғалық кісілік философиялық пайымдау сипатында көрініс бере бастаған философиялық үдеріс ретінде танылады.

Біз қазіргі кезеңде қайшылық пен дау-жанжалға толы өте күрделі жаһандану ауқымындағы әлемде өмір сүрудеміз.

Және бұл кезеңге тән маңызды мәселе қажетті рухани-адамгершілік бағдарлар мен мұраттарды іздеу болып отыр. Қазіргі рухани өмірдің тәжірибесі өткеннің, бүгінгі күннің және болашақтың ұлы жетістіктерінің негізінде қалыптасады. Осыған орай қазақтың ежелгі түркілік рухани және діни-мифологиялық бастауларына қайта оралу арқылы өзімізді өзіміз терең түсіне бастаймыз, қазақ руханияты мен қазақ дүниетанымының, қазақ және түркі философиясының терең сырлары мен інжу-маржандарын ашамыз.

Сонымен, біз өзіміздің тарихи-мәдени алғашқы бастауларымызға, дәстүрлерімізге, құндылықтарымызға, қазақтың әуелгі философиясына қайта ораламыз. Бірақ бұл қайта рухани түлеуді адамзаттың қазіргі рухани жаңаруымен, оның жетістіктерімен байланыстыру ауадай қажет. Бұл өзіміздің рухани бастауларымызға қайта оралу Інжілдегі адасқан ұлдың қайта оралуы емес, ол біздің шешілмеген мәселелерімізді түсіну мен шешу үшін қажет гуманистік қайнар көздерге, рухани құндылықтарға қайта оралу болып табылады. Сонымен қатар, біз өзіміздің дәстүрлі дүниеге қатынасымыздан қазіргі әлемді тереңірек гуманистік тұрғыдан түсінуге сәйкес келетіндерін ғана таңдап алуға тиістіміз. Көне рухани-мәдени мұрамызға жүйелі герменевтикалық және компаративистік салыстырмалы философиялық талдау жасау қажет. Өткенді асыра марапаттаудан да аулақ болуымыз қажет.

Қазақтардың ежелгі түркілік дәуірі кезеңінде дәстүрлі дүниетанымы болғаны мамандарға белгілі. Кез келген әлеуметтік немесе рухани құбылыстың мағыналық, мазмұндық, құндылықтық көрінісі жеке адам үшін немесе бүтіндей халық үшін құтты, қайырлы болмаса, онда оның өзіндік келбетінің әлеуметтік субъект үшін мәні де жоғалатыны анық. Бұл тұжырымдар өз кезегінде өткен тарихи кезеңдердегі және қазіргі таңдағы әлеуметтік үдеріске, әлеуметтік практикаға берілген жан-жақты және оңды аксиологиялық сипаттама болары сөзсіз.

Шынтуайтына келгенде, түркі бабаларымыздың даналыққа толы құштарлығы мен тұжырымдары тек қазақ халқы үшін ғана емес, жалпы түркі тілдес халықтарға, бүкіл түркі әлеміне, одан кеңірек алсақ, барлық адамзат баласына рухани бағдар болып табылады. Сонау Орхон-Енисей жазбалары мен Абайдың кісілік философиясы, Шәкәрімнің ар-ұят, ұждан философиясы аралығында игерілмеген, өзінің толық философиялық тұжырымдамасын жеткілікті деңгейде ала қоймаған дүниелер әлі де жеткілікті. Мәселен, халықтың діни сенімдері мен ұлттық ділі арасындағы өзара астарласу мәселесі өзінің тыңғылықты философиялық зерделеуін алуға тиісті мәселелердің қатарына жатады. Қазақтың әлемді қабылдауы батыстық үлгілерден айырықша ұстындарға негізделген. Бұл да өзінше философиялық зерделеудің түрі. Ол даналықты, саз бен сөзді жоғары қоюшы жүйе десе де болғандай. Ал қазақ халқының даналық тағылымдары аталған тарихи үлгіні, мәдени парадигманы сабақтастықпен жалғастырып келе жатқан бірегей мәдениет болып табылады. Осыған орай қазақ халқының тағдыры абстрактілі мәселе емес, ол сол халықтың әрбір өкілінің бақытты өмірімен, дүниетанымымен астасып жататынын айтуға болады. Ал әрбір тұлға бақытты болуы үшін халықтың ғасырлар бойы қордаланған даналыққа толы рухани байлығын игеруі тиіс және әлеуметтің әрбір ғылыми мәселесін жан-жақты әдіснамалық тұрғыда зерделеу әріптестеріміздің қасиетті парызы.

Тәуелсіз мемлекет, асылы, айқын мәдени және рухани-адамгершілік бағдарсыз ойдағыдай дамымайды. Өткеннің барлығы із-түзсіз жоғалып кетпейді. Оның есесіне ұлт санасында ертегі-аңыз, эпос халықтың философиялық пайымдау жүйесінің өзегі болып, ұлттық тарихтың қатпар-қатпар қойнауында жинала бермекші. Егер Қазақстанға жағырапиялық және әлеуметтік-мәдени шолу жасасақ, біздің еліміз Батыс пен Шығыс және ежелгі өркениетті Қытайдың қақ ортасында орналасқан. Бұл фактор қазақ

халқының кешегі, бүгінгі және болашақтағы рухани болмысына, құндылықтар әлеміне және дүниетанымына әсерін тигізбей қоймайды. Ендеше, біз үшін мәдениеттің экономика мен саясатқа қарағанда артықшылығы басымырақ. Дәстүрлі қазақ қоғамын осындай өркениеттік әдіснама бағытында зерттеу қомақты философиялық нәтижелерге жетелейді. Қазақ философиясы қазақ тарихы мен әдебиеті бойынша зерттеулердің әдіснамалық, методологиялық негізі болып табылады.

Кеңестік дәуірден кейінгі уақытта қазақ және түркі философиясы арасындағы рухани-мәдени байланысты тереңдету мәселесі өзекті бола түсуде. Сонымен қатар, мәдени әртүрлілікке байланысты XX ғасырда кең дами бастаған философиялық ойлау мен пайымдау жаңа типтерін игеру қазіргі таңда маңызды болып отыр. Өйткені, оларда демократиялық мәдениеттің, азаматтық қоғамның қалыптасуы, рационалдықтың жаңа тәжірибесі жинақталған. Бұл тәжірибе біздің ұлттық ерекшелігімізді ескере отырып, ұлттық философиямыз бен ұлттық мәдениетімізді атамекенде өркендетуге теориялық-әдіснамалық негіз ретінде көмек береді, басқа мәдени кеңістіктермен тиімді сұхбаттық қатынаста болуға шақырады.

Егемен Қазақстан. – 17 шілде, 2013.

3.2 БІЛІМ – ӘЛЕМДІК, ТӘРБИЕ ҰЛТТЫҚ БОЛҒАНЫН ҚАЛАЙМЫН

- Әбдімәлік аға, әңгімемізді әріден тартып, астарламай-ақ бірден бастасақ… Диаспора танушы ретінде еліміздегі ассамблеяның бергені мен бермегі туралы айтыңызшы.

- Қазақ халқы бірлікті, ынтымақты жақсы көреді. Бірлік бар жерде тірлік барлығын атам қазақ бекер айтпаған.

Құшағы кең, көңілі дарқан қазақ халқының төңірегіне топтасқан басқа қазақстандықтар, қазақ халқына құрметпен қарауы тиіс. Оларға да тыныштық керек. Көріп отырмыз, көршілес жатқан шетелдерде қандай жағдайлардың болып жатқанын.

Араздықтан, дүмпуден, көтерілістен әлеуметтік жаманшылыққа ұшырағанын дәлелдеп жатудың қажеті жоқ. Бүгінгі таңда қазақтың татулығы, ұлттар мен ұлыстардың ынтымағы, діндердің бірлігі керек. Еліміздегі негізгі дін – ислам мен православтық христиандар. Осы екеуінің арасындағы рухани келісім ауадай қажет. Дінаралық кикілжің, соғыс, қақтығыстар жақсылыққа апармайды, апарған да емес.

Біздің елімізде жүз отыздан астам этнос бар екен. Оның кейбіреуінің саны көп емес. Мәселен, он мың. Бірақ этнос ретінде есептеледі. Олардың санының көптігі мен аздығында тұрған ештеңе жоқ. Өзгелер де, өзіміз де шешуші халық, осы жердің иесі, осы мемлекетті құрушы қазақ халқы екенін мойындауға тиіспіз. Аллаға шүкір, қазіргі кезде қазақ 67 пайызға жетіп отыр. Бұл тұрғыдан келгенде, қазақ ұлты Қазақстан қоғамында шешуші «доминант» деп есептеледі. Солай бола тұра, қазақтар «Мен осы елдің егесімін» деп, өзге ұлттарға қысымшылық жасамауының өзі қазақ халқының тектілігін көрсетеді. Қай заманда, қандай қиыншылық болмасын нанының жартысын бөліп беріп отырған қазақ соғыс кезінде, соғыстан кейін, бейбіт замандағы дағдарыстар, елең-алаң өліара шақтарда да өзінің адамгершілік, гуманистік көзқарасынан айныған емес. Келешекте де осылай болады. Өйткені бұл әдет қазақтың болмысында, қанында бар. Қазақ негізгі ұлт болғандықтан, басқа ұлттар қазақ халқының түпкі мүддесін қолдап, құрметпен қарауы қажет. Ең бастысы, қазақ Тәуелсіздіктен айрылмауы тиіс. Тәуелсіздігімізді қастерлеп, құрметтеп жиырма төрт жылдағы жеткен жетістіктерімізді насихаттап, халыққа түсіндіруіміз керек. Этностар арасын зерттеу, рет-

теу бұл – бір мәселе. Бізде шетелдерден келіп жатқан миссионерлер көп. Оларға сіз, «келме» деп айта алмайсыз. Біз ашық және демократиялық қоғам қалыптастырып жатырмыз. Сондықтан да олар келеді. Бірақ олар жай келмейді. Өздерінің идеологиялық платформасымен келеді. «Заманына қарай амалы» дейді қазақ. Бір кездері босып келген этностарға қазақтар көмек қолын созған. Өйткені олар көмекке зәру еді. Ал бүгінгі келіс басқа… Оларды біз бақылауға алуымыз керек. Олардың пиғылын анықтамасақ болмайды. Олар көмек сұрап келіп жатқан жоқ. Олардың мақсаты – іштен іріту, бірлікті бұзу болса қайтпекпіз?

- 1991 жылы елімізде алғаш рет қазақ философиясы бөлімін аштыңыз. Соның нәтижесінде халқымыздың сан ғасырлық даналығын жүйелеуге бізде мүмкіндіктер туды. Одан бері де міне, жиырма жыл өткенін көзіңізбен көріп отырсыз. Еліміздегі бір үйдің баласындай ғұмыр кешкен өзге ұлт өкілдері, қазақ философиясын қаншалықты таныды?

- Қазақ философиясы – Тәуелсіздіктің рухани формасы. Тәуелсіз ел болғаннан кейін біз де өзіміздің философиямызбен, ұлттық энциклопедиямызбен, ұлттық кітапханамызбен ерекшеленуіміз керек емес пе?! Қазақ философиясын мойындамайтындар бар. Алматыдағы кейбір ғалымдар, мұғалімдер «қазақта философия болған жоқ», – деген пікір білдірген. Ал мен айтар едім: кез келген ауылдағы ақсақалмен шәй ішіп отырып сөйлессеңіз, мейлі өмір туралы, мейлі өлім туралы айтсын, керемет философиялық ойларға тұнып тұр. Қазақтың философиясы – адамның өмір сүру философиясы. Бір сөзбен айтқанда, қазақ – ойшыл, философ халық.

- Егемендіктен кейін біз белгілі бір елді үлгі еттік, жолдар таңдадық. «Өркениетті елдер бүйтеді, дамыған елдер сөйткен» деген сияқты. Тарихымызды айтып таңданғанда, тамсанғанда, мәдениетті, жалпы адамзатқа қажетті

құндылықтарды өзіміздің тауып жатамыз. Осыларды негізге алуға мүмкіндіктер жоқ па? «Батыс философиясы», «Шығыс философиясы» деп бөлеміз. Жаһандану заманында қазақ философиясы тасада қалып, ұлттық ерекшеліктер басылып, жаншылып кетпей ме?

- Жоқ. Ондай болмайды. Бізде философиялық жоба бар. Ол – еуразиялық өзара түсіністік. Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың ұсынған идеясы және ұстанған ұстыны. Осы ойдың іске асудағы нәтижелері де бар. Мәселен, Беларуссия, Ресей, Қазақстан арасындағы Кеден одағы құ-рылды. Еуразиялық экономикалық одақ және бар. XXI ғасыр өзіңмен-өзің, жеке-дара өмір сүретін заман емес. Жаһанданудың осындай жағы бар. Мемлекеттер интеграцияға түсіп бірігуі тиіс. Әрине, біріккенде ұлттық стратегияға сай келіп, өзінің ұлттық мүддесін сақтау мақсатында бірігуі керек. Ұлттық құндылықтар көздің қарашығындай сақталмаса, біріккеніңізден келер пайда жоқ. Сол кезде бізді қазақ болғанымыз үшін барлық халық құрметтейді. Біз қанша жыл «орыс боламын» деп тырысып едік, одан ештеңе шықпады. Орыс бола алмадық. Болудың қажеті де жоқ. Тек, ұлттық рух, ұлттық мүдде, ұлттық мәдениет, ұлттық болмыс, ұлттық құндылықтармен ғана біз бәсекеге қабілетті елдер қатарында мәңгі қаламыз. Одан басқа жол жоқ!

- Мысалы, жапондардың «Toyota» автокөлігін алайық. «Toyota» десе жапон, жапон десе «Toyota» еске түседі. «Бренд» деп жүрміз ғой. Қазақтың «бренді» не болуы керек?

- Қазақтың «бренді» – оның мәдени мұрасы. Бізде мұнай көп. Бірақ мұнай жалғыз бізде ғана емес, барлық жерде бар. Алтын, күміс, газ, уран т.с.с. толып жатқан бағалы дүниелерді атай беруге болады. Бұлар да қазаққа «бренд» бола алмайды. Қазақты әлемге паш ететін тек – мәдени мұрасы. Біз көп нәрседен ажырап қалдық. Сондықтан осы

мәдени мұраны игеру бізге ауадай қажет. Мәдени мұраны игеру арқылы санамызды өзгертеміз. Кеңейген сана тарихқа дұрыс қарай алады. Бодан замандардан ары өтіп, баяғы тәуелсіз болған, Ресейге қосылмай тұрғандағы хандығы, мемлекеті болған заманмен сана үйлескен жағдайда біз дамимыз, тәуелсіздігіміз мығымдана түседі. Ал бодан болған санадан аз уақытта айығып кету мүмкін емес. Құлдық психологияда қалып қояды. Оны бірден жоя алмайсыз. Пышақпен сылып тастап немесе операциялық жолмен ала салатын нәрсе емес. Адамның санасы – консервативті. Сондықтан бірте-бірте білім-ғылымды өрістету арқылы, тәрбие жұмысын жандандырып жүргізумен халықтың санасын тәрбиелеу қажет. Мен ылғи айтамын, тағы қайталағым келіп отыр: «білім – әлемдік, ал тәрбие ұлттық болуы керек». Сонда ғана біз елдігімізді, қазақылығымызды сақтаймыз. Жаңағы Жапон елін дұрыс мысал етіп отырсыз. Бірақ біз ине де шығармаймыз ғой. Бізде ондай техника да жоқ. Бірақ шығарғымыз келмегеннен емес. Ол – отар мен боданның кесірі. Кеңес өкіметі кезінде құлығына құрық бойламайтын адамдар болған-ау шамасы: «осы қазақ тәуелсіздік алған күнде де жүз жыл тәуелді болып жүре берсін» деген сияқты. Мысалы, Павлодарда трактор зауыты болғанымен, моторы Челябинскіде жасалады екен. Расында моторсыз қандай трактор жүреді. Оның бәрі саясатқа келіп тіреледі.

Қазіргі XXI ғасырда мылтықтың күшімен, найзаның ұшымен біреуді жеңу мүмкін емес. Атом бомбасы болсын-болмасын. Ендігі жерде тек ұлттық рухы мықты елдер ғана күшті өмір сүретін болады.

- Тәуелсіздікті сақтап қалу үшін қазіргі мектептегі жас балаларды ұлттық рухта тәрбиелеу керектігі белгілі. Бүгінгі мектепке көңіліңіз тола ма? Философ ретінде қандай идеология ұсынатын едіңіз?

- Өте орынды сұрақ. Мектептегі оқу процесі екі бөліктен тұрады. Бірінші – тәрбие, екінші – білім. Біз көбіне

білім беру жағына мән беріп, бір шелектен екінші шелекке құятын су сияқты түсінеміз. Ол дұрыс емес. Тәрбиеге өте қатты мән беруіміз керек. Әл-Фарабидің: «дүниеде тәрбиесіз берілген білімнен қауіпті нәрсе жоқ» дегені бар. Сондықтан да білім мен тәрбиені бір процестің екі жағы деп қарау қажет. Мектепте математика, физика, биология, химия пәндері арқылы да тәрбие жұмысын жүргізуге болады. Балаларды қызықтыратын неше түрлі курстар ашу жолдарын қарастырған жөн.

- Ендігі әңгімені дін тақырыбына қарай бұрсақ. Дін мен ғылым – бірін-бірі толықтыратын егіз ұғым. «Дінсіз ғылым – ақсақ, ғылымсыз дін – соқыр» дейді. Пайғамбарымыз с.ғ.с. бір хадисінде «маһшар күні соғыста ағызылған шейіт қаны мен ғылымға жұмсалған ғалымдардың сиясы таразыға тартылған сәтте ғалымдардың сиясы басым түседі» деген екен. Бізде дін мен ғылым қаншалықты қабысқан?

- Қазіргі заманда бір әділетсіздік бар. Бір жерде қопарылыс, жарылыс, төңкеріс болып жатса, міндетті түрде «ислам» дейді. Ислам дінін теріс көрсетеді. Негізі, ислам дегеніміз – керемет дін. Ол – демократиялық дін. Бейбітшілікті қолдайтын дін. Сондықтан мынау Батыстың ойыншылары «игрок» дейді ғой, исламды саяси ойынға айналдырып, қасиетті діннің беделін түсірумен айналысып жүр. Қазір христиандар мен мұсылмандар арасындағы рухани тепе-теңдік бұзылды. Егер екеуінің арасындағы тепе-теңдік қалпына келмесе, қырғиқабақ, өзара соғыстар жалғаса бермек. Бұл мәселелерді шешетін елдер арасында келісім болуы керек. Тиімді бір сұхбат формаларын ұйымдастырған дұрыс. Ендігі жерде бізге тек бейбіт жолмен ғана жүргеніміз абзал. Революциялық емес эволюциялық жолмен дамуымыз керек. Халықтың тұтастығын сақтап, мемлекеттің ішінде тату болып, басқа этностар, әртүрлі диаспоралар, діндер, мәдениеттерді ұйыстыруға тиіспіз.

Ол оңай емес. Мысалы, өзіңіз білесіз қазіргі кезде төрт-бес адамнан тұратын отбасы быт-шыт болып жатыр. Әйелі күйеуімен төбелесіп, бала-шағасын өлтіріп, үйге, дүниеге таласып әлектенуде. Дүние де керек шығар, дегенмен менің ойымша, XXI ғасырда шексіз байлық – рухани байлық. Рухани бай адам елін, халқын, жұртын сатпайды. Ешқандай байлыққа қызықпайды да. Рухани жұтаған адамдар халықты бүлдіретіндер. Ондайлар қазіргі таңда біздің қоғамда өкініше қарай, азайып емес, көбейіп жатыр. Міне, осының алдын алуымыз керек.

Жасыратыны жоқ, біздің елде қалыс қалған мәселе ол – дін жағы. Кеңес дәуірі кезінде «дін – апиын» деп бәрімізді діннен алшақтатып жіберді. Қазақ халқының ұлт ретінде қалыптасуына ислам дінінің рөлі кезінде өте зор болды. Сондықтан біз өзіміздің исламды, ислам болғанда да арабтың я болмаса иранның исламы емес, Қожа Ахмет Исауидің хикметтері, Шәкәрімнің философиясын, қазақтың исламын, Абайдың отыз сегізінші сөзіндегі исламды бойымызға сіңіруіміз керек. Осы тұрғыдан келгенде әлі де істелетін шаруалар аз еместігін байқауға болады.

- Қазіргі уақытта ғылымның жалпы зерттелуінен, зерделенуінен еліміздегі ғылымның дамып келе жатқандығын, белгілі бір жолға түскендігін көреміз. Сол ғылым қарапайым халықтың қолданысына түсіп, сол ғылымның жемісін татып, пайдасын көру деңгейі қаншалықты? Қазақ ғылымы белгілі бір орталарда, тек ғалымдардың арасында ғана айтылып жүрген жоқ па?

- Мысалы, Иранға барсаң кішкентай кітапшаларын алып, саған қарай жүгіреді. Қалтаңа салады. Біз де Құранның керемет аяттарын жастарға «ұрлық жасама, жаманшылық істеме, сен жақсы азамат бол!» деп жаттатсақ, нұр үстіне нұр болар еді. Соның бәрін іске асыру үшін бізге Құранды насихаттау, жалпы исламды насихаттауды алға қоюымыз керек. Құран кітапшаларын далада ойнап жүрген кішкен-

тай балаларға беріп, олар сол Құранның ішіндегі барлық тәлім-тәрбиені алып, жадына сақтап, жаттап өссе, саналы ұрпақ дүниеге келер еді. Міне, жеміс, осы – нәтиже. Әрине, мұндай әрекеттер аздап болса да бар.

- Қазақ философиясы қазақтың өз дара жолын салып беруге ықпалы бар ма?

- Мен бұл жерде Президенттің сөзіне жүгінейін. Оның «Қазақстандық жол» деген кітабы бар. Қазақстанның рухани жағынан да, мәдени жағынан да өзіне тән жолы бар. Ол – тұрақтылық реформаға көшу жолы. Тұрақтылық бірлік болмаған жерде сіздің ешқандай реформаңыз жүзеге аспайды, бәрі нөл болады. Ал тұрақтылық әлеуметтік-саяси болуы тиіс. Қазақ философиясы үш сатыдан өтті. Біріншісі – ежелгі түркілік дәуір, екіншісі – халықтық дәуір, үшінші – кәсіби дәуір. Қазір біз кәсіби дәуірде өмір сүріп жатырмыз. Кәсіби дәуіріміз бар, ол жөнінде кітаптар шығарып, мақалалар жазып, диссертациялар қорғап, лекциялар оқып, айлығын алып жатырмыз. Қазақ философиясы сіз айтқандай, бізге үлкен жол салып бере қойған жоқ шығар, бірақ рухани мүмкіндігіміз бар. Қазақтың діни философиясы дамыған. Шәкәрімнің өзі не тұрады!? Оның діни философиясы керемет қой. «Білімділерге қойылған бес сауал», «Үш анық» т.с.с. Біздің елде имансыз адамдар азайып, имандылардың саны көбейе түссе екен.

- Айтқаныңыз келсін! Сіздің өміріңіз бен шығармашылығыңыздан байқағанымыз, қиын заманды бастан кешірген екенсіз. Жас кезіңізде әкеңіздің құдалануы, кейін ол кісінің ақталуына жасаған әрекеттеріңіз табандылықты, қажырлылықты көрсетеді. Бірақ ол қолдан жасалған қиын заман еді. Бейбіт заманда табандылықты немен көрсетуге болады?

- Бір қарағанда, ешқандай қақтығыс, бәле-жала жоқ сияқты болып көрінуі мүмкін. Жоғарыда айттық қой «қазір

қарумен ештеңе шешілмейді» деп. Бірақ бүгінде күліп отырып, күйзелтіп кететін амалдар бар. Сондықтан табанымыз нық, рухани жағымыз мықты болмаса, біз қаңбақ сияқты өз бағыт-бағдарымызды білмей, жел қайдан тұрса солай қарай ұшып жүре бермекпіз. Біздегі әрбір адамның бағыт-бағдары – адам болу, артынан ұрпақ қалдыру, халқына қолдан келгенше көмек көрсетіп, сол арқылы іргелі елге, айбынды мемлекетке айналу. Он жеті миллионға жуық Қазақ мемлекетінің әрбір азаматы өз еліне елеулі үлес қосса, игі істер жасаса еліміздің ертеңі көрікті болар еді. «Сауатты халық – салауатты» дейді. Заманауи технологияларды игеру және соны өзіміздің елде жасап шығару, пайдалану, зейнетін тату – біздің негізгі міндетіміз. Алла қаласа, келесі онжылдықта біздің еліміз алып державаға айналатындығына сенгім келеді және соны көргім келеді.

Сұхбаттасқан Еділ Анықбай.
Алаш айнасы. – 1 шілде, 2011.

3.3 ҚАЗАҚ ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ БҮГІНІ МЕН ЕРТЕҢІ

Қазақ философиясы дегеніміз не? Бірнеше жыл бұрын мұндай ұғым ойдан шығарылғандай болып көрінетін. Классикалық неміс философиясы мен марксtік теорияның идеяларын дамытушы «қазақстандық диалектика мектебін» жұртшылық жақсы білетін, құрметтейтін. Философиялық ойлаудың үлгісі ретінде батыстық ғылымға ұқсайтын философияның бір ғана түрі мойындалды, әсіресе бұл саладағы әйгілі ойшыл ретінде танылатын Гегельдің беделі үстем болатын. Кеңестік кезеңдегі философия тарихының ерекшелігі – қазақтың шалқар даласында Гегель мен Марксtің негізгі бағдарға айналуы. Әрине, Дала өркениетінде дәуірдің тағдырын анықтаған неміс ойшылдарының қабылдануы кездейсоқ болмас, бірақ әрбір нәрсенің өзіндік сипаты, үні болады емес пе? Міне, қазіргі

күрделі жаһандану заманында осы қасиеттер анық байқала бастады.

Әрине, классикалық батыс типтегі философияның, Гегель бастаған академиялық философияның өлшемдерімен қарайтын болсақ, онда дәстүрлі қазақ философиясына сын көзімен қарауға болатын сияқты. Өйткені, онда ғылымға ұқсастық, жүйелілік, дәлелділік жетпей жататыны белгілі. Бірақ, қазіргі философияның деңгейінде еуропаорталықтық пен азияорталықтық сияқты түсініктер ескірген. Шығыс философиясы өзінің ерекше мәртебесі жөнінде әлемге жар салды. Бір қызықты жері: Кьеркегор мен Ницшеден бастап постмодернистерге дейінгі қазіргі батыс философиясы өздерінің қалыптасқан дәстүрін реформалауға, мәдениет онтологиясын қайта қарауға тырысты, яғни антропологияны, эпистемологияны, методологияны жаңаша қалыптастыруға күш салды. XXI ғасырдың басында терең зерттеуді қажет ететін шығыстық, түріктік ғылым методологиясы күн тәртібінде тұр.

XX ғасырдың барлық ойшылдары мәдениеттің маңыздылығын атай отырып, шығыс пен батыстық дәстүрлердің өнімді синтезін іске асыруды қолдайды. Техникалық дамудың, өркениеттің түлегі бола тұрып олар руханилықтың өміршең күшін сақтап қалған Шығысқа үмітпен қарайды. Мәселен, Хайдеггердің экзистенциалдық талдауы, Гадамердің «өмірлік әлемі», Адорноның «әсемдік табиғаты» және т. б. шығыстан сусындаған. Сондықтан, қазіргі батыс философиясы өзіне шығыстық әлемге қатынасты идеясын өз бойына сіңірген және ол жаңғыру үстінде.

Шығыс философиясының (оның ішінде қазақ-түркі философиясының) негізгі ерекшелігі неде? Меніңше, мәдениет әмбебаптарының философия әмбебаптарымен біте қайнасқан бірлігінде. Классикалық батыстық философия эмпириядан тазарып, «таза ойлау стихиясын» артық көре бастады. Сөйтіп, ол өзіне жаңа әлемді ашып, идеальды объектілерді қалыптастыру мүмкіндігіне ие бола бастады. Бірақ мұндай әрекет кері әсерін тигізе бастады. Мартин

Хайдеггер осындай талпыныстардың батыстық дәстүрді тығырыққа тірейтінін баса айтады. Өйткені бұл «ішкі онтологияны» туындатады, адам мен әлем бір-бірінен басынан дербес дүниелер сияқты танылады, олардың өзара байланысы жете ескерілмейді. «Субъект және объект», «мән мен құбылыс», «ішкі мен сыртқы» және т.б. категориялар – «ішкі онтологияның» экзистенциалық мағынасы жоқ таза категориялар болатын.

Мұндай онтологиялық құрылым қазіргі кезеңнің сұраныстарын қанағаттандыра алмайтындығын кезінде М. Хайдеггер ескерткен болатын. Адам да, оның ғылымы да әлем мен адамның о бастағы бірлігін мойындайтын тұжырымдамаға бағынғаны көңілге қонымды. Хайдеггер осы ойларымен шығыстың философияларымен тікелей сұхбатқа түседі. Міне, сол арқылы ол батыс философиясындағы категориялар мен мәдениет әмбебаптары арасындағы байланысты қайта орнатқысы келеді.

Қазақ философиясының қайнар көздері ежелгі дүниеде, бұрынғы протоқазақтардың және қазақтардың мифологиялық алғашқы философиясында (б.э.д. I-II мыңжылдықтар) жатыр. Қазақ халқы көптеген тайпалардың өзара әсерлесуі мен қатынасы арқасында пайда болып, олардың әр түрлі мәдени қырларын мұралаған.

Шығыстық философия батыстық философия туындатқан «субъект-объект» схемасымен қозғалмайды, оған «адам мен әлем» байланысы маңыздырақ және ол жерде табиғат өзіндік қасиетке ие болады. Міне, осындай онтологиялық түсінік философиялық категорияның экзис-тенциалдығын туындатады, жаңа мағыналардың пайда болуына әсер етеді. Бұл дегеніңіз философиялық категориялардың мәдениет әмбебаптарымен толық сәйкес келеді деген сөз емес. Философиялық категориялар мәдениеттің рухани квинтэссенциясы бола тұрып, әр түрлі экзистенцияға зер салады: мәселен, философия дегеніміз өзіндік таным, әсерлену, мәдениет әмбебаптарын тұтастай пайымдау.

Дәстүрлі мәдениеттің тұтастығы шаруашылықты жүргізудің ерекше түрімен анықталады. Көшпенділер табиғатқа іс-әрекеттің белсенді субъектісі ретінде қатынас жасады, бірақ оның қожасымын деп есептемеді. Орталық Азияның Ұлы Даласындағы қатал климатпен есептесе отырып, көшпенділер шаруашылықтың ең тиімді, ыңғайлы тәсілдерін қолдана білді. Малды қай жерде, қашан жаю керек екендігін анықтап, жердің тозып кетпеуін мұқият қадағалап отырды. Қыста малды өзеннің төменгі жағына, қардың астында сақталған көк шөпке жайса, жазда – тауда немесе тау етегінде малды ұстаған. Көшпенділер табиғатпен үнемі етене жақын болып, онымен іштей түсінісе алатын, өзінің іс-әрекетін оның заңдылығы мен ыңғайына бейімдейтін, яғни табиғаттың жаны бар деп есептеді.

Жердің де, судың да, орман мен таудың да рухы бар деп саналатын. Адам шаруашылығы жақсы жүріп тұрған кезде адам мен жердің құдіретіне ризашылығымен қарады, оның құпиясына таң қалумен болды. «Табиғат пен адам, өмір мен өлім өте таң қалдыратын, оның іші толған құпия болатын», – деп жазған Ш. Уәлиханов. Шығыстық философияның ерекшелігі қатаң философиялық жүйе болмай, поэтикалық-шығармашылық, фольклор, халық ертегілері, аңыздар, мақал-мәтелдер, мифология түрінде көрініс берді.

Дәстүрлі дүниетанымның негізгі әмбебаптары – жол, кеңістік пен уақыт сакральды орталық ұғымдары болып табылады. «Жол» ұғымы дәстүрлі дүниеге көзқарастың динамизмін білдіреді. Көшпенді өмірін ат үстінде өткізеді, оның кеңістік пен уақыт туралы өз түсінігі бар. Жолға шыққан адамға «Жолың болсын!» деген тілек айтылады. Бұл жолдың тағдырмен, өмірмен байланыстырылуы.

Қазақтардың дәстүрлі дүниетанымының семантикалық діңгегі «құт» ұғымы. Оны «өмірлік күш», «өркендеу басы», «өмір потенциясы», сонымен қатар байлықпен байланысты «бақыт», «игілік», «үлес», «тағдыр» деген ұғымдармен

сәйкестендіруге болады. Бұл ұғым онтологияны, антропологияны және әлеуметтік философияны біртұтас етіп біріктіреді.

Сонымен қатар ол дәстүрлі мәдениеттегі мәндік көріністерді анықтайды, рәміздейді. Онда прагматистік мағынадағы «жәй ғана нәрселердің» жоқ екенін байқатады. Адамды қоршаған нәрселер адамға қызмет етеді және әр түрлі сипатын аңғартады: барлық табиғат нысандары, тұрмыс заттары, үй, киім-кешек, тамақ және т. б. тек қана утилитарлы қызмет атқарып қана қоймайды, сонымен қатар ол әлемді түсінудегі әлеуметтік код ретінде танылады және оны реттеуші, ұйымдастырушы қызметі арқылы адамдардың жыныстық, жасы, туысқандық белгісі, байлығы бойынша қатынасты жүйелеуге қатысады.

«Құт» негізінен, өмірлік күшті, алға қарай ұмтылуды білдіреді. Дәстүрлі дүниетаным үшін адам, өсімдік, хайуан өзара жақын және олар табиғаттағы тіршіліктің әр түрлі көріністері. Адамның дүниеге, әлемге деген қатынасы рухани және құндылықтық негізден құралады және сол арқылы ол әсерленіп отырады. Сондықтан олардың негізгі идеясы – ең жоғарғы құндылықты дәріптеу, яғни адам өмірін қастерлеу.

Ал әр түрлі әдет-ғұрыптарда дәстүрлі драма, табиғатпен некеге тұру сияқты әсіреленеді. Мейрамдар мен бақсылардың зікірлерінде жер бетіндегі өмірдің барлық деңгейіндегі жаңғыруы бейнеленеді.

Дәстүрлі мәдениеттің өзегін туу мен өркендеу, өрбу мен даму құрайды және табиғаттың берген алғашқы сыйы – өмір, «құт», тірі жан деп есептелінеді. Осы өмірлік күштің рәмізі ретінде тау басындағы, өмір орталығындағы сүт көлі деп есептелінеді. Сондықтан сүт жәй ғана тағам болып саналмайды, оның ерекше мәртебесі бар: алғашқы уыз сүтті шет жерлікке бермейді, қонаққа сүт беруге шек қойылады. Сонымен табиғи жемістілік идеясы дәстүрлі түркі дүниетанымы үшін әлемдік болып келеді және барлық әдет-ғұрыптық фольклорда көрініс табады.

Түркілік онтологияда «өмір және құнарлылық» семиотикалық коды аңғарылады. Бұл кілт арқылы түркілердің үй-жайын, киіз үйдің семантикалық кеңістігін, адамның үстіне төңкерілген аспанның моделін түсіндіруге болады. Киіз үйдің барлық нүктесі бақыт немесе игілік деп түсінілетін «құт» рәмізі арқылы бейнеленеді. Ондағы басты орын ортадағы ошақ. Отбасы мүшелерінің құрбан болуы «ошағы сөнді» деген ұғымды туындатқан. Сондықтан ошақты қадірлеп, ондағы күлді қозғауға, отқа сүт құюға, отты далаға алып шығуға рұқсат етілмеген, әйтпесе от басына бақытсыздық келуі мүмкін деген түсінік болған.

Киіз үйдегі қожайынның орны «жолбарыс» деп аталып, биліктің белгісіндей болған, қожайынның әйелінің орны – «қоян» деп аталып, бағынудың белгісіне айналған. Жастар болса «құстар» деп аталатын орында орналасқан.

Герменевтикалық әдіс дәстүрлі мәдениеттегі тамақтану жүйесінің рәміздік қызметін ашуға мүмкіндік береді, қонақтарды күту барысындағы тәртіпті анықтауға көмектеседі (мәселен, қойдың басын бөлу, оның «құлақтарын», «көздерін» әлеуметтік және жастық иерархия бойынша үлестіру). Қойдың жіліктерін табақтарға бөліп салу да үлкен қарым-қатынастық өзара байланысты білдіретін әдет-ғұрыпқа бағынады. Сөйтіп тамақтану жүйесі этностың өзіндік сакральды қызмет атқаратын саласы болып табылады.

Көшпенділердің шаруашылығы кезеңдеріне, өмір салтына, әр түрлі өмір кезеңдеріне сай келетін дәстүрлі киім үлгісі болған. Әрбір жасқа келгенде өзіндік құндылықтар болатындығы «құт» ұғымы арқылы байыпталып отырған. Әсіресе, балалық шақ пен кәріліктің ортасында орналасқан кезең адамның нағыз кемелденген уақыты екендігі ескеріледі. Кәрілік – жәй ғана қартаю емес, оның екі түрлі әлеуметтік қызметі бар: бір жағынан, белсенді іс-әрекеттерден шеттеп қалғанымен, екінші жағынан, адам рухтар мен ата-бабалар әлеміне жақындай түседі, сондықтан ерекше құрметке ие болады.

Дәстүрлі мәдениетте бақыт, негізінен, «құтпен», некемен, құнарлылықпен байланыстырылып келді. Құнарлылық игіліктің, табыс пен бақыттың басы, сондықтан бала көтермеген әйел мен үйленбеген еркек әлеуметтік тұрғыдан құрметке лайықты емес деп танылған. Дәстүрлі қарымқатынаста гендер, гендерлік қатынас тақырыбы ерекше орын алады. Әрине, қоғамдағы орталық фигура ретінде еркек мойындалған. Бірақ сонымен қатар еркектің жетілгендігі мен еңбек ету мүмкіндіктерін әйелге деген қатынаспен астастырған. «Адам болу» деген сөз «отбасын құру» деген ұғымды білдірді. Әйелдің бойындағы қасиеттер мен жердің құнарлылығы арасындағы байланысты жете аңғарған. Түркі тіліндегі көптеген мәтіндерде Жердің жоғарғы қабаты әйелдің тәнімен салыстырылады. Некеге үлкен сакралды мән беріліп, ол болмыстағы адам өмірінде болатын елеулі оқиға екендігі мойындалады.

Дәстүрлі қоғамдағы әлеуметтік байланыс, негізінен, туысқандық, табиғи, өмірлік болатын. Рулық қатынастар арқылы көп түрлі ұйымдық белгілер қалыптасқан. Осы күрделі туысқандық байланыстар арқылы адамның әлеуметтік ортаға бейімделу механизмі анықталды. Бұл жерде ата-баба үнемі еске салып тұратын дәстүрлердің маңызы зор болатын. Сөйтіп, ру өзіндік біріктіруші күшке айналып, «аңыздық», «әдет-ғұрыптық өмірбаянды» жасаушы қызметімен көзге түсетін. Дегенмен қоғамның даму барысында рулық санадан халықтық, ұлттық санаға көшкен жөн.

Рудың өзіндік санасы «аруақ», «қыдыр», «ырым» ұғымдары арқылы қалыптасады. Аруақтар дегеніміз ата-бабаның рухы. Көшпенділердің түсінігі бойынша әрбір адам өзінен кейін балаларына тек қана киіз үйін, байланыстарын, атағын ғана қалдырмайды, сонымен бірге тірілердің арасында жүретін, олардың тағдырына әсер етіп отыратын өз аруағын да қалдырады. Егер адам жақсы болса, онда оның рухы балалары мен немерелеріне қиын кезеңдерде көмектесіп отырады. Егер адам дұрыс өмір сүрмесе,

онда оның аруағы ондай көмек бере алмайды, керісінше, ұрпағына қырсық болып, кесірін тигізеді.

Дәстүрлі дүниетанымның бұл ерекшелігі қазақ фольклорында жақсы бейнеленген. Мәселен, «Алпамыс» эпосында жоңғарларға жалғыз өзі шапқан Алпамысты олар садақтың оғының астына алады. Мыңдаған жебенің ешқайсысы Алпамыстың денесіне дарымай, тайып кетіп отырған. Оның себебі Алпамыс ұрыстың алдында жауынгерлердің жебеушісі Ғайыппірен қырық шілтеннен көмек сұраған болатын, ол болса кішкене тұманға айналып аспаннан түсіп, жас батырды қорғап қалады (А. Сейдімбеков).

Бұған қарама-қарсы мысал «Қыз Жібек» поэмасындағы Төлеген тағдыры. Қалыңдығына бара жатқанда Төлеген өз әкесінің ақ батасын алмағандықтан оны аруақтар қорғамайды, сондықтан махаббаттың орнына Қосаба көлінің қасында ажалға тап болады.

Бірақ, негізінен, алғанда эпостың кейіпкерлері өз тағдырын өзі таңдайтын, өзі шешетін әйгілі тұлғалар. Мәселен, Қорқыт Ата, Қобыланды және Алпамыс батырлар, Қозы-Көрпеш пен Баян сұлу сияқты данышпан кісілер.

Дәстүрлі дүниетанымның маңызды ұғымы ретінде «қыдыр» есептеледі. Қыдыр – адамның тілегін, арманын орындаушы, бақыт пен табыс, денсаулық пен ырыс әкелуші ерекше тіршілік иесі. Ол әр түрлі бейнеде көрініс береді: бейшараның, қарттың, жолаушының кейпінде болуы мүмкін. Оның кім екенін ешкім бірден білмейді. «Қырықтың бірі қыдыр» деген сөз осыдан қалған. Яғни кез келген адамға мейіріміңіз түссе, онда қыдырдан да шапағат көретініңіз анық.

Абайдың «Масғұт» поэмасында негізгі кейіпкер қарақшыдан зардап көрген қарт кісіге шынайы ризашылықпен көмектеседі. Міне, осындай мысалдар эпостарда көптеп кездеседі. «Қыдыр» туралы түсініктерден басқа «бақыт құсы» жайлы бейнелер қалыптасқан. Ол өзі таңдаған адамның басына қонады, алақанынан дәм алады. Бұл

жөнінде Бұқар жыраудың Абылай ханға айтқан жырларынан кездестіреміз. Ол Абылай ханға «бақыт құсы» қонғанын, соны бағалап, ұшырып алмау қажеттігін ескертеді.

Дәулет құсы қонды басыңа
Қыдыр келді қасыңа
Бақ үйіңе түнеді.

Ш. Уәлиханов өзінің «Қырғыздардағы шамандықтың белгілері» деген еңбегінде дәстүрлі дүниетанымның тағы бір ұғымы – ырымды талдайды. Ырым адамды бақытсыздықтан, сәтсіздіктен қорғаушы қызмет атқарады. Мәселен, «біреуге көйлек сыйлай отырып, оның бір жібін немесе түймесін алып қалады…отардағы ең басты малды – байлығымның «құты» деп сатпайды».

Байлықтың өзі адам басын таңдап келетіндігіне меңзеп отырған. Міне сондықтан «бай» деген ұғымға құрметпен қараушылық қалыптасқан. Бай адам дегенмен құрметті, сыйлы кісі деген ұғым қатар жүреді.

Көшпенділер мәдениетін ерекше мәтін ретінде қарастыруға болады. Оның ішкі құндылықтық-мағыналық бірлігі бар. Қазақ философиясы өзінің дүниетанымдық әмбебаптары бойынша дәстүрлі мәдениетке жақын бола тұрып өзінің экзистенциалдық сипатын жоғалтпайды және мәдениет өрісімен толық сәйкес келмейді. Философия ерекше қызметті атқарады. Ол дәстүрлі мәдениеттің күрделі мәтінін шешудегі өнер іспетті, яғни бұл оның герменевтикалық көрінісі. Бұл мағынада шығыстық философия, Шпенглер айтқандай, «ұлы мәдениеттердің физиогномикасын тану» деген қызметті атқарады.

Осындай міндеттерді жүзеге асыру үшін көптеген деректерге жүгінеміз. Алдымен «Орхон-Енисей руникалық жазулары» деп аталатын тарихи ескерткіш дәстүрлі түркі мәдениетінің шынайы рухын, түрік менталитетінің ерекшеліктерін: еркіндікті, рух күшін, намысты, ерлікті,

түркі тілдерінің төлтумалылығын сақтауға тырысушылықты және дүниеге түркілік көзқарасты білдіреді.

Бұл жазулар – түркі рухының ежелгі белгілері, куәлары. Олар Күлтегін, Білге Қаған, Тоныкөк үшін арналған. Олардағы сөздер әлі де толығымен оқылған жоқ, мазмұны толық анықталмаған, бірақ ежелгі заманның өзінде түркілік жазу дәстүрі болғанының куәсі, дәлелі. Халық тарихы мен философиясының белгілі бір көрінісі болып табылатын рухани байлықтың тағы бір көзі халық аңыздары, батыр жырлары, мақалдар мен мәтелдер болды. Олар халық даналығын бойына жинай білген рухани құбылыс болатын. Соңғы уақытта түркі әлемінің ұлы ойшылы және музыканты Қорқыт Атаның күйлері мен ол туралы үлкен қызығушылық тууда. Өлімге қарсы тек өнер, шығармашылық күші арқылы, қобызы арқылы күресуге болатындығын дәлелдеген данагөйдің есімі мәңгі сақталады. Артында қалған өнер, музыка, шығарма, ғылыми туынды мәңгі.

Дәстүрлі түркі мәдениетінің әмбебаптарын герменевтикалық жолмен зерделеген ойшылдардың қатарына біздің белгілі қандасымыз Әбу Насыр әл-Фарабиді жатқызамыз. Оның шығармашылығы Шығыс пен Батыстың көптеген ғылыми орталықтарында, оның ішінде Алматыда зерттеледі. Біздің жерде жақында ғана «Әл-Фараби мұрасы және әлемдік мәдениет» деген тақырыпта халықаралық конгресс өтті, осы тақырыпта көлемді еңбек жарық көрді. Оған әлемнің тоғыз елінен ғалымдар, философтар қатысып, маңызды мәселелерді талқылады. Әл-Фараби философиясының ең негізгі ұғымы «бақыт» болса, ол түркі онтологиясы мен мәдениетіне өзек болып келетін «құт» ұғымымен астасып жатыр. «Біз философия арқылы ғана бақытқа жете аламыз», – дейді ұлы әлем ойшылы әл-Фараби.

Тағы бір түрік әлемінің ірі тұлғасы ретінде Жүсіп Баласағұнды атаймыз. Оның «Құтты білік» деген фило-

софиялық поэмасын ежелгі түрік тіліндегі өмір онтологиясы деуге болады. Баласағұн әлемнің тылсым мағынасын Әділдік, Зерде, Бақыт және Даналық деген ұғымдар мен рәміздер арқылы беруге тырысады. Ұлы түркі ойшылы қоғамды басқарушы мен оның қасындағы министрлер, ғалымдар, әскер басшылары және басқа да мемлекет қызметкерлеріне адамгершілік – этикалық қалыптарды ұсынады. Сөйтіп, теориядан практикалық философияға қадам жасайды. Бұл адамды рухани жетілдірудің, мәнді іздеудің бір сатысы екендігін де мойындайды. Әркім өз жанының Бағын өзі күйттемесе алға жылжу қиын екенін де ескертеді. Жүйелеуші бастау Әділдік екенін айтып, адам бақытын анықтайтын күш екенін пайымдайды.

Дәстүрлі түркі мәдениетінің тамаша ескерткіші Махмұд Кашқаридің «Диуани лұғат ат-түрік» еңбегі. Онда түрік тілінің тарихы жазылған, түркілердің әдет-ғұрыптары мен дәстүрлері жинақталған. «Мен өз зердеме тірі және рифмделген түріктердің, түркімендердің, оғыздардың, қырғыздардың …. Тілдерін толық түсіре білдім», – дейді ғалым.

Түркі мәдениетінде ұлы ойшыл, дана философ Қожа Ахмет Иасауи ерекше орын алады. Оның мавзолейі қазіргі қасиетті Түркістан қаласында орналасқан. Түркілік руханилықтың ислам мәдениетімен байланыста өрбуіне, дамуына үлкен қажырлы да жемісті еңбек еткені әлемге белгілі. Ол мұсылмандық мистика мен сопылықты түркілердің халықтық діни сенімдерімен (Тәңірге сену) байланыстыра білді. Ал өзі болса этикалық және денелік жетілудің ауыр жолын таңдап, Аллаға жақындай түсуге тырысты. Оның философиясында Руханилық дегеніміз Махаббат болып табылады.

Түркі мәдениетінің жарқын беттері ретінде ұлы ақын мен жыраулардың шығармашылығын атауға болады. Олардың көптеген өте бай философиялық-поэтикалық мұралары біздің қазіргі заманымызға дейін жетті. Мәсе-

лен, Асан Қайғы, Шалкиіз жырау, Нысанбай, Бұқар жырау, Тілеуке, Шал ақын сияқты дүлдүл өнер иелері болған. Олардың поэзиясында әлеуметтік және философиялық – діни мағына бар: адам, Құдай, әлем, қоғамды дамыту – міне осындай тақырыптар негізгі мәселелер болған.

Түркі философиясының биік шыңы ретінде ұлы ойшыл Абайдың шығармашылығын атаймыз. Оның философиясын әр түрлі сипатта анықтауға, зерттеуге болады. Абайды қазақ халқы үшін жаңа құндылықтарды жасаған ойшыл-ағартушы ретінде сипаттайды. Ол адам болмысының ұстыны ретінде білімді аса жоғары бағалап, оны даму ұстынымен байланыстырды. Қазақ даласында «Адам бол!» деген мағынасы өте терең ұранын таратты. Соңғы уақытта Абай шығармашылығының экзистенциалдық сипаты жөнінде айтылуда. Ол өзінің «Қара сөздерінде» болмыстың мәндік астарын өзіндік қиындық пен бақытқа толы өмірлік тәжірибесі арқылы ашып көрсетеді. Менің ойымша қазақтардың дәстүрлі мәдениетінің герменевтикалық астарын терең тұжырымдаған Абай болып табылады. Бұл әлемдік мәдениет аясындағы Абай философиясының ұлттық сипатын айшықтай түсетін тұсы. Абай қазақ ділінің жыршысы, ол «адам-әлем» қатынасын тұтастай қарастыра білген әйгілі ойшыл. Сондықтан оның жүрегі мен ақылының арасында алшақтық жоқ, ерекше типтегі тұлға деуге болатын жан. XXI ғасырда осы мәселе – жүрегімен ойлауды үйрену үлкен маңыздылыққа ие болу үстінде. Абай жалқаулық пен надандықты жек көрген. Ол ағартушылықтың маңызын, білім мен ғылымның рөлін ашып көрсеткен. Бірақ ол сонымен қатар ар мен ұяттан ада болған ғалымнан сақтануға шақырады. Оның ұстыны – ақылды жүрек немесе арлы зерде. «Кімде әділдік пен махаббат сезімі болса – сол дана, сол ғалым», – деген Абай атамыз.

Бұл жерде біз М. Хайдеггердің іргелі онтологиясымен параллель жасай аламыз. Ол да «адам – әлем»

қатынасындағы тұтастықты көксейді және «ішкі әлем» ұғымын ұсынады.

Қазіргі кезеңде М. Хайдеггердің пікірінше, барлық қашықтықтар қысқаруда, бірақ жақындаған сайын заттар бізден алшақтай түседі деген пікірді білдіреді. Өйткені адам өзінің қолданған заттарын өзіне жақын тұтпайды. Сондықтан Абайдың айтқан «зерделі жүрек» тұжырымы қазіргі адам үшін өте қажет нәрсе. М. Хайдеггер өзінің еңбектерінде әлемнің тұтастығын айта келіп, «бір тамшы суда аспан мен жердің некелесуін көрмейміз бе?» – деп керемет ой тұжырымдайды. Сөйтіп, Хайдеггер қазіргі батыстық өркениеттің қиыншылықтарынан арылу үшін Шығыстың бай рухани және мәдени тәжірибесіне назар аудару қажеттігін атап көрсетеді.

Егер Батыс философиясы XX ғасырда жаңа онтологияның қалыптасуы жөніндегі қажеттілікті мойындай бастаса, онда қазақ философиясы әлемге тұтастықпен қараумен байланысты жаңа көзқарасты өзінің ақын-жыраулары мен ойшылдарының еңбектерінде, шежіре-дастандарда, фольклорда, яғни өзінің дәстүрлі мәдениетінде жинақтап сақтаған.

Тіпті ресми идеология жоғарыдан әр түрлі догмаларды таңып тұрған кездің өзінде-ақ қазақтардың ішкі өмірі дәстүрлі дүниетанымның заңдылықтарына бағынып келді. Міне, енді жаңа мыңжылдықтың басталу кезінде адамзат үшін осындай біртұтас көзқарас пен дүниетанымның қалыптасуы өзекті болып отыр. Сондықтан, қазіргі жаһандану заманындағы ғасырлар тоғысында қазақ философиясы біртұтас дүниетанымды сипаттайтындықтан бүкіл адамзат тарихы мен мәдениеті үшін маңызы зор.

Қазақ халқының мәдени және рухани мұрасын игеруде фольклордың, халықтың музыкасы мен ауыз әдебиетінің орны ерекше. Өйткені фольклор халық даналығының қайнар көзі, жастар үшін дәстүрлі дүниетанымды түсінуге мүмкіндік береді.

Музыка – өнердің ұлттық тілге, мемлекеттік шекараға бағынбайтын жанры саналады. Алайда, барлық өнер туындылары тәрізді музыкалық шығармалар да ұлттық дүниетаным мен түсініктен бастау алып, туған халқының мұңы мен арманын бейнелегенде ғана шынайылық сипатқа ие болады. Ал бір адамның мұндай шығармалары өзгеше мазмұндық-сарындық тұтастық құрап, халық көңіліндегі мәңгілік арманы мен рухтың әрі символына, әрі бұл ұлы сезімдерді ұрпақтан ұрпаққа жалғайтын қайнар бастауға айналса ше!?

Философиялық астары тереңде жатқан Құрманғазы күйлерін тыңдаған кез келген қазақ баласының неге делебесі қозып, көзі от шаша бастайды. Себебі, бұл күйлердегі кең даланы дүбірлеткен ат тұяғының дүрсілі, ию-қию араласқан шайқас сарыны, үздігіп барып кең жазыққа шыққандай, жарқын жеңіске жеткендей жайраңдап шыға келетін жайма-шуақ қоңыр әуен… бәрі-бәрі сонау түркілік заманнан біздің қанымызға сіңген, қаншама жыл өзгелердің езгісіне түссек те түйсігімізден өшпеген жауынгерлік рухтың көріністері. Ұлы күйші сол көріністерді жүрегінен қайта өткізіп, өлмес күй тіліне айналдырды. Халқының қалғып бара жатқан рухын дүр сілкіндіре оятып, ұрпақтан ұрпаққа жететін шоқ тастап кетті. Құрманғазы күйлерінің Асан Қайғы мен Қазтуған, Доспамбет пен Шалкиіз, Бұқар жырау мен Махамбет жырларымен үндесіп жататыны сондықтан. Жат жұрттың қабағына жаутаңдап отырса да:

«Күлдір-күлдір кісінетіп,
Күреңді мінер күн қайда?!» –

– деп, іштей азат елдігін, еркін тұрмысын аңсаумен болған халық Құрманғазы күйлерінен бойына қуат, жанына медет, үмітіне тірек тапты. Сөйтіп, домбыраның қос ішегінен шыққан үн ұлан-ғайыр сарынға, азаттық пен тәуелсіздік гимніне айналды. Кешегі кеңес заманында да іштегі арма-

нын сөзбен жеткізе алмаған зиялы азаматтарымыздың ұлы баба күйлерін әспеттеп, оркестрге салып, үнінің барынша алысқа жетуіне жағдай жасауының бір сыры осында жатыр. «Сарыарқа» мен «Балбырауынды», «Кісен ашқан» мен «Көбік шашқанды» үзбей тыңдаған ұрпақтың ұлтының өр рухын бойына сіңіріп өспеуі мүмкін емес еді. Сол рух, міне, бүгін жаһандану заманында бізді егемен елдігімізді, дербес демократиялық қайта құрып, мәдениетімізді дамытып, музыка философиясын жандандырудамыз.

Шынайы өнер туындысының қадір-қасиеті уақыт өткен сайын бедерлене түсетіні белгілі. Тарихи тұлғаның туған халқы мен адамзат өркениеті алдында сіңірген еңбегі де солай – ғасырдан ғасыр озған сайын өркештене түседі. Ал, тағдырдың ең бір қиын бұраландарында халқының бойына қуат берген, жігерін жанумен болған Құрманғазы күйлері келер ғасырлардағы толқын-толқын талай ұрпаққа ата-бабаларының мұңы мен шерін, арманы мен рухын ұмыттырмай, үнемі құлағына құюмен болары анық. Жер бетінде Қазақ елі тұрғанда, осынау мәңгілік сарын да ешуақытта үзілмейді.

Қазақ философиясы поэтикалық және музыкалық формада өмір сүреді. Осыған орай біздер осы бағыттағы зерттеулерді өрістеткеніміз жөн деп есептеймін. Бұл бағытта академик Ғ. Есім, ғылым докторлары С. Нұрмұратов, А. Қасабеков, М. Орынбеков, Т. Ғабитов, Б. Нұржанов, А. Тайжанов, С. Ақатай және тағы басқалар жемісті еңбек етуде. Дегенмен, қазақ тарихын, әдебиетін, мәдениетін жаһандану заманында тереңірек және жүйелі түрде түсінуге көмектесетін қазақ философиясының тарихы мен теориясы мәселелерін одан ары зерттеу ауадай қажет болып тұр.

Халықтың бай өткен тарихын дұрыс ұғынбай, білмей қазіргі қайшылықты да жанжалға толы заманды терең түсінуге болмайды және келешекті болжап, рухани бай тұлға болу мүмкін емес. Орталық Азияда халық философия-

сы көркемдік-поэтикалық формада өмір сүрді, яғни ауыз әдебиеті, халық шығармашылығы түрінде көрініс берді. Сондықтан жастар үшін өз халқының ұлттық тарихы және көшпелі, жартылай көшпелі халықтарда қалыптасқан ерекше философияның құндылықта-рын кейінгі ұрпаққа бере білу де құнды нәрсе. Сонымен қатар XX ғасырдың 50-ші жылдары елімізде қалыптаса бастаған кәсіби философияны да айтпасқа болмас. Әдетте, кез келген жоғары білімі бар адам философияны білемін деп есептейді. Шын мәнінде, қазір ештеңе білмейтіндер көбейіп бара жатыр, осындайлардан кәсіби философияны қорғау керек. Осындай дилетанттар ғылым мен мәдениетке орны толмас зиян келтіруде.

Сөйтіп, қазақ философиясы дәстүрлі мәдениеттің бай дерегіне ие, оның мәтінінің ішкі мәні мен мағынасы әлі толық анықталмаған, ол болашақта өзінің терең зерттеу мен зерделенуін күтуде. Бұл герменевтикалық міндет XXI ғасырдағы қазақ және Қазақстан философиясының үлесіне тиіп отыр. Өзінің маңызды миссиясын орындай отырып, Қазақстан философиясы жалпы әлем философиясының әр түрлі мәселелерін шешуге ат салысуда.

Қазақ әдебиеті. – №5 (2739). – 1 ақпан, 2002.

3.4 АСТАНА – ҚАЗАҚ ЕЛІНІҢ ӨСУ ТАРИХЫ

Президент Нұрсұлтан Назарбаев 1994 жылғы 6 шілдеде, өзінің туған күнінде, Жоғарғы Кеңестің сессиясының пленарлық мәжілісінде тұңғыш рет астананы Алматыдан Ақмолаға ауыстыру туралы идеясын ұсынды. Залды сол кезде іске асуы мүмкін емес болып көрінген жобаның таң қалдырғаны соншалық, тіпті Елбасының туған күнін де ұмытып кетті. 90-шы жылдардың басында елдегі өте қиын жағдайда астананы көшіру мүмкін бе? Бұл жоба іске аспайтын утопия делінді. Осындай қиын жағдайда Прези-

дент өзінің жаңа жобасының іске асатындығын және болашағының жарқын екендігін дәлелдей алды ма?

Нұрсұлтан Назарбаев жас республиканың күрделі геосаяси, экономикалық, экологиялық мәселелерін сол кезде көпшілікке ақылға сыйымсыз болып көрінген тоталитаризмнен демократияға қарай бірден секіру, парадигманы ауыстыру, барлық әлеуметтік және экономикалық күштерді жаңарту және оларға жаңа серпіліс беру керек екенін жақсы білді. Астана жаңа мемлекеттің және жаңа дәуірдің символы екені анық байқалды.

Тамаша Астана – бүкіл қазақтардың, қазақстандықтардың, тіпті барлық әлем жұртшылығының мақтанышы. Астана – дәстүрлі және әлемдік діндер лидерлерінің сұхбат алаңы, бейбітшілік пен рухани келісім, төзімділік пен тұрақтылық, жаңару мен даму алаңы. Елорда Елбасының тамаша ұлттық стратегиялық жобасы.

Астана қаласында «астана – әлем нүктесі, Еуразия жүрегі» деген жаңа астананың тууы жайлы онтологиялық идея іске асты. Астанада қазақ халқының тарихы мен постмодерн, ұлттық стилистика және жаңа зәулім ғимараттар мен үйлер бір арнаға түйісті.

Астананың ЮНЕСКО шешімімен 1999 жылы «Бейбітшілік қаласы» атағын алуы тегін емес. Ширақ дамып жатқан Астанада әртүрлі үлгідегі азиялық күмбездер мен еуропалық ғимараттар үйлесіп жатқан Шығыс пен Батыс одағы қаланды. Қалада түрлі этностар бейбітшілік пен келісімде өмір сүруде және де Астанада тұратын әрбір этнос қала өміріне республиканың еуразиялық тұтастығын құрайтын бірегей негізін ендіруде.

Астана «мәдениеттер мен халықтар достығы» аралына айналды. Астананың басты құндылығы оның халқының, астана тұрғындары әлеуетінің, түрлі мәдениет, дін, конфессия өкілдерінің, ең бастысы республиканың жас астанасының жаңа тұрғындары санының күннен күнге артып келе жатуының өзіндік құндылықтарын сақтауынан тұрады.

Тарихи процестің заңды күшеюі ретіндегі бейбітшілікті, достықты, келісімді құруға мүмкіншілігі бар Астана өркениетаралық сұхбаттың мәдени орталығы болуда.

Біз ғалым және азамат ретінде өз міндетімізді тек біздің Отанымыз көлемінде ғана емес, ғаламшардың мәдени кеңістігінде осы бейбітшілік пен келісім ахуалын нығайту мен ынтымақтастықтан, жоғары қоғамдық борышымызды кеңейту мен жалғастырудан көреміз.

Астана тек ашық көкжиек пен кеңістік, қазіргі әлемнің қалыптасып жатқан рухани орталығы ғана емес, тұтас елдің туып, қалыптасу, өсу тарихы.

Қазір Астана тәуелсіз мемлекетіміз мүддесінің даму негізі арқылы көруге қажетті жаңа рөлді орындайды. Республика астанасы ел нысанының ары қарай дамуына, қала жасауға арналған мерекелік шаралар ұйымдастыруға, қазіргі ақпаратты қоғам мүддесінің терең кірігуіне байланысты көпвекторлы міндеттер орындайды. Астана жұртының өсуі жылдан жылға өндіріс, ішкі құрылым, байланыс және қатынас жолдар, шағын және орта бизнес, білім мен ғылым, ауылшаруашылық бөлімі саласында белсенділік көрсетуде.

Бірақ ол жас республиканың геосаяси, экологиялық, экономикалық мәселелерін тек жұлқыну, парадигма ауыстыру, барлық экономикалық және әлеуметтік күштерге жаңару мен күш беру арқылы қарама-қайшы, тосын жағдайларда шешуге болатынын білген. Сонымен бірге Астана жаңа мемлекет пен жаңа дәуір нышаны болуы қажет. Қазақ мәдениеті ертеден терең бейнелілігімен ерекшеленген. Рәміз – бұл айқын және елеусіз, ақиқат және ізгілік арасындағы көпір. Бұл ұлттық рух тәнінің айнасы!

Қазақстанның жаңа астанасын экзотикалық және құрылыстың бірегейлігіне, архитектуралық шешімдердің сонылығы мен батылдығына, көзге түсетін дәстүр мен дағдылы қала жарасымдылығына қарай отырып, «азиаттық

Бразилия» деп жиі атайды. Астана өзінің жаңа бейнесінде болашақтың сұлбасына сай келетін, тіптен бөтен қалыпқа ауыса отырып, үлкен қала жайлы бұрынғы пайымдарға кірмейді.

Сонда да Бразилиямен салыстыру жақынырақ келеді. Мұндай үйлестік белгісіне архитектуралық қолтаңбаның қарама-қайшылығы мен ерекшелігі жатады. Басқа да: қаланың мінезі, оның рухани ахуалы, ақиқат күші тәрізді белгілері болуы мүмкін. Бұл сипатына байланысты Астана керемет көпішекті мәдениеті бар ірі мемлекеттердің өркениеттік, шығыстық сипаттағы астаналарына сай келеді. Әл-Фараби мұндай көпбояулы, еркіндік сүйгіш қалаларды мақтан тұтқан. Оларға тән мінезге ол төзімділікті, діни шыдамдылықты, өзара келісімді жатқызған: «…мұндай қала ең ғажайып, бақытты қала болады… және өзінің сыртқы түрімен гүлді және ашық түсті, сонымен бірге әрбірінің сүйікті баспанасы болып шығады, өйткені адам бұл қалада өз тілегі мен ниетін қанағаттандырады. Сондықтан да халық (бұл қалаға) топталып, орналасады».

Сәнді де ертегідегідей шығыстық үлгідегі Астана төзімділік рухын, мәдениетаралық сұхбат пен келісім, өзара құрмет пен өзара түсіністікті атқарады. Шығыс астаналары шығыс мәдениеті дәстүрін, олардың ашықтығын, көптеген діни сенімдердің келісімге келуін іске асырады.

Конфессияаралық қарым-қатынас кеңістігінің қазіргі түрлерінің белсенді жетекшісі тарихи, әлемдік сипаттағы бірегей ұсыныстарды жасауға талаптанған тәуелсіз Қазақстанның жаңа астанасы болды. Папа Иоанн Павел II шақыру, 2003 жылы әлемдік және дәстүрлі діндер жетекшілері I съезін өткізу, Астанада әлемдік діндердің тоғысу Орталығын құру жолындағы алғашқы қадам болды. Бұл идея Еуразия орталығында, Шығыс пен Батыс, Оңтүстік пен Солтүстік, Еуропа мен Азияны кесіп өтетін ежелгі қазақ даласының дәл жүрегінде орналасқан Қазақстанның жас астанасына лайықты. Данышпан қазақ халқының төз-

зімділік дәстүріне сай Астана рухани келісім мен халықтардың өзара түсінісу негізінде конфессияаралық сұхбаттың ғаламат стратегиясын жасады.

2003, 2006, 2009 және 2012 жылдарда өткен Астанадағы әлемдік және дәстүрлі дінбасыларының съезі рухани мәдениет өкілдерін де, мемлекет қайраткерлерін де нем-құрайлы қалдырмады. Олардың барлығы не өздері ғасыр оқиғасына қатысуға асықты, не оларға деген қатынасын хаттар мен телеграммалар арқылы жеткізуге тырысты. Ғаламшардың бар назары көптеген конфессия өкілдерінің біріккен әлемдік сұхбатына алғаш рет жиналған қазақ астанасына ауды.

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев I съезде «Дін XXI ғасырдың дамуын ынталандыра ала ма?» деген сұраққа оң жауап берді. Елбасы дау-дамай, өркениеттердің күйреуі жайлы қағидаларды жоққа шығарып, оған қарама-қарсы салмақты да дәлелді пікір білдірді. Дау-дамай жайлы емес, «өркениеттер кездесуі» жайлы айтуымыз керек. Қазіргі әлем халықтарды, конфессияларды, мәдениеттерді, өркениеттерді жақындастыру жолында, сындарлы сұхбат пен мәдени өзара әрекетке тырысуы қажет.

Тағдырдың жазуымен тәуелсіз Қазақстан географиялық қана емес, демографиялық және мәдени тұрғыда да Еуропа мен Азияның арасынан орын тепкен. Сондықтан да ол өзінің мәртебесі бойынша еуразиялық ел, еуразиялық өркениеттің бір бөлшегі болып табылады. Сол себепті де, бір қарағанда, осы заманғы Қазақстанның табиғи даму жолы бізді ұлттық түбіріміздің, тіліміздің, дәстүрлеріміздің, салт-санамыздың сан ғасырлық ортақтығын байланыстыратын түркі-ислам әлеміне ену болып көрінуі мүмкін. Алайда, әлдеқайда шығысырақтағы көршілерімізге қарағанда, бізде таза мұсылмандық мәдениет формалары үстемдік ете қоюы неғайбыл. Көне замандарда Қазақстан даласында түрлі діндер ұсталынып, бейбіт қатар өмір сүрген. Олардың

арасында көне христиандық та, буддизм де, зороастризм де, манихейлік те болған, ал тәңіршілдік дәстүрі өзінің мәні жағынан қарапайым халық үшін исламнан кем саналмаған. Елде қалыптасқан тарихи-өркениеттік дәстүрлерді, оның еуразиялық мәртебесін және мемлекеттің ұлттық мүдделерін жіті ескеру бізге айтарлықтай қысқа мерзімде өзінің нарықтық экономикасы бар тәуелсіз мемлекетті құруда, тұрақты экономикалық өсім мен тұрлаулы сыртқы саяси ахуалды қамтамасыз етуде елеулі табыстарға қол жеткізу мүмкіндігін берді. Осынау процесте еуразиялық мемлекет ретіндегі осы заманғы Қазақстанды жүйелі реформалаудың теориясы мен практикасын жасап, оны іске асыруда Қазақстан Президенті шешуші рөл атқарды.

Рухани келісімді басқа барлық келісім формаларының бастау негізі ретінде қарастыруға болады. Өйткені, ол адамаралық байланыстардың ішкі дүниетанымдық-дүниеге қатыстылық өзегі болып табылады.

Әлбетте, осы заманғы Қазақстанда зайырлық-діни сала мен конфессияаралық өзара қатынаста барлық мәселе ойдағыдай да мінсіз деп айтуға болмас. Республиканың ішінде, сондай-ақ одан тыс жерлерден бізге қатер төндіретін «жалған діндердің» төбе көрсетуі бізден қырағы болу қажеттігін талап етеді. Иә, Қазақстанда діни бірлес-тіктер қандай да бір ерекше немесе баршаға ортақ саяси күш функциясын алып отырған жоқ, бізде «әскери-діни» ұйым секілді қатерлі конгломерат жоқ. Алайда, мұндай күштер мен ұйымдар бізден тіптен де алыс емес өңірлерде құрылып, әрекет етіп отыр. Демек, олар Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігіне нақты қатер төндіріп, біздің республика халқының арасына және одан тыс жерлерде белгілі бір дәрежеде шиеленіс пен егес тудыруы мүмкін. Бұл тұрғыда елемеушілікке салынуға болмайды. Сол себепті де әлеуметтік-саяси өзгерістер жағдайында конфессияаралық және өркениетаралық өзара ықпалдастық пен үн қатысудың түрлері мен әдістерін зерттеу айрықша маңызды.

Өткен ғасырлар, әсіресе, өткен жиырмасыншы ғасыр жай түсінуді ғана емес, сонымен бірге қазіргі жаһандану жағдайында адамдардың, олардың дүниетанымдары мен мәдениеттерінің өзара түсіністік табуын талап еткені белгілі. Жаһандану кезеңінде өркениеттер мен мәдениеттер үн қатысуының процесі күрделі де нақты өмірлік тақырыпқа ғана емес, өзекті мәселеге айналып отыр, ол өзара байланысты да қақтығыстағы дүние жағдайында бүгінгі өмірдің барлық саласын қамтыды. Қазіргі таңда болашақ мақсаттар үшін өркениеттер, этностар, ұлттар, конфессиялар, мемлекеттер арасындағы үн қатысудың, халық пен билік, қоғамды дамытудағы модернизм мен дәстүрлер, философия мен ғылым, ғылым мен дін үн қатысуының, дәстүрлі және дәстүрлі емес діни нанымдар, конфессияаралық және конфессия ішіндегі үн қатысудың, ұстаз бен шәкіртке, педагог пен тәрбиеленушіге қатысты үн қатысушылықтың шарттары мен ұстындарын орнықтыру қажеттігі туралы белгілі бір алаңдаушылықпен айтатын болдық. Мұның өзі үн қатысу мен өзара түсіністікті және келісімді талдап жасаудың жаңды проблемасының кейбір қырлары ғана. Әлбетте, олар әрдайым болған, алайда XXI ғасырда бұл мәселе қай кездегіге қарағанда да өткір қойылып отыр. XXI ғасырдың басындағы тапшылық – бұл өзара түсіністіктің, руханияттың, ізгіліктің, төзімділіктің тапшылығы.

Тұтастай алғанда мәдени-философиялық және саясаттанушылық тұрғыда егемен елдің жаңа интегралдық дүниетанымын қалыптастыру мәселесі Батыс пен Шығыстың, бай Солтүстік пен кедей Оңтүстіктің арасындағы сындарлы үн қатысу мен өзара өркениетті қатынастарды жолға қою қажеттігі ретінде бой көрсетеді. Сондықтан да шығыстық және батыстық өркениеттер арасындағы тең құқылы берік үн қатысудың, олардың өзара ықпалдасуы мен өзара молығуының жарасымды тұрпатын ескерер болсақ, тәуелсіздік жылдарында қалыптасып келе жатқан жаңа өзара түсіністік философиясы – бұл шын мәнінде

болашақтың, XXI ғасырдың философиясы деуге болады, қазіргі көпэтностық қоғамның рухани келісімінің негізі болып табылады.

Шығыс пен Батыстың үн қатысуы мен интеграциялану процесіне, түрлі өркениеттер, мәдениеттер, халықтар, конфессиялар, дүниетанымдар арасындағы сындарлы үн қатысуды жолға қоюға мәдениеттің барлық саласы: саясат, ғылым, дін және басқалары белсене қатысып, сонымен бірге өздері де үн қатысудың осынау процесімен қамтылады. Егер де осынау үн қатысуға байланысты қандай да бір маңызды мәселе ұмыт қалатын болса, өзара түсіністік туралы әңгіме қозғау мүмкін емес.

Мәдениеттердің сындарлы үн қатысуы туралы, өзара түсіністікке, келісім мен бірлікке қол жеткізу қажеттігі туралы айтқанда, біз нақты үн қатысуды, яғни оның барысында тараптар бір-бірін есітін, ең болмағанда бір-бірін естуге тырысатын үн қатысуды айтамыз, сондай-ақ түсіну дегенді белгілі бір мәдениеттің материалын теориялық тұрғыда игеруді ғана емес, сонымен бірге шын жүрекпен мойындауды айтамыз. Біз үшін келісім бір-біріне «төзуді» белгілейтін мәжбүрлеу шарты емес, мақсаттар мен міндеттердің ортақтығын шынайы түсіну мен қабылдау.

Сөйтіп, ендігі жерде ғаламдық мәселелер Астана арқылы шешілмек. Өткен ғасырдың 90-жылдарынан бастап әлем талай жүйелі де күрделі өзгерістерге ұшырады және одан да ауқымды дағдарыстар мен қауіп-қатерлерге ұшырайды. Шешуі қиын түйіндер, даулы аймақтар, ғаламдық маңызы бар жаңа кешенді мәселелер пайда болды. Осындай өзекті мәселелерді шешу жолдарын анықтау, әлемдік қаржылық дағдарыстан шығудың тиімді бағыт-бағдарын қарастыру бүгінгі күннің өзекті талабы болып отыр. Оның үстіне әлем сарапшыларының пікірлеріне қарағанда, қазіргі әлемдік қаржылық-экономикалық дағдарыс үш толқыннан тұратын көрінеді. 2008–2010 жылдардағы алғашқысынан біздер сүрінбей жақсы өттік. Екіншісі алдымыздағы

2015–2016 жылдарда екені белгілі. Ал үшіншісі 2017–2020 жылдарда деген болжам бар. Мұндай ұзаққа созылған дағдарыс қолымыздағы бар рухани-интеллектуалдық және материалдық ресурстарды, адам капиталы мен табиғи байлықтарды тиімді пайдалануды, жақсы дайындықты қажет етеді.

2010 жылғы желтоқсанның басында Астанада Қазақстан төрағалық етуімен өткен ЕҚЫҰ-ның саммиті, сондай-ақ 2011 жылы Ислам Конференциясы ұйымына Қазақстанның төрағалығын атап өткен жөн. Өзге де көптеген игі бастамаларды тілге тиек етуге болады. Астанада бас қосатын мемлекет басшылары ғаламдық мәселелерді, сондай-ақ даулы түйіндерді дөңгелек үстел басында сұхбаттасу арқылы шешіп жатса, бұл еліміз үшін үлкен абырой болмақ.

Парасат-пайымы мен ерік-жігері дәуір бейнесін айқындайтын айырықша адамдар, тұлғалар болады. Осы заманғы ең танымал саяси көшбасылардың бірі, әлемдік аренада жас республиканың егемендігі мен қадір-қасиетін орнықтыра біліп, елін жаңа, соны жолмен алға қарай батыл да үздіксіз бастап келе жатқан, болжампаздық пен саяси көрегендік танытып, өз халқының тағдыры, бұл ғана емес, әлем тағдыры үшін тарихи жауапкершіліктің бар салмағын иығына артқан Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев – сондай тұлға.

Оның өмірбаянын халқы мен елінің өмірбаяны мен тарихынан, Елорда тарихынан тыс қарастыруға болмайды. Ол өз бойына халқымыздың талай ұрпағы, замандастары армандаған құндылықтардың барлығын жинақтап, соларды жүзеге асыра білді. Ол өз халқының өмірін түлетіп, олардың алдынан бұрын-соңды болмаған көкжиек ашып берген ұлы тарихи өзгерістердің куәгері болудан гөрі, соларға белсенді араласушы және оларды іске асырушы тұлға болып табылады.

Қазақстанның тұңғыш Президенті өмірбаянының негізгі кезеңдерін, демек соңғы ондаған жылдағы ел

тарихының негізгі кезеңдерін санамалап шығудың өзі тұтас томды құрайтын еді. Өйткені, қайшылықтар мен қауырт істерге толы осынау тарихи кезеңде бұрынғы Одақтың өзге республикалары секілді Қазақстан да қатал таңдау қажеттілігінің, бұрынғы барлық әлеуметтік-экономикалық, саяси және идеологиялық нормалар мен құндылықтарды қайта қараудың, күні өткен экономикалық және мемлекеттік жүйені күйрету алдына қойылды. Тұтас халықтарды тұңғиығына міне-міне тартып кететіндей алып иірім айналсоқтап тұрып алды. Ескі дүние күйреп, қақтығыстардың, қантөгістердің, ұлттық егестің, өз ұлдарынан айырылған аналардың қасіреті мен көз жасының кезеңі басталды. Адам өміріне өлшем еткен барлық құндылықтар – достық, әділеттілік, адамның қадір-қасиеті, еркіндік, бақыт, рухани қуат дегендер мәңгіге жоғалғандай болды. Алайда, осынау қара түнек сейіліп жаңа үміт пен қуаныштың сәулесі себезгіледі. Тәуелсіздік, жоғалта бастаған ұлттық рухымызбен, сол арқылы жалпы адамзаттық құндылықтармен қайта қауышу дәуірі басталды.

Тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш Президенті болғаннан кейін биліктің мәні мен табиғаты туралы жиі-жиі ойға кететін болды. Осындай құпиясы мол, көзге көрінетін де көрінбейтін, билік деп аталатын осынау нәрсені қалай білуге болады? Назарбаев биліктің оның өзін қалай өзгерткенін, оның айналасындағы адамдар, достары мен бүкіл халқының көзқарасы мен психологиясы қалай өзгергенін, билікті келеңсіздікпен қабылдаудың қалай туындайтынын сезінеді де түсінеді. Биліктің терең мәні туралы толғана келіп, Нұрсұлтан Назарбаев өз халқының рухани құндылықтары мен дәстүрлеріне ден қояды. Ал, мұнда ата-бабалар тәжірибесін сақтап, ұрпақтарға жеткізетін даналардың, ақсақалдардың беделі мен билігі жоғары бағаланған. Билік күш көрсетумен теңестірілмеуі тиіс, ол өзгелердің арасында өзінің парасат-пайымымен және мінезімен күшті болып

дараланатын адамның артықшылығы мен беделін түсінуге негізделуі керек.

Елбасы Елорданың бас архитекторы, ал көркем Елорда бүкіл қазақстандықтардың мақтанышы.

Астана Ақшамы. – 21 қаңтар, 2013.

3.5 ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҰЛЫ ОЙШЫЛЫ

Ұлы Абайдың рухани, даналық мұрасы – терең мағыналы философиялық идеяларға толы. Ол күллі Шығыста философияның негізгі мәні болып табылатын «жетілген адамды» өзекті және басты мәселе етіп қарастырып, соған айырықша көңіл бөлді. Адамгершілік туралы ілімді дамыта отырып, адамды адамгершілік, кісілік тұрғысынан жетілдіру ұстындарын, ұлттық эстетика мәселелерін алға тартты. Адамның шексіз танымдық мүмкіндіктері жөнінде, білім мен ғылымның әлеуметтік рөлі туралы, адамтану мәселелерін көтерді.

Даналық өлшемі бола білген философ-ақынның рухани мұрасы шын мәнісінде қазақ халқының зерделі ойы мен өмірінің тұрғысында энциклопедиясы секілді. Олай дейтін себебіміз Абайды танып, белсенді игере отырып, сол кездегі қазақ қоғамының экономикалық, саяси, құқықтық, отбасылық, мәдени-тарихи, моралдалдық халжайынан айқын да, толық және дәл мағлұматтар алуға болады. Сондықтан ол туралы көп жазылуы да, және өзінен ілгеріде өткендердің тәжірибесіне сүйене отырып, осынау өз тұрғысында ұлттық энциклопедияны әрбір ұрпақтың, ендеше қазіргінің де игеруі заңды деп ойлаймыз.

Абай қаламынан шыққан барша қазынаны, оның рухани мұрасын (лирикасын, поэзияларын, қара сөздерін) жүйелі зерттеп, тануда аса көрнекті ғалым, қазақ әдебиетінің классигі, данышпан қаламгер, абайтанудың негізін сала

отырып, оны қоғамтану ғылымының жаңа да тың саласына жеткізген, әлемге әйгілі эпопеяны дүниеге келтіріп, оны дүниежүзілік мәдениеттің ауқымында ала отырып, Абай өткен жолдың бүкіл адамзаттық маңызын сындарлықпен аша білген Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің орны ерекше. Ол өзінің аса жемісті өткерген «Абай Құнанбаев. Мақалалар мен зерттеулер» атты ғылыми еңбек жолында қазақтың ұлы ойшыл ақынының рухани мұрасын өмір бойы, жүйелі түрде зерттеу үстінде болды. М. Әуезов осы еңбегінде айтқандай «...жақын заманда қазақстандық әлеуметтік, философиялық ойдың өсу тарихын зерттейтін... жаңа философтарымыз Абайдың жаңағыдай мұраларын түгелдей теріп, тереңдеп талдап тексеруге мейлінше болады» (171-бет).

Қазіргі таңда жалпы саны төрт мыңға жуық атаудан тұратын Абай жайлы әдебиеттер тізімі – бұл ұлы ақын-философқа, оның рухани мұрасына деген терең де ауқымды іңкәрлікті ғана емес, сонымен бірге бұл өз дәуірінің айнасы бола білген жанның рухани қазынасына назар салмай, сол халықтың шынайы тарихы мен дәстүрін, идеялық ынтасы мен ділін, қазақ халқының өткені мен келешегін тану мүмкін еместігіне кепілдік етеді.

Абайдың шығармашылық бетін, дүниеге деген көзқарасын айқындаған үш қайнар көз туралы сонау өткен ғасырдың отызыншы жылдардың өзінде-ақ М.О. Әуезов «Абай Құнанбаев қазақ халқының ұлы ақыны» атты еңбегінде белгілі бір жүйелі пікір қалыптастырғаны белгілі. Ол «Ұлттық және бүкіл адамзаттық мәдениеттің үш түрлі мол арнасы данышпан ақынның шығармашылық ісіне рухани азық болды. Абайдың бүкіл ой-қиялына, әлеуметтік, ақындық ісіне дем беріп, шапағатты нәр алған арнаның бірі – халықтың өзі жасаған, ауыздан ауызға тараған, баспа жүзінде сақталып келген қазақтың бағзы заманын-дағы халық мәдениетінің бай мұрасы ақындығына рухани дем беріп, азық болған екінші арна – шығыс мәдениетінің тамаша мұрасы, араб-иран және түрік халықтарының клас-

сикалық поэзиясы», – дей келіп, – «Үшінші арна – орыс мәдениеті, Еуропа мәдениеті», – деп жазғанды.

Әйтсе де Мұхтар Омарханұлы сол кездегі әкімшіл-әміршіл қоғамдық жүйенің салдарынан Абайға қатынасты айтқысы келген терең ойларын толық айта алмағаны белгілі. Оған бұрын абайтану бойынша жарияланбай келген, тек 1988 жылы ғана баспадан шығуға мүмкіндік алған еңбектері куә.

Абай қазақ елінің ұлттық рухы мен ділін, оның көкейтесті арманы мен данагөй ойларын абыздық көрегенділікпен, өлеңмен өрнектеуді қазақ эпосынан үйренді. Себебі, өмір мен өлімнің мәні мен мағынасын, қазақ халқының бірлігі мен тұтастығын, жеке адамның тәуелсіздігі үшін күресі, адам құқы және оның сүйіспеншілігі мен отаншылдығын өзінің басты тақырыбы етіп жырлаған «Ер Тарғын», «Алпамыс батыр», «Қобыланды батыр», «Қамбар батыр», «Айман-Шолпан», «Қыз Жібек», «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» сынды ауыз әдебиетінің көркемдігі кемел – алып туындыларының ұлы ойшыл ақынның дүниеге деген көзқарасының қалыптасуына үлкен ықпалы болғандығы даусыз еді.

Сондай-ақ, Абайдың жүйелі ойларының үлкен бір арнасын қалыптастыруына Шығыстың рухани қазынасының да ықпал-әсерінің аз болмағандығы сөзсіз. Өйткені, ол күллі араб пен парсының батырлық жырларын, Шығыстың атағы жер жүзіне мәшһур классик ақындарын, ат-Табари, Рабғузи, Рашид-ад-Дин, Бабур-Захиреддин Мұхамед, Абылғазы-Баһадур ханның тарихи еңбектерін, сондай-ақ логика ғылымының негіздері мен мұсылмандық құқық, Шығыстың шариғат қағидаларын ұғындырар ғұламаларының еңбектерін жетік меңгергенді. Сол еңбектерді түп нұсқасында оқитын жан-жақты білімдар, ғұлама болатынды.

Исламның қазақ даласындағы жетістіктері мен нығаюына орай жаңа заманға байланысты араб, парсы, түрік тілдеріндегі білім көздеріне Абай ерекше көңіл аударады.

Өзінің айырықша қабілетінің арқасында, өз бетімен жүйелі түрде оқып, араб, парсы тілдерін игереді. Сөйтіп, ол Ә. Бөкейханов айтқандай, қасиетті кітаптардың білімпазы атанады.

Шығыстың Абайға тигізген ықпал-әсері туралы кезінде әртүрлі пікірлер болғаны белгілі. Олардың ішінде ақынның дүниеге деген көзқарасын қалыптастыруда Шығыс мәдениетінің орнының елеулілігін мойындаудан бастап, сол пікірді мүлдем теріске шығаруға дейін болды. Отырардан шыққан және Шығыстың екінші ұстазы атанған алғашқы кәсіпқой философ, ғұлама ғалым Әл-Фараби ғылым мен философиясының барлық саласы бойынша 164 трактат жазған. Біздер олардың елудейін ғана білеміз, қалғандары әлемнің әр түкпірінде шашылып жатыр. Осыған байланысты ортағасырлық араб-парсы тіліндегі философиялық еңбектермен, араб мәдениетінің, жалпы араб-мұсылман Шығысының Абайдың дүниеге деген көзқарасын қалыптастырып-дамытуда елеулі болғандығын ерекше атау орынды деп білеміз. Бұл тұрғыда біздің рухани арналарымыздың негізгі көздерінің бірі – араб-мұсылман Шығысымен арадағы алтын көпір секілді «Әл-Фараби және Абай» сынды келелі тарихи сабақтастық мәселесінің қарастырылуы ел көңілін аударарлық деп есептейміз. Өйткені, бұл мәселе арқылы екі алыптың кейбір идеяларынан өзара белгілі үндестіктер табылатындығы хақ.

Абай Шығыстың ұлы ақындары Фирдоуси, Низами, Хафиз, Жами, Сағди, Науаи, Сәйхали және басқа да алыптардың сиқырлы әуез, биік рух, қиыннан қиысқан шынайы шеберліктің үлгісіндей ғажайып поэзиясының аясында тәрбиеленіп, өмір бойы солардың дәстүрінен қол үзген жоқ. Өйткені, Шығыстың сұңғыла ойшыл ақындарының адамның табиғатын тереңнен ұғатын ерекше қасиеттері, яки адамның болмысына, рухани жан дүниесіне, адамдағы адамшылыққа деген сүйіспеншілік қасиеттері күллі Абай поэзиясынан көрініс тапқан. Барлық Шығыс ойшылдары

секілді ақынның «Адам бол!» дейтін үндеуден өріс алатын, оның бүкіл шығармашылығының өзегіне айналған, адамды адамгершілік тұрғысынан жетілдіруге, сол арқылы қоғамды сындарлы кейіпке жеткізуге ниет ететін ақындық негізгі белгісі – бұл тұрғыда оның ежелгі алып ой өкілдерімен рухани туыстығына куәлік береді. Сонымен бірге ақынның небір шұрайлы философиялық көреген ойлары да негізінен Шығыс ойшылдары мен ақындарының кемел де кемеңгер пікірлерін шығармашылықпен айырықша шеберлікпен игергендігіне байланысты екендігі де даусыз.

Абайдың рухани өлемін қалыптастыруда ақынның әкесі Құнанбай ақсақалдың да кемеңгер тұлғасының аз рөл атқармағаны айдан анық. Атақты ақын Адам Мицкевичтің досы, біздің халқымыз туралы шындықты бұрмаламайтын шынайы естеліктер қалдырған, еліміздің тарихында сүйіспеншілікпен еске алынатын,поляктің жер ауып келген азаматы Адольф Янушкевичтің Құнанбай туралы ерекше ілтипатпен жазып, оны алып ойдың, үлкен ұйымдастыру қабілетінің иесі, қара қылды қақ жарған тура би, айырықша сыпайылыққа ие, қазақ қырының әр атырабынан оның ақыл-кеңесін, әділ төрелігін есту үшін күндіз-түні жас пен кәрі, бай мен кедей болып, халықтың үзбей ағылып жататынын айтып, оны «Даланың Цицероны» деп өте жоғары бағалауы тегіннен-тегін емес.

Орыс мәдениеті мен қоғамдық-философиялық ой жүйесінің Абайдың дүниетанымына еткен әсері Халиолла Өскенбаев пен Семей бойына жер ауып келген саяси тұтқындар, сондай-ақ орыс әдебиеті мен мәдениетінің тұрқы биік ірі тұлғаларының төл шығармаларын өз бетімен оқып-танысуы арқылы жүзеге асқаны белгілі.

Осы кезге дейін белгісіз бір себептермен Абайдың дүниетанымына ерекше әсер еткен туысы Халиолланың сіңірген еңбегі өз дәрежесінде айтылмай келді. Ал, шын мәнісінде Абайдың алғаш рет Пушкин, Лермонтов, Тургенев т. б. орыс қаламгерлерінің шығармаларымен таныстығы Хали-

олла арқылы жүзеге асқандығы мәлім. Ал, Халиолланың кім екендігі белгілі: ол өз кезінде Сібір кадет корпусын бітірген, еуропалық білім қайнарынан барынша мол сусындаған, тіптен сол тұстағы білімі жоғары қазақтардың арасында да ерекше озық тұрған, өз халқының бел баласы ретінде ұлтына беріле қызмет еткен азамат. Халиолла туралы академик Ә.Х. Марғұланның: «Ол өзінің қандастарын «қазақтан да» басқа әлем бар, білім мен ғылымның, рухани есеюге талпыныстың әлемі бар екендігіне үйреткен адам... Халиолла данышпан ақын Абайға үлкен ықпал еткен», – деп жазуы тегін емес.

Абайдың Семейге жер аударылған саяси тұтқындармен достығы және олардың ұлы ақынға жасаған әсер-ықпалы туралы аз жазылып жүрген жоқ, әйтсе де біздің ойымызша, осы тарапта қалам тартқан Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсыновтардың еңбектері өзгелердің пікірлерінен гөрі тың көзқарастарымен назар аударады. Олар Е.П. Михаэлис пен С.С. Гросстың Абайдың ақындық һәм философиялық шығармашылығына ерекше әсер етіп, оның дүниетанымын түп-тамырымен өзгерткенін баса көрсетеді. Абай өркениетті халықтарда поэзиялық және философиялық шығармашылықтың ерекше құметтелетіндігін, ал онымен айналысатын адамдардың сыйлы кісілердің санатында жүретіндігін білгенде, қазақта ақындық өнер ондай құрметке ие болмаса, оған кінәлі өнер емес, сол өнерді тілемсектік-сұрамсақтық, мал табудың көзіне айналдырған ақындардың өзі екендігіне әбден көзі жетеді. Сөйтіп, ол Ахмет Байтұрсынов сөзімен айтқанда: «Ғылымды жұртта өлең жазу, сөз жазу нағыз қадірлі істің бірі екенін ұққан».

Орыстың қоғамдық-философиялық ақыл-ойы Абайдың эстетикалық көзқарасының қалыптасуына елеулі әсер етті. Сондай-ақ, басын сонау антикалық ежелгі заман мәдениетінен алатын батыс Еуропа мәдениеті Абай дүниетанымының даму процесінде тарихи сабақтастық желісін атқарды. Қазақ кемеңгері Сократ, Платон, Ари-

стотель еңбектерімен жақсы таныс бола білді. Оған ақын қаламынан шыққан туындылар куә. Сонымен қатар ол Спенсердің «Тәжірибелерін», Льюистің «Позитивтік философиясын», Дрепердің «Еуропа ақыл-ойының даму тарихы» атты туындылары мен Милльдің, Бокльдің және тағы басқа көптеген авторлардың да шығармаларын оқыған. Бұған Ә. Бөкейханов пен Д. Кеннандардың өз кезінде жазғандары куә. Ақынның Байрон, Гете, Шиллер, Мицкевич және орыс ақындарының шығармаларын да қазақшаға аударғаны белгілі.

Батыстың өркениеті мен философиясы, қоғамдық ойдың үздіксіз тарихы, ғылымы мен мәдениеті қазақ данагөйінің рухани есею жолында елеулі рөл атқарып, Батыс пен Шығыс мәдениеттерін өз дүниетанымында тамаша ұштастырды.

Абайдың рухани әлемі – ерекше бір тылсым дүние. Оның негізгі зерттеу объектісі – адам. Сол адамның эстетикалық, этикалық бет пернесі, арман-мақсаты, өмірінің мәні, сезімі мен түйсігі, болмысы мен ұлттық ойлау ерекшелігі ұлы ойшылды терең тебіреністерге түсірген. Олардың негізінде адам және кісілік философиясы жатыр. Абай былай дейді:

...Өлсе өлер табиғат, адам өлмес
Ол бірақ қайтып келіп, ойнап-күлмес
«Мені» мен «менікінің» айрылғанын
«Өлді» деп ат қойыпты өңкей білмес...

Өйткені, адам проблемасы, оның дүниемен қатынасы, адамның өмірі мен тұрмысының мәні философияның негізгі өзегін, басты проблемасын құрайды. Мәселен, бүгінгі таңда біз бастан кешіп отырған дағдарыстың өзі де сайып келгенде осы адамның дүниеге деген түбегейлі қатынасының дағдарысы.

Шығыс ойшылы ретінде Абайда қарастырылатын күрделі адам проблемасы үлкен ауқымда, яки қоғамдық, руханилық, құндылықтық, этикалық, эстетикалық жақ-

тарда қаралады. Ал, бұл мәселелердің қайсысының да бір-бірімен тығыз байланысты екендігі күмәнсіз.

Абай адам табиғатын этикалық тұрғыда қарай отырып, оның тұтас алғандағы кісілік қалпын, ұжданды, «сегіз қырлы, бір сырлы» сырбаз адам, яки кемеліне жеткен, «толық адам» кейпінде алға тартады «...адам деген даңқым бар», – дейді Абай. Сол арқылы ол неден қашық, неге асық болуға үндейді, жақсылық пен жамандықтың, надандық пен имансыз адамның шынайы мәнін ашады. Мысалы, ақынның мына сөзі де осының бір дәлелі: «Тілеуді құдайдан тілемей, пендеден тілеп, өз бетімен еңбегімді жандыр демей, пәленшенікін әпер демек, ол құдайға айтарлық сөз бе? Құдай біреу үшін біреуге жәбір қылуға лайығы бар ма? Екі сөздің басын қосарлық не ақылы, не ғылымы жоқ тұра, өзімдікін жөн қыламын, деп, құр «өй, тәңір-ай!» деп таласа бергеннің несі сөз? Оның несі адам? ...Оларды мұсылман деп, қалайша иманы бар ғой дейміз?».

«...Надандарға бой берме,
Шын сөзбенен өлсеңіз», – деп атап көрсетеді Абай.

Абайдың ойшыл-дана ретінде негізгі ұстанар этикалық ұстыны – «Адам бол!» деген сөздермен кірігіп келетін кісілікке, адамгершілікке, имандылыққа жетелеу. Бұл – ақын шығармаларының басты өзегі. Осы арқылы ол адамның қоғамдық өмірдегі басты рөлі мен орнын анықтайды, ондағы сыншыл ақылды жоғары бағалалайды. Соған ерекше мән береді. «Әсемпаз болма әр неге» атты жастарға арналған өлеңінде Абай:

«...Сен де бір кірпіш дүниеге,
Кетігін тап та бар қалан!», – дейді.

Ақын философиясында адам ақыл-ой мен кісіліктің, еңбек сүйгіштік пен білімділіктің, достық пен махаббаттың тоғысқан үлгісі болуға тиіс. Сондықтан да ол «Күн менен Айдың – аспанның, ағаштар мен жемістердің – таулардың сәні болғаны секілді, адам – жер бетінің сәні» деп ұғып, өзінің адам болып жаратылғандығын мақтан тұтады. Тіпті

мына бір өлең шумағында Абай қазіргі өтпелі кезең адамдарымен сырласқандай, оларға барлық ішкі сырын ақтарып бергендей:

...Жүрегімнің түбіне терең бойла,
Мен бір жұмбақ, адаммын, оны да ойла,
Соқтықпалы, соқпақсыз жерде өстім,
Мыңмен жалғыз алыстым, кінә қойма!

Абай адамдар жаратушының қаһарынан қаймыққаннан емес, өзінің арының, ұятының, халқының алдында сол істеген қылығы үшін жауапкер болғандықтан да қайырымды, мейірімді болуға тиіс деп біледі.

Абайдың этикалық тұғырнамасында «еңбек» атанатын ұғым ерекше орын алады. «Адал еңбек, мал таппақ, жұртқа жақпақ», – дейді ол. Тіптен ақынның адал, шынайы еңбектің адам өмірінде зор орын алатындығын қозғамайтын шығармасы жоқ деп айтуға да болады. Өйткені, еңбек адамның азамат ретінде қалыптасуы үшін рухани тұрғыдан да, парасаттылық тұрғысынан да басты қызмет атқарады деп есептеген. Сондай-ақ, ақын еңбек кісінің жан дүниесін мейірімділікке бөлейді, ал, оның қадірін білмейтін салбөксе жалқаулар көбіне теріс қылықты болып келеді деген тоқтамға кідіреді. Сол себепті ол: «Еріншектік – күллі дүниедегі өнердің дұшпаны. Талапсыздық, жігерсіздік, ұятсыздық, кедейлік – бәрі осыдан шығады», – деп жазды. Қысқасы ақын еңбекті ең жоғары игіліктің көзі, адам қарекетінің ең биік өлшемі, халқына қызмет етудің, оның ұлттық арман-мүддесін жүзеге асырудың, намысын қорғаудың басты көрсеткіші деп білді.

Адамның тұлға ретінде қалыптасу процесінде өскен ортаның, тәрбиенің рөліне үлкен мән бере отырып, ұлы ақын әркімнің өзін-өзі жүйелі түрде тәрбиелеп отыруы керектігіне айырықша көңіл бөледі. Өзінің он бесінші сөзінде ол осы ойды былайша толғайды: «Егерде есті кісілердің қатарында болғың келсе, күнінде бір мәртебе,

болмаса жұмасында бір, ең болмаса айында бір – өзіңнен өзің есеп ал! Сол алдыңғы есеп алғаннан бергі өміріңді қалай өткіздің екен, не білімге, не ахиретке, не дүниеге жарамды, күніңді өзің өкінбестей қылықпен өткізіппісің. Жоқ, болмаса, не қылып өткізгеніңді өзің де білмей қалыппысың?». Бұл арқылы ақын әркімнің өзін өзгелердің көзімен қарап, істеген ісіне талдау жасауға, өзінің іс-қимылына, өзіне-өзі баға беруге, өзін-өзі тексеруден өткізуге үндейтіндігі хақ.

Адамның тұтыну мүмкіншіліктері жайлы толғана келіп Абай, бұл мәселеде қанағатсыздыққа ұрындырмайтын мөлшер, шамадан асып кетпеу керектігін өсиет етеді: «Әрбір жақсы нәрсенің өлшемі бар, өлшемінен асса – жарамайды. Өлшемін білмек – бір үлкен керек іс...». Ал, сол өлшемнің шамасын қалай анықтауға болады. Ақын пікірінше, оның таразысы ұяттылық пен арлылық? Осы сезім бар жерде адам қанағатшылдық пен кісіліктің тізгінінен айырылмақ емес деген ойға жүгіндіреді.

Абай адамгершілік идеясын өмір бойы ту қылып көтеріп өткен. Ол азаматты шыққан тегі, атқарып жүрген қызмет-мансабы, атақ-даңқы мен дәулетіне қарай емес, оның жан дүниесіне, өз еліне, халқына көрсетер қызметіне қарай құрметтеуге үндейді.

Ғылым, философия, білім, тарих, әдебиет пен өнер барлық мүмкіншіліктерін жұмсай отырып, мемлекетке ықпал етуге, ондағы адамдардың адамгершілік тұрғысынан жетілуіне тиіс деп білді қазақ данагөйі. Оның философиялық-этикалық тұғырнамасының, жалпы дүниетаным жүйесінің негізгі мәні, міне, осында.

Абай – қазақ философиясы мен әдебиетінің классигі ретінде қазақтың күллі рухани өмірінің тұтастығының тұғырнамасы, барша шығармаларында бүкіл адамзаттық мұрат пен арман-мүдделерді жыр еткен бір ұлттың әлемдік деңгейдегі терең ойлы асқақ философ-ақыны. Ол өзінің бүкіл творчестволық қажыр-қайратын адамгершіліктің биік мақсаттарын, нағыз кісіліктің, салауатты халық болу-

дың жолдарын іздеуге және оларды іске асыруға, сөйтіп, тұлғаның адамгершілік тұрғысынан биіктерге көтерілуін насихаттай отырып, ол өмір мен өлім туралы кең мағыналы қорытындылар жасайды. Соның арқасында ол тек бір халықтың данышпан философ-ойшылы ғана болмай, бүкіл әлемдік мәдениеттің көрнекті өкіліне айналды.

Егемен Қазақстан. – 5 мамыр 1995 ж.

3.6 ҚУАТТЫ ҚАЙНАР

Еуропа мен Азияны жалғап жатқан қазіргі кең байтақ қазақ даласы қай заманда да ғұламаларға кенде болмаған. Анахарсис пен Заратуштра, Қорқыт пен әл-Фараби, Махмут Қашқари мен Қожа Ахмет Иасауи, Асан Қайғы мен Бұқар жырау, Шоқан мен Абай сары даладағы ұлан-ғайыр мәдениеттің ұлы көшінің сорабын аңғартатын, алыстан көзге ілінетін қадау-қадау алып шындар іспетті.

Ерлік жыры мен болашақ ұрпақтарына айтар аманатын ата-бабалары сонау сегізінші ғасырда-ақ тасқа қашап жазып кеткен көшпелі халықтың сол дәстүрлі мәдениеті кейін бәлкім хат пен қағазға ден қоймаудың салдарынан жалпақ әлемге кең танылмаса, танылмаған да шығар. Бәлкім, Еуразия құрлығының шығысынан батысына, батысынан шығысына сан дүркін жөнкілген жаугершілік заманда ат тұяғының астына тапталып көмілсе, көмілген де шығар. Бірақ жоғалып кеткен жоқ. Халқымыз дәстүрлі мәдениетінің мәйегін, өзіндік дүниетанымының дәнін және дүниенің ұлттық бейнесін асыл рухты перзенттерінің жәрдемімен ғасырдан ғасырға жалғады. Содан соң, баяғы Анахарсес пен Әділдің, әл-Фараби мен Қорқыттың қай өлкеден келгені естен шығып, жер бетінде данышпан қазақ деген халықтың бар-жоғын ұмыта бастаған жиырмасыншы ғасырдағы жалпақ әлемге осыдан жарты ғасырдан астам

уақыт бұрын осы қазынасын жарқ еткізіп қайта танытты. Танытқан – Мұхтар Әуезов, танылған – «Абай жолы» эпопеясы және ұлттық қоғамдық ойы еді.

«Абай» романын «XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ елінің өмір тіршілігі мен болмыс-тұрмысын бар қырынан жан-жақты суреттейтін шын мәніндегі энциклопедия» деп бағалаған қазақтың тағы бір ғұлама перзенті. Ғылым академиямыздың тұңғыш президенті академик Қаныш Имантайұлы Сәтбаев еді. Міне, Әуезовтің рухани мұрасы өте бай және жан-жақты дүние екені осыдан байқалады.

Осы ойды Мұхтар Әуезовтің сүйікті шәкірттерінің бірі, біздің заманымыздың заңғар жазушысы Шыңғыс Айтматов кең ауқымда алып, нақтылай түсті. «Бұл роман, – деп жазды ол, – бүкіл түркі тілдес халықтардың, оның ішінде өткендегі көшпелі халықтардың да адамзат мәдениетіне қосқан зор үлесі. «Абай» эпопеясы – біздің көркемдік және әлеуметтік энциклопедиямыз. Бұл – біздің ортақ мандатымыз, біздің ұлан-байтақ Еуразия кеңістігіндегі бүкіл бастан кешкен заманымыз тура келген бүкіл тауқыметіміз үшін, өз қазынамыздың жүйесін, өзіміздің көркемдік және адамгершілік дүниемізді, өзіміздің ұлы поэтикалық сезімімізді жасап, қол жеткізе алған бүкіл игіліктеріміз үшін берілген есеп... Дүниені көз алдыңа келтіру үшін, басқалардың көзіне түсу үшін, адам рухының қадір-қасиетін асқақтата көтеріп, жар салу үшін өз биігің – Мұхтар Әуезов сияқты асқар шыңың болу керек. Біз өзіміз жайында Мұхтар Әуезов көтерілген биікте тұрып ой түйеміз және басқа халықтармен сол биік арқылы араласамыз».

Демек, бұл күндері дербес мемлекетке айналып, жеріміздің байлығымен кеңдігі төрткүл дүниені тандандыра бастаған біздің – Қазақ елінің, қала берді бүкіл түркі әлемінің рухани-көркемдік және пәлсапалық дүниетанымын әлем жұртшылығына осыдан жарты ғасыр бұрын-ақ Мұхтар Омарханұлы Әуезов өзінің ұлы шығармасы «Абай» эпопеясы арқылы қойыпты.

Иә, Әуезовтің рухани әлемі оның Ташкент қаласында шығатын «Алаш» газетінің бетінде 1917 жылдың 30 наурызында жарық көрген «Қазақтың өзгеше мінездері» атты тұңғыш мақаласынан бастап, 1961 жылдың маусымында ауруханада операция күтіп жатып, қаламдас інілеріне арнап жазған соңғы хаттарына дейін бір-бірінен бөліп-жіктеуге болмайтын біртұтас рухани дүние.

Тек алғашқы мақалаларында даналық көрігінде ерте қайнаған албырт жас кеудесін кернеген ойды ірке алмай, халқына бағыттаған, елінің келешегін бағамдаған асыл ойларын ашық білдірсе, кейін осы ойларды жұртқа жеткізудің әміршіл-әкімшіл жүйенің қырағы көзіне шалынбайтындай ұтымды әдістерін шебер таба білген. Ал, нәтижесінде Әуезовтің сол ойлары біздің – қазақ зиялыларының, барша шығыс жұртының осы уақытқа дейінгі рухани дамуының темірқазығына, бүкіл педагогикалық, пәлсапалық, әдебикөркемдік ізденістеріміздің негізгі бағыттарына айналып келді. Осы пікірдің ақиқаттығына көз жеткізу үшін Әуезов мұрасына қайта бір көз жүгіртіп көрелікші.

Әр адамның туып-өскен елі, жасынан жаттап өскен ғадеті, нанымы, тұрмыс қалпы сол адамның ақыл, мінезіне із қалдырмай тұрмайды, – деп жазды Мұхтар Омарханұлы өзінің 1918 жылы жарық көрген «Өліп таусылу қаупі» деген мақаласында. – Бұл қалдырған із көңілге кіріп, ерікті билеп, әр адамға өзінің елін сүйгізіп, елдігін іздетеді. Елдікке келген қауіпке оқыған, оқымаған бірдей күйініп қарсысына бірдей шығады. Елдігі аман қалуы үшін екінің бірі бейнетке, өлімге, я түрлі басқа қазаға шыдап кететінін тарих жүзінен көріп отырмыз».

Қазақ қоғамтанушылары Мұхаң сілтеген осы тақырыпты тереңірек зерттеуге талай рет талпыныс жасады, бірақ қос өкпеден қысқан саяси-идеологиялық құрсау ұзақ жылдар бойы бұл бағыттағы зерттеу жұмыстарының адымын аштырмағаны ақиқат. Тек соңғы жылдары ғана ұлтымыздың өзіне тән дәстүрлі дүниетанымын саралауды шыңдап

алған жайымыз бар. Бұл жұмыстың еліміздегі оқу-ағарту жүйесін де мүлде жаңа сатыға көтеріп, тың көк көкжиекке бастары анық. Халқымыздың ынтымағын жарастырып, егемен мемлекетіміздің іргетасын нығайтатын, сөйтіп, тәуелсіз елімізді әлемдік өркениет айдынына алып шығатын ақ желкен де, тіпті түбінде осы бүкіл казақстандықтарға ортақ дүниетаным, ортақ діл болуға тиіс.

«Абай уақытында өліктің артын күту, қаралы болу, бата оқу, аза салу, ас беру сияқты әдеттер қандай еді? Осылар туралы тағы да айрықша уақиғаларды жазып алу қажет. Сол кездегі құда түсу, кит кию, ұрын бару, қыз ұзату, ілу жасау, жора, ырым-жырым қандай, – оның да көп суретін Абай жанасқан фактілермен мысал қып жазып алуға болады...

Онан сон қыстау, көктеу, жайлау, күздеу бар. Осындағы мал баққан көшпелі шаруаның не түрлі өзгешелік мерзім машығы, тәжірибе тәртібі бар, – оларын да мысалдармен жазу керек.

Осыған жалғас сол кездегі қазақтын ауа райын, жыл реңін білудегі, жұт-жалаң турасындағы тәжірибелерін де жазу керек. Отамалы, сәуір, қыркүйек, құралай, тоғам, сүмбіле сияқты ай, күн мерзімдерін де ескеру қажет. Күзем, отар, күйек, соғым, неше алуан науқан жәйлі жазылса, – ол да керек...

Қысы-жазы киетін қысқы киімдер қандай, әйел не киеді, бала киімі немене, – бұл да тегіс керек. Тіпті, ер-тұрман, қару-сайман, жылқының таңбасы, қойдың ені, үй-ішінің ою кестесі – бұлар да кажет...

Мұндайларды білу арқылы Абайдан көп өлеңінің қазіргі буынға, келер буынға түсініксіз, көмескі көрінетін ерекшеліктерін де жақсы таныр едік».

1940 жылы жазылған бұл мақала тек «Абай жайын зерттеушілерге» айтылған кеңес емес-ті, бұл – ұзамай дүниені дүр сілкіндірер Абай романының, қазақтын көркем және әлеуметтік энциклопедиясының ақ қағазға түскен алғашқы тұжырымдамасы болатын.

«...Шекспирдің Гамлетіне, Гетенің Фаустына қазақ өз елінде болған, заман шерін айтқан Асан Қайғыны, толғау айтқан Бұқар жырауды айырбастар ма екен?». Рас, бір заманда осының бәрін қазақ та өзгелердей ұғатын болар. Бірақ елді сол заманға жеткізетін, сол санаға шейін жеткізіп апаратын өз өнері болады».

Ұлттық қоғамдық ой, онын ішінде көркемдік танымның даму механизмі отандық пәлсапа ілімінде әлі зерттелмеген мәселе. Ал, Мұхтар Омарханұлының сонау өткен ғасырдың жиырмасыншы жылдың соңында айтқан бұл пікірі қазіргі біздің – кәсіпқой қоғамтанушылардың алдында тұрған күрделі мәселені қозғап отыр. Шынымен-ақ, қазіргі өскелең ұрпақ әлемдік өркениеттің үздік туындыларынан рухани ләззат алудың орнына, арзан-қол дүниелерді қызықтауға неге әуес. Мұның себебі: біз өз замандастарымызды әлемдік құндылықтар қайнарына, Әуезовше айтсақ, соларды түсінетін санаға Асан Қайғы мен Бұқар жырау жырлары арқылы жеткізе алмай отырмыз. Біздің қазіргі өнер маңында жүрген коммарсент-ұйымдастырушыларымыз да, кейбір әсіреқызыл суретшілеріміз бен киногерлеріміз де, тіпті бірен-саран қаламгерлеріміз де Әуезов айтқан әлгі ақиқаттан хабарсыз қалпында, әр түрлі ағымдарға еліктеудің соңында жүр. Мейлі еліктей берсін, бірақ мұндай еліктеудің талайына куә болған әлем жұртшылығына жаңа қазақ көзқамандарының күлдібадам туындылары таңсық емес, оларды қызықтырса дәстүрлі мәдениетіміздең тамыр тартатын шынайы да бірегей өнеріміз қызықтырар. Ұлы Мұхаңның жоғарыдағы өрен туралы пікірінің астарынан осындай әлеуметтік ой түйіп, болашақ ғылыми-ағартушылық жұмысымызды басшылыққа алсақ жарар еді.

Кең даламызда шашылып жатқан ауыз әдебиетінің үлгілерін жинап-теріп, ерінбей-жалықпай жүйелеп, абайтану мен қазақ фольклоры ғылымының негізін қалап кеткен де Мұхтар Әуезов екенін баршамыз білеміз. Бірақ, ұлы Әуезовтің халықтың ауыз әдебиетіне қатты қызығуы,

фольклористикаға осыншама ден қоюы тар филологиялық шеңберге сыймайды десем, әдебиетші әріптестерім маған ренжи қоймас.

Қазақ халқының және шығыс жұртының рухани әлемін жалпыадамзаттық мәдениетке жалғастыру Мұхтар Әуезовтің өмірлік мұраты болып өткені акиқат. 1952 жылы қырғыздың «Манас» эпосын зерттеуге арналған ғылыми конференцияны тағы бір есімізге алайықшы. Мұхтар Омарханұлы бауырлас елдің ұлы мұрасын солақай саясатшылардан қорғай келіп, өзінің сөзін «бұл шығарманы әлемдік әдебиеттің інжу-маржандары қатарына қосуымыз қажет» – деп аяқтамаушы ма еді?!

Ал, күні бүгінге дейін әдебиетшілеріміз тек қазаққа ғана тән деп жүрген айтыс өнеріміз туралы мұхаң былай деп жазады: «Айтыс жанры замандарда бір қазақ емес, дүние жүзіндегі көп елдердің тарихында болған... Мысалы, арабта жәрмеңкелерге жиналған ақындардын айтысқан жарыс өлеңдері қағазға жазылып, көпшілік оқуына, сынауына қолайлы етіп, жәрмеңке ортасына ілініп койылатын болған. Ол айтыс өлеңдерін арабтар мұғалламат деген, сол алуандес айтыс өлең Батыс Еуропаның орта ғасырында: келттерде – фильдер деген ақындарды туғызған. Францияда труверлер, орталық Еуропадағы мейстерзингирлер және Скандинавия елдерінде болған «эдалаларда» жырлайтын скальділер – бәрі де айтысқа жүйрік ақындар».

Мұхтар Әуезовтің бұл ғылыми тұжырымынан әлемдік мәдениет тарихынан салыстыру әдісі арқылы өз халқының төл мәдениетіне жақын нышандар іздеу сарынын аңғару қиын емес.

Рухани жақындық бүкіладамзаттық татулыққа жеткізетін төте жол екенін ғұлама Әуезов ерте білген. Сондықтан да ол алыстағы ағылшынның Шекспирі мен Американың Джек Лондонын қазақ топырағына алып келді, грузиннің Шота Руставелиі мен үндінің Рабиндрант Тагорын асқан құрметпен асқақтата жазды, орыстың Толстойы мен

Достоевскийін кейінгі ұрпақтарына үлгі етті. Ал, Низами мен Науаидан бастап, бүгінгі Шыңғыс Айтматовқа дейінгі түрік, жұртының ұлыларына деген құрметі мен бауырластық сезімін бәріміз де жақсы білеміз.

Өз ұлтының дәстүрлі дүниетанымы мен төл мәдениетінің адамзаттың өркениет дүрмегінде жойылып кетуіне жан-тәнімен қарсы болған Әуезов әлемдік әдебиет пен өнердегі әрбір жаңалыққа зер салып, елеулі табысқа жан-тәнімен қуана да білген. Бұл да ұлылықтың бір белгісі.

Табиғатынан зорлық пен әділетсіздікке жаны төзбейтін Әуезов өз ұлтын жан-тәнімен жақсы көру, төл мәдениетін жанын салып қорғау мен жалпы-адамзаттық гуманизмнің арасында қарама-қайшылық жоқ деп білген. Керісінше, көзі тірісінде нигилизм мен жаңаша көзқаманға жаны түршіге қарсы болған ғұлама ойшыл өзінің барша рухани мұрасы арқылы шынайы гуманизмге және жалпыадамзаттық келісімге жетудің жолы туған халқының дәстүрлі мәдениетін белсенді игеру арқылы жететінін дәлелдеп кетті.

Мұхтар Әуезов тек нигилизм мен көзқаманды ғана емес, әлеуметтік енжарлықты да ұлттық және жалпыадамзат өркениетінің қас жауы деп білген. Оның шығармашылығындағы ұлттық пен жалпыадамзаттық құндылықтардың арақатынасы біздер үшін тереңірек зерттеуді кажет ететін келелі мәселе.

Әрбір сөзі жылдар белесін көктей өтіп, үнемі санаңда жаңғырып тұратын Әуезовтей рухани көсемі бар халықтың қоғамдық ойы қалғитын ба еді, қалғыған жоқ. Мен тек мақаланың қысқалығынан Әуезовтің тікелей дәрісін тыңдап, Әуезов рухымен ер жеткен ғұлама ұстаздың аманатын арқалап, бүгінгі қоғамымыз бен ғылымымыздағы, мәдениетіміз бен әдебиетіміздегі барша ауыр жүкті өз иықтарымен көтеріп келе жатқан өз замандастарымның еңбектеріне тоқталмадым. Айтарым: ЮНЕСКО-ның қолдауымен дүние жүзі назар тігіп отырған бүгінгі егемен еліміздің Мұхтар Әуезовтің рухани мұрасын ешкімге

жалтақтамай, алғаш рет жаңаша танытып отырған бүгінгі салтанатты мерейтойдан соң төл қоғамдық ойымызда, әлемдік өркениетте тағы бір тың серпіліс болары хақ.

Лайым, солай болғай!...

Егемен Қазақстан. – 30 қыркүйек, 1997.

АКАДЕМИК Ә. НЫСАНБАЕВТЫҢ ЖАРИЯЛАҒАН ЕҢБЕКТЕРІНІҢ ТІЗІМІ

I. Жеке монографиялар

1. Диалектика и современная математика. – Алма-Ата: Казахстан, 1982.

2. Диалектико-логические принципы построения теории. – Алма-Ата: Наука КССР, 1973.

3. Адам және ашық қоғам. – Человек и открытое общество. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1998.

4. Қазақстан. Демократия. Рухани жаңару. – Казахстан. Демократия. Духовное обновление. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1999.

5. 15 лет независимости Казахстана: становление нового общественного сознания. – Алматы, 2006.

6. Жаһандану және Қазақстанның орнықты дамуы. – Глобализация и устойчивое развитие Казахстана. – Алматы, 2002.

7. Независимость. Демократия. Гуманизм. – Алматы, 2006. (1-ая книга).

8. Тәуелсіздік. Демократия. Гуманизм. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2011. (2-ші кітап).

9. Философия взаимопонимания. – Алматы: Главная редакция «Қазақ энциклопедиясы», 2011.

10. Тәуелсіз Қазақстанның құндылықтар әлемі. – Алматы, 2011.

11. Қазақ халқының рухани-құндылықтық әлемі. – Алматы, 2015.

12. Глобализация и проблемы межкультурного диалога. – Алматы, 2004 (в 2-х томах).

13. The spiritual inheritance and Social transformation in Kazakhstan. – Almaty, 2002.

II. Ұжымдық монографиялар

1. Развитие познания и математика. – Алма-Ата: Казахстан, 1971 (соавт. Г.Г. Шляхин).

2. Между мифом и разумом: из опыта духовных исканий XX века. – Алма-Ата: Казахстан, 1991 (соавт.: Ф.М. Сулейманов).

3. Философский анализ науки в контексте социокультурной трансформации общества. – Алматы, 1995 (соавт.: А.Г. Косиченко, Р.К. Кадыржанов).

4. Наследие аль-Фараби и современная философия взаимопонимания. – Алматы, 2011 (соавт.: Г.К. Курмангалиева, Г.Г. Соловьева, Н.Л. Сейтахметова).

5. Категориально-логические структуры и ценностно-смысловая архитектоника философской онтологии. Кн. 1. Метафизика всеединства: конструктивные принципы и личностный смысл. – Алматы, 2010 (соавт.: В.Ю. Дунаев, В.Д. Курганская).

6. Категориально-логические структуры и ценностно-смысловая архитектоника философской онтологии. Кн 2. Онтологические начала социальной эпистемологии. – Алматы, 2010 (соавт.: В.Ю. Дунаев, В.Д. Курганская).

7. Эволюция политической системы Казахстана. – Алматы: Главная редакция «Қазақ энциклопедиясы», 2001. В 2-х томах (соавт.: М. Машан, Ж. Мурзалин, А. Тулегулов).

8. Генезис категориального аппарата науки. – Алма-Ата: «Наука» КазССР, 1990 (соавт.: А.Г. Косиченко, Р.К. Кадыржанов и др.).

9. Логико-гносеологический анализ науки. – Алма-Ата: Гылым, 1990 (соавт.: Ж.М. Абдильдин, А.Г. Косиченко, М.С. Орынбеков и др.).

10. Принцип противоречия в современной науке. – Алма-Ата: «Наука» КазССР, 1975 (соавт.: М.И. Баканидзе, Г.А. Югай, М.С. Сабитов, Г. Тасмагамбетов).

11. Роль принципа конкретности в современной науке. – Алма-Ата: «Наука» КазССР, 1976 (соавт. Ж.М. Абдильдин, Т.Х. Рыскалиев, М.С. Сабитов и др.).

12. Оценка политических рисков: принципы и инструментарий. – Алматы, 2008 (соавт.: В.Ю. Дунаев, В.Д. Курганская).

13. Евразийская концепция Льва Гумилева и современность. – Астана, 2012 (соавт.: С.Ю. Колчигин, Г.Г. Соловьева, Б.М. Сатершинов и др.).

14. Тюркская философия: десять вопросов и ответов. – Алматы, 2006 (соавт.: Н. Аюпов).

15. Евразийство в XXI веке: проблемы и перспективы. – Алматы, 2009 (соавт.: С.Ю. Колчигин, Г.Г. Соловьева, Б.М. Сатершинов, С.Е. Нурмуратов и др.).

16. Соотношение содержательного и формального в научном познании. – Алма-Ата: «Наука» КазССР, 1978 (соавт.: Ж.М. Абдильдин, С.Н Мареев и др.).

17. Философия в контексте глобализации. – Алматы, 2009 (соавт.: А.Г. Косиченко, А.Н. Чумаков, В.А. Лекторский и др.).

18. Казахстан в условиях глобализации: философско-политический анализ. – Алматы, 2006 (соавт.: О.В. Нечипоренко, С.Ю. Колчигин, А.Г. Косиченко и др.).

19. Общенациональная идея Казахстана: опыт философско-политологического анализа. – Алматы, 2006 (соавт.: Р. Кадыржанов, М. Ашимбаев, А. Шоманов и др.).

20. В 1985–1987 годах нами подготовлены и изданы труды по «Диалектической логике» в 4-х томах.

21. Казахстан в глобальном мире: вызовы и сохранение идентичности. – Алматы, 2011 (соавт.: Д.Д. Ешпанова, А.А. Нысанбаев, А.Г. Косиченко и др.).

22. Қазақ философиясы тарихы (Ежелгі дәуірден қазіргі заманға дейін). – Алматы, 2014. 1 және 2 томдар (бірлескен авт.: С.Е. Нұрмұратов, Г.Г. Барлыбаева, Қ.Ұ. Әлжан, тағы басқалар).

23. On the role of philosophy in the Dialogue of cultures of the EAST and the West. – Almaty, 2009.

24. Управление рисками в сфере внутренней политики Республики Казахстан. – Алматы, 2014 (соавт.: А.Г. Косиченко).

25. Формирование толерантного сознания в современном казахстанском обществе. – Алматы, 2009 (соавт.: А.Б. Капышев, Н.К. Сейтахметов, М.З. Изотов и др.).

26. Жаһандану жағдайындағы шетел қазақтарының құндылықтық әлемінің жаңаруы. – Алматы, 2014 (бірлескен авторлар ұжымы).

27. Религия в политике и культуре современного Казахстана. – Алматы, 2004 (соавт.: А.И. Артемьев, С.Ю. Колчигин, А.Г. Косиченко и др.).

28. Этнокультурные традиции в духовном наследии М.О. Ауэзова. – Алматы, 1997 (соавт.: А. Тайжанов).

29. Проблемы истории и методологии научного познания. – Москва, 1974.

III.Шетелдік басылымдар

1. Россия и Казахстан в XXI веке: опыт модернизационных реформ. –Новосибирск, 2005 (соавт.: О.В. Нечипоренко).

2. Нурсултан Назарбаеў: Казахстан – тэрыторыя мíру і 3 годы Мíнск. «Выдавецкі цэнтр БПУ», 2007 (соавт. Г. Малíнíн).

3. Қазақ философиясы. ECO Cultural institute (ESI), Tehran, 2002.

4. Kazakhstan: Cultural interitance and Social Transformation. Washington, 2004.

5. Kazak türklügünü Aydinlatanlara Nysanbayev"in Bakişi. Hazirlayan Prof. Dr. Sadik Tural. Ankara, 1999.

6. Kazak türklerinin Felsefesi. Ankara, 2002.

IV. «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша басылымдар

1. «Ежелгі дәуірден қазіргі кезеңге дейінгі қазақ халқының философиялық мұрасы» 20 том.

2. «Әлемдік философиялық мұра» 20 том.

3. «Әл-Фараби шығармалар жинағы» 10 том.

V. Оқулықтар мен оқу құралдары

1. Философия. – Алматы: Рауан, 1991. Жоғары оқу орындары студенттеріне арналған алғашқы оқулық. (Авторлар ұжымы).

2. Шығыс философиясы. – Алматы: «Жазушы» баспасы, 2009. Оқу құралы. (Авторлар ұжымы).

3. Батыс философиясы. – Алматы: «Жазушы» баспасы, 2009. Оқу құралы. (Авторлар ұжымы).

4. Политология. – Алматы, 1998. Вузовский учебник. (Авт. колл.).

5. Социология. – Алматы, 2009. Оқулық. (Авторлар ұжымы).

6. Ұлттық тәуелсіздік және қазақ философиясы. – Алматы, 2011. Студенттерге арналған оқу құралы (авторлар ұжымы).

7. Ғылым тарихы және философиясы. – Алматы, 2013. Оқу құралы.

8. Қысқаша философия тарихы. – Алматы, 1999. (Т. Әбжанов).

9. Адам. Қоғам. Құқық. – Алматы: Мектеп, 2014. 10 сыныпқа арналған. (Авторлар ұжымы).

10. Человек. Общество. Право. – Алматы: Мектеп, 2014. (Авт. колл.).

11. Ой. Ақыл. Адамгершілік. – Алматы: Білім, 1994. Оқу құралы. (Т. Әбжанов).

VI. Академик Ә. Нысанбаев шығармашылығы жайлы кітаптар

1. Радость жизни и познания. – Алматы, 2007.

2. Соловьева Г., Колчигин С. «Абдумалик Нысанбаев» в серии «Жизнь замечательных людей». – Астана: Елорда, 2001.

3. Зарубежная оценка трудов академика А.Н. Нысанбаева. – Алматы, 2014.

4. Тұлға. Таным. Шығармашылық. – Алматы, 2007.

5. Идеи. Концепты. Судьбы. Институту философии и политологии – 50. – Алматы, 2008.

6. Философия. Наука. Общество. – Алматы: «Ақыл кітабы», 1997.

7. Абдумалик Нысанбаевич Нысанбаев. – Алматы: «Ғылым», 1997.

8. Әбдімәлік Нысанбайұлы Нысанбаев. – Алматы, 2007.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің Философия, саясаттану және дінтану институты туралы мәлімет

Институт 1999 жылдың ақпан айында 1958 жылы ашылған Философия және құқық институтының және 1991 жылғы Философия институтының негізінде құрылды. Ол 2012 жылдың мамыр айында ҚР Үкіметінің қаулысымен Философия, саясаттану және дінтану институты болып қайта аталды.

Институттың мемлекеттік ғылыми-зерттеу мекеме ретіндегі негізгі міндеттері қазіргі қазақстандық қоғамның зияткерлік және рухани-адамгершілік әлеуетін дамытуға бағытталған философиялық-дүниетанымдық, философиялық-әдіснамалық, саясаттанулық, дінтанулық және әлеуметтанулық зерттеулер жүргізу болып табылады.

Бүгінде Философия, саясаттану және дінтану институты жоғары кәсіби ғылыми-зерттеу орталығы болып табылады. Институт оның құрылымын айқындайтын үш басты бағыт бойынша жұмыс істейді: философия, саясаттану және дінтану. Онда ҚР ҰҒА 1 академигі, 2 корреспондент мүшесі, 19 ғылым докторы, 6 ғылым кандидаты, 4 PhD докторы, 7 PhD докторанты ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысады. әл-Фараби атындағы ҚазҰУмен бірлесе отырып «Ғылым Ордасы» негізінде Ғылыми-зерттеу институттарында ғылыми кадрларды даярлауда жобасы бойынша 5 PhD докторанты және 5 магистрант білім алуда.

Институтта 2015-2017 жылдарға арналған гранттық қаржыландыру аясында «Еліміздің зияткерлік әлеуеті» басымдылығы бойынша 5 ғылыми-зерттеу жобасы орындалуда. «Халық тарих толқынында» бағдарламасы бойынша жұмыстар жүргізілуде, сонымен қатар «Тәуелсіз Қазақстанның құндылықтары және идеалдары» («Қазақстан-2050 Стратегиясы» атты зерттеулердің Тақырыптық жоспары ауқымында) бағдарламасы аясында зерттеулер жүргізілуде.

Институт қызметкерлері саясат, ғылым, білім беру, мәдениет, дін, қазақ және әлемдік философия мәселелері бойынша моно-

графиялар мен ғылыми мақалалар жариялайды. Институт қызметкерлерінің ғылыми жарияланымдары таяу және алыс шетелдердің ғылыми рейтингтік басылымдарында сұранысқа ие.

Институт «Мәдени мұра» бағдарламасының шеңберінде «Шығыс Аристотелі» – әл-Фарабидің шығармалар жинағын (10 том), «Әлемдік философиялық мұраны» (20 том), «Қазақ халқының философиялық мұрасын» (20 том) шығарды.

Институт ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған екі журнал шығарады: «Адам әлемі» (1999 жылдан бері) және «Әл-Фараби» (2003 жылдан бері). Қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі Институттың өз сайты бар (www.iph.kz).

Институт үнемі халықаралық ғылыми конференциялар, дөңгелек үстелдер, семинарлар, пікірталас алаңдарын өткізіп тұрады. Бұл іс-шараларға қазақстандық және шетелдік ғалымдар қатысады. Институт Ресейдің, Беларустің, Әзірбайжанның, Қырғызстанның, Қытайдың, Германияның, АҚШ-ң, Түркияның, Иранның, Өзбекстанның, Тәжікстанның және басқа да елдердің ғылыми-зерттеу орталықтарымен тығыз ынтымақтастық орнатқан.

Философия, саясаттану және дінтану институтының базасында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Абай атындағы ҚазҰПУ және т.б. жетекші қазақстандық жоғары оқу орындарының магистранттары мен PhD докоранттары тағылымдама мен зерттеу тәжірибесін өткізеді.

Институтта қызметкерлердің кәсіби және ғылыми тұрғыда өсуі үшін барлық қажетті жағдайлар жасалған.

Философия, саясаттану және дінтану институты туралы анағұрлым кең ақпаратты мына мекен-жайдан алуға болады:

Қазақстан Республикасы, 050010, Алматы,
Құрманғазы көшесі, 29 (3 қабат)
Тел.: +7 (727) 272-59-10
Факс: +7 (727) 272-59-10
E-mail: iph@iph.kz
http://www.iph.kz

Информация об Институте философии, политологии и религиоведения Комитета науки Министерства образования и науки Республики Казахстан

Институт был образован в феврале 1999 г. на базе созданного в 1958 г. Института философии и права, преобразованного в 1991 г. в Институт философии. В мае 2012 г. постановлением Правительства он был переименован в Институт философии, политологии и религиоведения.

Основной задачей Института как государственного научно-исследовательского учреждения является проведение философско-мировоззренческих, философско-методологических, политологических, религиоведческих и социологических исследований, направленных на развитие интеллектуального и духовно-нравственного потенциала современного казахстанского общества.

Сегодня Институт философии, политологии и религиоведения является высокопрофессиональным научно-исследовательским центром. Институт работает по трем ключевым направлениям, определяющим его структуру: философия, политология и религиоведение. Здесь проводят научные исследования 1 академик, 2 члена-корреспондента НАН РК, 19 докторов и 6 кандидатов наук, 4 доктора PhD, 7 докторантов PhD. По проекту подготовки научных кадров на базе научно-исследовательских институтов «Ғылым ордасы» совместно с КазНУ им. аль-Фараби обучаются 5 докторантов PhD и 5 магистрантов.

В Институте выполняется 5 научно-исследовательских проектов в рамках грантового финансирования на 2015–2017 годы по приоритету «Интеллектуальный потенциал страны», ведется работа в рамках программы «Народ в потоке истории», также проводятся исследования в рамках программы «Ценности и идеалы независимого Казахстана» (в рамках реализации Тематического плана исследований «Стратегия «Казахстан-2050»).

Сотрудниками издаются монографии и научные статьи по вопросам политики, науки, образования, культуры, религии,

казахской и мировой философии. Научные публикации сотрудников Института востребованы в научных рейтинговых изданиях ближнего и дальнего зарубежья.

В рамках программы «Культурное наследие» Институтом изданы собрание сочинений «Аристотеля Востока» – аль-Фараби (10 томов), «Мировое философское наследие» (20 томов), а также «Философское наследие казахского народа» (20 томов).

Издаются два журнала: «Адам әлемі» (с 1999 г.) и «Аль-Фараби» (с 2003 г.), рекомендованных Комитетом по контролю в сфере образования и науки МОН РК. Институт располагает собственным сайтом (www.iph.kz) на трех языках: казахском, русском и английском.

Институт регулярно проводит международные научные конференции, «круглые столы», семинары, дискуссионные «площадки», в которых принимают участие казахстанские и зарубежные ученые. Институт тесно сотрудничает с крупнейшими научно-исследовательскими центрами России, Белоруссии, Азербайджана, Кыргызстана, Китая, Германии, США, Турции, Ирана, Узбекистана, Таджикистана и других стран.

На базе Института философии, политологии и религиоведения проходят стажировку и исследовательскую практику магистранты и докторанты PhD ведущих казахстанских высших учебных заведений, таких, как КазНУ им. аль-Фараби, КазНПУ им. Абая и др.

В Институте созданы все необходимые условия для профессиональной работы и научного роста сотрудников.

Более подробную информацию об Институте философии, политологии и религиоведения можно получить по адресу:

Республика Казахстан, 050010
Алматы, ул. Курмангазы, 29 (3 этаж)
Тел.: +7 (727) 272-59-10
Факс: +7 (727) 272-59-10
E-mail: iph@iph.kz
http://www.iph.kz

Information about the Institute for Philosophy, Political Science and Religion Studies of Science Committee of the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan

The Institute was established in February 1999 on the base of established in 1958 the Institute for Philosophy and Law, and the Institute for Philosophy in 1991. By the Decree of Kazakhstan Government in 31 May, 2012, Institute was renamed to Institute for Philosophy, Political Science and Religion Studies.

The main objectives of the Institute as a public research institution are conducting of philosophicalworld outlook, philosophical-methodological, political studies, religion studies and sociological studies aimed at social-cultural and socialpolitical development and strengthening the independence of Republic of Kazakhstan, development its intellectual and spiritual-moral potential.

Institute of Philosophy, Political Science and Religion Studies is a highly skilled scientific research center. Institute has a three key directions that define its structure: philosophy, political science and religion studies. Currently, scientific research works is conducted by 1 academician, 2 correspondent member of the National Academy of Science of RK, 19 doctors of science, 6 candidates of science, 4 PhD doctor in Political Science, 7 PhD. On the project of preparation of scientific shots on the basis of research institutes «Gylym Ordasy» together with al-Farabi Kazakh National University trains 5 doctoral candidates of PhD and 5 undergraduates.

At Institute 5 research projects within grant financing for 2015-2017 on a priority «Intellectual potential of the country» are carried out, work within the «People in a History Stream» program is conducted, researches within the «Values and Ideals of Independent Kazakhstan» program are also conducted (within implementation of the Thematic plan of researches «Strategy «Kazakhstan-2050»).

Institute employees publish the monographies and articles on important issues of politics, science, education, religion, culture, Kazakh and world philosophy, etc. The quality of scientific publications

of the Institute is determined by the demand for scientific articles in rating' journals of near and far abroad.

Under the «Cultural Heritage» State Program ten-volume collection of works called «Aristotle of the East» – al-Farabi, twenty volumes «World philosophical heritage», twenty volumes «The Philosophical Heritage of the Kazakh nation», and other books were published by the Institute.

Institute publishes two magazines: «Adam alemi» and «Al-Farabi» recommended by the Committee for Control of Education and Science of RK that been published since 1999 and 2003. The Institute has its own website (www.iph.kz) in three languages: Kazakh, Russian and English.

Institute of Philosophy, Political Science and Religion Studies science regularly organizes international scientific conferences, seminars, «round tables», where not only leading Kazakhstani political scientists and philosophers, but also many scientists from foreign countries are participants. Institute has cooperation with scientific-research centers of Russia, China, Germany, the USA, Turkey, France, the Great Britain, Iran, Azerbaijan, Uzbekistan, Tajikistan, Kyrgyzstan, Belarus and others.

Undergraduate Master's degree and Doctorate students from leading Kazakh universities, such Al-Farabi KazNU, Abai KazNPU and others are conducting their research work and are trained at the Institute for Philosophy, Political Science and Religion Studies.

The Institute has created all necessary conditions for professional and scientific development of employees.

More detailed information about the Institute for Philosophy, Political Science and Religion Studies can be found at:

Kurmangazy Street, 29 (3rd floor)
Almaty, 050010, Republic of Kazakhstan
Phone: +7 (727) 272-59-10
Fax: +7 (727) 272-59-10
E-mail: iph@iph.kz

Ғылыми басылым

Нысанбаев Әбдімәлік Нысанбайұлы

ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНЫҢ
РУХАНИ-ҚҰНДЫЛЫҚТЫҚ ӘЛЕМІ

Редактор: ***Ж.Б. Ошақбаева***

Мұқабаның дизайнын жасаған және беттеген: ***Ж.А. Рахметова***

Басуға қол қойылды 23.02.2015. Пішімі 60/84$^{1}/_{16}$
Шартты баспа табағы 11,12. Офсеттік басылым.

«ИП Волкова Н.А.» баспасында басылды.
Алматы қ., Райымбек даңғ., 212/1.